

# ЕМБІ КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ ӨМІРІН ҰЗАРТА

жылдық есеп 2020





# МАЗМҰНЫ

Директорлар Кеңесі  
төрағасының жолдауы

14-бет

Басқарма төрағасының  
жолдауы

16-бет

01

Компания бағдары

02

Даму стратегиясы

20-бет

28-бет



03

Менеджмент  
есебі

04

Корпоративтік  
басқару

05

Тұрақты даму саласындағы  
қызмет туралы есеп

06

Қосымша.  
Қаржылық есептілік

34-бет

46-бет

64-бет

100-бет




# НЕГІЗГІ


## 2020

# КӨРСЕТКІШТЕР


### Түсім (млн теңге)




### Капиталды салымдар (млн теңге)



### Мұнай өндіру (мың тонна)



### Ілеспе мұнай газды өндіру (мың м³)



## 2020 ЖЫЛ

# 2<sup>601</sup>



МҰНАЙ ӨНДІРІЛДІ 2020

мың тонна

# 244<sup>707</sup>



ТҮСІМ 2020

# 34<sup>008</sup>




КАПИТАЛДЫ САЛЫМДАР

млн теңге


### Лифтинг (мұнай+газ)




### Экспортқа шикі мұнайды өткізу көлемі (мың тонна)



### Ішкі нарыққа шикі мұнайды өткізу көлемі (мың тонна)



### Газды өткізу көлемі (мың м³)



### МҰНАЙДЫ ӨТКІЗУ КӨЛЕМІ

1 663



ЭКСПОРТҚА

мың тонна

927



ІШКІ НАРЫҚҚА

мың тонна

29 011



ЛИФТИНГ

теңге/тонна

# НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



«EmbiMunayGas» АҚ-да жұмыс беруші мен жұмысшылар тарапынан кәсіподақ комитетінің өзара келісімімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрылды. Кеңестің алғашқы отырысында құрамы бекітіліп, техникалық инспекторлардың кандидатуралары бойынша одақтың ұсыныстары қаралды.



Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай компанияның зейнеткерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету бағдарламасы шеңберінде кәсіпорын зейнеткерлері - Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне - **200** мыңнан **500** мың теңгеге дейін, тыл еңбеккерлеріне - **30** мыңнан **50** мың теңгеге дейін, интернационалист-жауынгерлерге – **50** АЕК дейін төлемдерді ұлғайту туралы шешім қабылдады.



Emбіліктер өз қаражаттары есебінен су тасқынынан зардап шеккен Түркістан облысы Мақтарал ауданы тұрғындарына гуманитарлық көмек көрсету үшін 4 миллионға жуық қаражат жинады.



«Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің Гран кен орнында ұзындығы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ компаниялар тобы бойынша ең ұзын ұңғыма саналатын (1 км-ге жуық) горизонталды ұңғыма бұрғыланды.



С.Нұржанов кен орнының бұрғыланбаған бөлігіндегі триас шөгінділерінде 3252-3265 м тереңдікте жаңа өнімді горизонт анықталды. НСВ-11 бағалау ұңғымасын бұрғылау қорытындысы бойынша 9 мм штуцерде тәулігіне 165 м<sup>3</sup> дебитпен сусыз мұнай бұрқағы алынды (мұнайдың үлес салмағы – 0,836 г/см<sup>3</sup>; газ факторы – 105 м<sup>3</sup>/м<sup>3</sup>).



«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов бастаған үкіметтік делегацияның қатысуымен өткен Атырау облысындағы эпидемиологиялық жағдай жөніндегі жиынға қатысты. Жиын барысында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Е.Тоғжанов ЕМГ-нің төтенше жағдай мен карантин режим кезінде қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жұмысына оң баға берді.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесі қарсаңында Атырау облысының әкімі Махамбет ДОСМҰХАМБЕТОВ Covid-19 пандемиясымен күреске қосқан үлесі үшін «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржанға «Халық алғысы» медалін табыс етті.



ЕМГ-нің «Мұнайшы қыз» клубының бастамасымен ембіліктер карантиндік оқшаулауға алынған медицина мамандары мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін қолдау үшін 1 миллионнан астам теңге қаражат жинады.

# НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



«Nur Otan» «Жайықмұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармаларындағы бастауыш партия ұйымдарының бастамасымен мұнайшылар Атырау облысының Исатай, Қызылқоға аудандарындағы әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға қамқорлық шараларын жасады.



ЕМГ акт залында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Қ.Т.САҚТАҒАНОВТЫҢ қатысуымен «Сапарларды басқару» пилоттық жобасының таныстырылымы өтті. Жиын барысында пандемия кезіндегі қажырлы еңбегі үшін Компанияның үздік жүргізушілері марапатталды.



2020 жылдың желтоқсанында Ресейдің, Қазақстанның және Әзірбайжанның мұнай-газ компанияларының Еуразиялық экологиялық ақпараттың ашықтығы рейтингісінің онлайн-конференциясы өтті. Рейтинг қорытындылары бойынша ҚМГ ҰК еншілес ұйымдарының арасында ЕМГ екінші жыл қатарынан екінші орын алып отыр. Рейтинг жария кеңістікте тұрған компаниялардың қызметі туралы деректерге негізделген.



2020 жылы ЕМГ мүмкіндігі шектеулі 7 мың балаға сыйлық сатып алуға Атырау облысының әкімдігіне 70 млн теңге бөлді.



ҚР Тәуелсіздігі күні қарсаңында Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты Нұрғалиқызы ТАСМАҒАМБЕТОВА «Құрмет» орденімен марапатталды. «Құрмет» ордені азаматтарға экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беруді дамытуға сіңірген еңбегі үшін, мемлекеттік органдардағы үлгілі қызметі және белсенді әлеуметтік қызметі үшін беріледі.



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай өткен салтанатты жиын барысында бірқатар ембілік қызметкер жұмыстағы жоғары көрсеткіштері мен Компанияның қоғамдық өміріне белсене араласқаны үшін түрлі марапаттарға ие болды. Ең жоғарғы мемлекеттік награданың бірі – III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Терең-Өзек мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру операторы Демеген Жолдасов марапатталды. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығы Ғабатолла ШАНАЕВ ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медаліне ие болды. KAZENERGY Ассоциациясының медалі «Қайнармұнайгаз» МГӨБ қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Гүлшат САМАЛИКОВАҒА табысталды.



Ембіліктер өз еріктерімен жинаған 1,1 миллион теңгеге мамандандырылған балалар үйінің, «Шаңырақ» облыстық отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйінің, Атырау балаларды оңалту орталығының, Психологиялық дамуы кешеуілдеген балаларға арналған Бөбекжай-бақшасының, «Қазақ соқырлар қоғамы» ҚБ-ның балаларына жаңажылдық сыйлықтар алынып, таратылды.




ЕМГ Атырау облысының әкімдігіне 274 медицина қызметкеріне, оның ішінде төрт қайтыс болған дәрігердің отбасыларына көмек үшін 60 млн теңге бөлдi.



# СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ:

## ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУҒА АҚЦЕНТ ЖАСАУ

ЕМГ өз стратегиялық мақсаттарына жету үшін технологиялық инновациялардың ауқымды тізбесін енгізуде. Бұл – Компанияның ұзақ мерзімді перспективадағы тұрақты дамуының басым бағыты. Қызметкерлердің еңбек өнімділігін арттырудың және шығындарды азайтудың арқасында жоғары тиімділікті және бизнестің ашықтығын қамтамасыз ететін озық шешімдерді әзірлеу және қолдау жүргізілуде.





# ӨНДІРІСТІК ҮДЕРІСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ

Негізгі және қосалқы бизнес-үдерістерді жүзеге асырылып жатқан автоматтандыру, сондай-ақ цифрлық технологияларды енгізу еңбек өнімділігін және өндірістегі қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.


Осы саладағы негізгі бастамалардың бірі «Ембімұнайгаз» АҚ басқа кен орындарына тарата отырып, «Зияткерлік кен орны» жобасын іске асыру болып табылады.

«Интеллектуалды кен алаңы» сынамалы жобасын «Ембімұнайгаз» АҚ кен орнында іске асырған және оң нәтижеге жеткен соң жүйені Компанияның басқа кен орындарына кеңейту туралы шешім қабылданды. «Интеллектуалды кен алаңы» жобасын кеңейтуге кейіннен келіп жатқан ақпаратты нақты уақыт режимінде Компанияның Өндірістік үдерістерді визуалдау орталығына шығара отырып, шашыраңқы жүйелерді мұнай өндіруді оңтайландыру бойынша жедел шешімдерді мониторингтеу, талдау және қабылдау үшін біріктіру жатады.

2020 жылы келесі модульдерді: мұнай жинауды және дайындауды, ұңғыма жөндеуді, өндіруді мониторингтеуді, мұнай тасымалдауды және тапсыруды, өндіруді әзірлей отырып, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Шығыс Молдабек кен орнында «Интеллектуалды кен алаңы» жүйесін кеңейту бойынша жұмыс жүргізілді.

Жобаны іске асыру келесі көрсеткіштерге жету үшін ТҰАБЖ өндірістік жүйелерімен интеграциялауды жүргізуге мүмкіндік береді:

- ұңғыма жабдықтарының технологиялық параметрлерін қашықтан бақылау және басқару;
- ұңғыма жабдықтарының жұмысын оңтайландырудың есебінен жөндеуаралық кезеңді (ЖАК) көбейту;
- ұңғыманың жұмыс режимдерінің ауытқуын уақтылы анықтау;
- ұңғыма жұмысындағы оқыс жағдайларға орай жедел әрекет ету;
- қызмет көрсетуші персоналдың жұмыс жағдайларын жақсарту және жеңілдету;
- ұңғымалар жұмысын оңтайландыру бойынша талдауларды жүргізуге арналған автоматтандырылған есептілік;
- өндіріс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғаудың жоғары деңгейіне кепілдік беру.



GPS

## КӨЛІКТІ МОНИТОРИНГТЕУ

Wialon жерсеріктік мониторингтеу жүйесі ағымды уақыт режимінде кешенді талдаманы және соңғы пайдаланушыларға арналған есептілікті қоса алғанда, көлікті мониторингтеуге мүмкіндік береді.

## ГЕОАҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ

Корпоративті Геоақпараттық Жүйе (КГАЗ) барлық нысандар бойынша деректерді сақтауға мүмкіндік береді, яғни, тұрақты негізде жолдарды, тау-кен, жер телімдерін және т.б. қоса алғанда, барлық өндірістік нысандар, ғимараттар және құрылыстар бойынша ақпаратты көкейкесті ету жүзеге асырылады.

GIS

Мұнайды тасымалдау және өткізу

## МҰНАЙДЫ АЙДАУДЫ МОНИТОРИНГТЕУ

Ұңғыма өнімін айдауды мониторингтеу бойынша блок онлайн режимінде есептеу тораптарынан шикі мұнайды өткізуге мүмкіндік береді.



# СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ:

## ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУҒА АҚЦЕНТ ЖАСАУ

### № 78 ұңғыма

ГРАН КЕН ОРНЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша  
ең ұзын ұңғыма.

Судың конус түзуін болдырмау және арттыру  
мақсатында салынған.

**30** (т/тәул)  
Жоспарлы мұнай дебиті

12.11.2020 жылғы  
НАҚТЫ ДЕБИТ

**33,9**

Мұнай бойынша  
айырмашылық

\* ТІК ҰҢҒЫМАЛАРДЫҢ  
ДЕБИТІ:

**27** қс

**5** қм

**72%**

ТІК БОЙЫНША  
**520 м**

**45** қс  
**38,9** қм  
**0,6%**

Қс сұйықтығының жинақталған өндірімі

Қм мұнайдың жинақталған өндірімі

% – суланғандық

\*Дебиттерді салыстыру үшін мақсатты көкжиекке (немесе  
мақсатты көкжиекпен бірге) жұмыс істейтін көршілес тік  
ұңғымалардың орташаланған мәндері қабылданды.



# ГОРИЗОНТАЛДЫ БҰРҒЫЛАУ

Соңғы жылдары «Ембімұнайгаз» АҚ өз кен орындарында көлденең бұрғылауды белсенді енгізді. Бұл технология игеру шегі көп жылдар бұрын өтіп кеткен Ембі кен орындарының қиын қазылатын мұнай қорларын шығаруға мүмкіндік береді.

Технологиялық ұңғымаларды бұрғылаудың артықшылықтары көп және ол көптеген тік ұңғымаларды бір оқпанға ауыстыруға мүмкіндік береді. Бұл технологияда қоршаған ортаға тасталатын зиянды заттар көлемі едәуір азаяды. Сондай-ақ кен орындарының «өмір сүру» мерзімі игеруге қиындықпен шығарылатын қорларды игеруге тарту арқылы ұзартылады.

Соңғы жылдардың өзінде мұнайлы Ембі кен орындарында 14 көлденең ұңғыма бұрғыланды. Олардың ішінде соңғы бұрғыланған Гран кен орнындағы («Жайықмұнайгаз» МГӨБ) ұңғыманың көлденең учаскесінің ұзындығы 1 км құрайды. Бұл «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша ең ұзақ ұңғыма болып табылады.

Ембі кен орындарындағы көлденең ұңғымаларды бұрғылаудың тиімділігі дәлелденген. Олардың өнімділігі тік ұңғымалардан 8-10 есе жоғары. Сондықтан, 2021 жылы тек қана көлденең тәсілмен бұрғылау жоспарланып отыр.

вертикалды ұңғымаларға қарағанда

**8–10**  
ЕСЕ ӨНІМДІ

2020 ЖЫЛЫ

**9** көлденең тәсілмен  
ҰҢҒЫМА  
БҰРҒЫЛАНҒАН

**1607** м

ҰҢҒЫМАНЫҢ ОҚПАН БОЙЫНША  
НАҚТЫ ТЕРЕҢДІГІ

**941** м

КӨЛДЕНЕҢ УЧАСКЕНІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ



# СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ:

## ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУҒА АҚЦЕНТ ЖАСАУ




### ӨНДІРУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Жөндеуаралық кезең (ЖАК) мерзімдерін көбейту мақсатында Компания жұмыстарды ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін іске асырады (құрал-жабдықтарды, құрал-саймандарды жалдау қызметтерін иелену, жөндеу жүргізу және т. б.). Одан басқа, ЕМГ мұнай-кәсіпшілік жабдықтарды жаңарту және мұнай дайындау сапасын арттыру бағдарламаларын іске асырады.

Атап айтқанда, сорғы-компрессорлық құбырларды (СКҚ) уақытша пайдалануға беру және СКҚ жөндеу бойынша қызметтерді сатып алу АЕК көбейтуге, айналымдағы СКҚ сапалы қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтамасыз етуге, шығындарды оңтайландыруға және қоймадағы қалдықтарды азайтуға мүмкіндік береді.

Құбыршекті сорғылармен (ҚШС) жабдықталған ұңғымалар қоры бойынша жөндеуаралық кезең көрсеткіштері 2019 жылғы 333 тәуліктен 2020 жылғы 394 тәулікке дейін жоғарылады. Бұл өсімге «ПКСМ Қазақстан» ЖШС-мен ҚШС тереңдік сорғыларына қызмет көрсету және оларды уақытша пайдалануға беру туралы ұзақ мерзімді шарт өз елестірілімін тигізді. Осы Шарттың аясында әрбір нақты ұңғыма және өндіру кезіндегі проблемалар (құмның шығуы, газ факторының жоғары болуы, АШПТ және т. б.) үшін сорғы таңдаудың жеке тәсілі жүргізіледі. Бұл ұңғымалардың жұмысына, сондай-ақ жөндеуаралық кезеңді көбейтуге оң әсерін тигізеді.





# ӨНДІРІСТІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖӘНЕ МҰНАЙСЕРВИС ҚЫЗМЕТТЕРІН ДАМУ

Компания мұнайсервистік қызметтерді көрсетудің жаңа тәсілдерін енгізуде. Бұл ресурстарды босатуға және негізгі қызмет бағыттарын дамытуға фокусты сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Осы стратегиялық бағыт бойынша маңыздысы арнайы техника паркін жаңарту және автокөлік құралдарын аутсорсингке ауыстыру бағдарламасын іске асыру болып табылады. Бағдарлама тозған және моральдық ескірген арнайы техника бірліктерін жаңартуға, технологиялық жабдықтарды жақсартуға және көлік қызметтерін көрсету деңгейін арттыруға бағытталған.

2017 жылы арнайы техниканы жаңарту жоспары бекітілді. МГӨБ үшін жаңа арнайы техника сатып алынды, арнайы техниканың тұрып қалуы және жөнделуі азайды. Соңғы 3 жылдың ішінде 131 бірлік жаңа арнайы техника, соның ішінде 2020 жылы 21 бірлік, оған қоса КАМАЗ негізіндегі 7 АЦН бірлігі, TEREX негізіндегі 2 АН агрегаты, TEREX негізіндегі ЛС-6 2 бірлігі, АСЦ-320 3 бірлігі және КАМАЗ негізіндегі ППУА – 1600/100 1 бірлігі әкелінді.

Одан басқа, көліктік қамтамасыз ету бойынша операциялық шығындарды оңтайландыруға бағытталған көліктік қамтамасыз етуді автоматтандыру жобасын іске асыру жүргізілуде.

2020 жылдың қыркүйегінде Компанияның кен орнында еңбекті қорғау және автокөлікті қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтау саласындағы барлық параметрлерге сай келген автокөлікті жаңа GPS-мониторингтеу жүйесін әзірлеуден құралатын «Сапарларды басқару» жобасы басталды.

«CITYPOINT» бағдарламалық қамсыздандырудың негізіндегі жобаның аясында ЕМГ-да қолданылатын автокөліктерді бақылау жүйесінің цифрлық функционалы кеңейтілуде. Жылдамдық режиміне, жорыққа, қауіпсіздік белдігіне, белгіленген маршрутқа бақылау, қозғалтқыш жұмысын (жүргізушілердің жұмыс істеу және демалу режимін) бақылау қамтамасыз етіледі. Негізгі күтілетін тиімділіктері – ЖКО санының азаюы, көліктердің жұмыс ресурсының артуы және автокөлік құралдарының тоқтап қалуы мен техникалық қызмет көрсетуіне шығындардың азаюы.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



**Жақып МАРАБАЕВ**

## Құрметті серіктестер және әріптестер!

Сіздерге «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының 2020 жыл ішіндегі қызметінің нәтижесімен танысуды ұсынамыз. Ол COVID-19 пандемиясының әсерінен және жыл ортасында мұнай бағасының арзандауынан екі есе қысымды бастан кешірген дүниежүзілік мұнай-газ саласы үшін екі есе күрделі болды.

Осы біз келеңсіз факторларға қарамастан, мұнайлы Ембі Компания миссиясы мен құндылықтарының шегінде алға қойылған міндеттерге жету міндетін сәтті атқарды. ОПЕК+ келісімінің шегінде және кейбір кен орындарында газ факторының өсу жағдайларында мұнай өндіру бойынша шектеулерді ескере отырып, өндірістік көрсеткіштер ойдағыдай орындалды.

Жыл қорытындылары бойынша Компания 18,4 млрд теңге мөлшерінде ақша ағынын тудырып, оң қаржы теңгерімін қамтамасыз етті. Ембімұнайгаз республикалық және жергілікті бюджеттерге 98,2 млрд теңге салық төлеп, еліміздің ең ірі салық төлеушілері рейтингіндегі көшбасшылық позицияларын сақтап қалды.

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында қол жеткізілген нәтижелер ерекше мақтануға тұрарлық. Даму стратегиясында ең басты құндылық ретінде өз жұмыскерлерінің өмірі мен денсаулығы деп жария еткен Компания соңғы жылдардың ішінде өндірісте қауіпсіздік мәдениетін арттыру бойынша тұрақты оң динамиканы көрсетіп келеді. Қатарынан үш жыл бойы жұмыскерлердің өлім-жітімі бойынша нөлдік көрсеткіштер сақталып тұр. Өндірістік жарақаттанушылық жағдайлары және жол-көлік оқиғаларының саны еселеп алғанда бестен бірге дейін азайды.

Отандық табиғатты пайдаланушы болып табылатын Компания бірқатар кен орындарында газды кәдеге жарату бойынша техникалық шешімдерді енгізгенге дейін мұнай мен газ өндіруді шектеп қойды. 2020 жылы Компания екінші жыл қатарынан ҚР Энергетика министрлігінің жолдауымен және Орталық Азиядағы БҰҰ Қоршаған орта



**«Ембімұнайгаз» республикалық және жергілікті бюджеттерге 98,2 млрд теңге салық төлеп, еліміздің ең ірі салық төлеушілері рейтингісіндегі көшбасшылық позицияларын сақтап қалды.**

жөніндегі бағдарламасымен бірлесе отырып, Ресей Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF) мен «КРЕОН» тобы ұйымдастырған экологиялық жауапкершілік саласындағы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ компаниялар тобы бойынша Қазақстанның мұнай-газ компанияларының ашықтық рейтингісінде екінші орынға ие болды.

Әрине, COVID-19 пандемиясы жұмыс орындарында және вахталық ауылдарда жұмыскерлердің қауіпсіздігін ұйымдастыруға елеулі өзгерістерді енгізді. Пандемия басталғалы бері Компанияда коронавирустық инфекцияға қарсы күрес жөніндегі орталық штаб және Компанияның барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде соған ұқсас штабтар құрылды, және олар енгізілген төтенше жағдай режимі және одан кейінгі карантиндік шектеулер жағдайларында басқару жөніндегі жедел жұмыс орғандарына айналды.

Компанияда мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтер ұйғарған эпидемияға қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданды – вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлер үшін ПТР-тестілеуден және 7-күндік карантиннен құралатын жұмыс орындарына бару алгоритмдерін бұлжытпай сақтау, барлық өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық объектілер мен автокөліктерді залалсыздандыру бойынша барлық санитарлық талаптарды орындау, инфекция жұқтырған вахтаны алмастыратын резервтік бригадаларды құру, вахта ұзақтығын 14 күннен 28 күнге дейін созу және тағы басқалар. Қабылданған кешенді шаралардың арқасында пандемия Компанияның өндірістік қызметіне әсер тигізген жоқ. 2020 жылы инфекция жұқтырған 480 қызметкердің барлығы жазылып шықты. Компанияда COVID-19 ауруынан қайтыс болу жағдайлары тіркелген жоқ.

Былтыр Компания стратегиялық бағыттағы жұмысын ойдағыдай жалғастырды, яғни тұрақты және ұзақ мерзімді дамуды қамтамасыз ету үшін ресурстық базаны арттырды. Геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша 9 мм штуцерде дебиті 165 м³/тәул сусыз мұнайдың бұрқақты ағыны шығарып алынған С. Нұржанов кен орнындағы (солтүстік-батыс қанаты) триас түзілімдерінде жаңа өнімді көкжиек анықталды.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ Гран кен орнында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ компаниялар тобы бойынша оқпанының көлденең бөлігі 941 метрлік ең ұзақ көлденең ұңғыма бұрғыланды.

Келеңсіз экономикалық жағдайға қарамастан Компания аса қажетті медициналық жабдықтар мен дәрі-дәрмектерді сатып алуға 500 млн теңгеден астам қаржы аудару арқылы Атырау облысының халқына қолдау көрсетті. Оған қоса, 130 млн теңге медицина қызметкерлеріне материалдық көмек көрсетуге және Жаңа жыл қарсаңында мүмкіндіктері шектеулі балаларға сыйлық алуға жұмсалды.

Ағымдағы жылы Компания бірінші кезекте тұрған – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ң 2020–2021 жылдарға арналған дағдарысқа қарсы шаралар мен алдағы 5 жылға бекітілген бизнес-жоспардың аясында белгіленген операциялық тиімділікті арттыру міндетін іске асыруды жалғастырады.

Ағымдағы жылға арналған басқа басым міндеттердің арасында – қолданыстағы кен орындарын қосымша барлау бойынша жұмыстарды жалғастыру және кейбір кен орындары топтарында газ факторының өсуімен байланысты мәселелерді шешу де бар.

Қиындықтарға қарамастан мұнайлы Ембінің 2022 жылғы жүзжылдық мерейтойына өзінің ерекше де табысты жолын жалғастыратынына сенімдімін!

Құрметпен,

**Жақып МАРБАЕВ**

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар Кеңесінің төрағасы,  
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ  
Басқарма төрағасының барлау және  
өндіру жөніндегі  
орынбасары

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



**Есен ҚАЙРЖАН**

## Құрметті әріптестер!

2020 жыл біздің Компаниямыз және дүниежүзілік мұнай-газ саласы үшін оңай болған жоқ. Пандемия және мұнай бағасының арзандауы өндірістік жоспарларға, операциялық нәтижелерге, бизнес-үдерістерге, Компания қызметкерлерінің жұмыс кестесі мен режиміне елеулі әсер тигізді.

Штаттан тыс жағдайларда жұмыс істеу қажеттігіне қарамастан, «EmbiMunayGas» АҚ келген жылдан оң нәтижемен шықты. 2020 жылы 2 600 633 тонна мұнай және 216 млн 814 мың текше метр ілеспе газ өндірілді. Түзетілген мұнай өндіру жоспары 388 тоннаға, ілеспе газ шығару бойынша 1 млн 21 мың текше метрге асыра орындалды.

2020 жылға арналған мұнай өндіру бойынша 2 млн 820 мың тонна көлеміндегі бастапқы жоспар ОПЕК+ келісімінің аясындағы шектеулерді ескере отырып және Прорва мен Новобогат кен орындары топтарында газ факторының өсу жағдайларында азаю жағына қарай түзетілді.

Пандемия барлау мақсатында бұрғылаудың жылдық көлемінің орындалуына әсер тигізді. Сонымен бірге пайдалану барлауы бойынша жоспар асыра орындалды. Пандемиямен байланысты ұйымдастырудағы қиындықтарға қарамастан, қосымша мұнай өндірілген жаңа ұңғымалар сәтті енгізілді. Жөндеуаралық кезең 320 күннен 386 күнге дейін яғни, 66 күнге көбейді. Ұңғымаларды күрделі жөндеудің және қосымша аттырудың арқасында қосымша мұнай өндіру қамтамасыз етілді.

Компанияның көбінесе өнім өндірудің соңғы сатысындағы кен орындарын игеретін басым міндеттерінің бірі ресурстық базаны өсіру болып табылады. Есепті жылы геологиялық барлау жұмыстары бағдарламасын іске асырудың нәтижесінде барланып жатқан С. Нұржанов кен орнының (солтүстік-батыс қанаты) бұрғыланбаған бөлігінде триас түзілімдерінде жаңа өнімді көкжиек табылды. НСВ-11 баға-



## *Пандемиямен байланысты ұйымдастырудағы қиындықтарға қарамастан, қосымша мұнай өндірілген жаңа ұңғымалар сәтті енгізілді.*

лау ұңғымасын бұрғылаудың қорытындылары бойынша 9 мм штуцерде дебиті 165 м³/тәул құрайтын сусыз мұнайдың бұрқақты ағыны шығарып алынды.

Есепті кезеңнің ішінде ҚР Пайдалы қазбалар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы Шығыс Мақат, Оңтүстік-Шығыс Қамысты, Уаз, Шығыс Уаз және С. Нұржанов (солтүстік-батыс қанаты) кен орындары бойынша мұнай мен газ қорларының өзгерістері бекітілді. Шығарылатын мұнай қорларының өсімі жоспар бойынша 3,0 млн тонна бола тұра, 4,6 млн тоннаны құрады, дәлелденген қорларды толықтыру коэффициенті 179%-ға жетті.

2021 жылдың басындағы жағдай бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ балансында А+В+С1 (геол/шың) санаттары бойынша 481,1 / 87,7 млн тонна қалдықтық мұнай қорлары бар 46 кен орны бар. Кен орындары қорларының орташа өнімділігі 70%-ды құрайды.

Соңғы жылдары Компания өз кен орындарында көлденең бұрғылауды белсенді түрде енгізіп жатыр. Көлденең ұңғымаларды бұрғылаудың артықшылықтары көп және көптеген тік ұңғымаларды бір оқланға ауыстыруға мүмкіндік береді. Осы технологияда қоршаған ортаға зиянды шығарындылар көлемі айтарлықтай азаяды және игеруге қиындықпен шығарылатын мұнай қорларын тарту арқылы кен орындарының «өмірі» ұзартылады. Ембі кен орындарында көлденең ұңғымаларды бұрғылау тиімділігі тік ұңғымаларға қарағанда 8-10 есе жоғары. Сондықтан, 2021 жылы Компания 21 ұңғыманы, оның ішінде 7 тік және 14 көлденең ұңғыманы бұрғылауды жоспарлап отыр.

2021 жылдың басына қарай мұнайлы Ембі кен орындарында барлығы 14 горизонталды ұңғыма бұрғыланды. Олардың ішінде Гран кен орнында («Жайықмұнайгаз» МГӨБ) соңғы бұрғыланған ұңғыманың көлденең учаскесінің

ұзындығы 1 км құрайды. Бұл «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша ең ұзын ұңғыма болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай, былтырғы жылы Компания толығымен пандемия жағдайында жұмыс істеді. 2020 жылдың наурызынан бастап желтоқсанына дейін «Ембімұнайгаз» АҚ орталық штабы 34 отырыс өткізіп, 84 мәселені қарады. Компанияда эпидемияға қарсы іс-шараларды қамтамасыз етумен байланысты барлық іс-шараларды іске асыру үшін біздің жұмыскерлеріміздің өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мақсатында 2020 жылы 4 млрд 900 миллион теңгеге шарттар жасасу туралы шешімдер қабылданды. Бұл қаржы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтер ұйғарған эпидемияға қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге – вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлер үшін ПТР-тестілеуден және 7-күндік карантиннен құралатын жұмыс орындарына баруға рұқсат ету алгоритмін ұйымдастыруға, қызметкерлерді жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету және барлық өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық объектілер мен автокөліктерді залалсыздандыру бойынша барлық санитарлық талаптарды орындауға, инфекция жұқтырған вахтаны алмастыратын резервтік бригадаларды құруға, вахтаны 14 күннен 28 күнге дейін созуға, вахта кезеңінің ұзаруына байланысты үстеме жұмыс үшін мұнайшыларға ақы төлеуге және тағы басқаларға жұмсалды.

Пандемия және мердігерлік компаниялардың кеңсеге және ЕМГ кен орындарына кірудің шектелуі жағдайларында 2020 жылдың басынан бастап орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюдың электрондық жүйесі жедел түрде енгізілді. Бұл жүйе мердігерлік мекемелердің орындайтын барлық жұмыстарын дер кезінде рәсімдеуге және есеп жүйесінде көрсетуге мүмкіндік берді.

2020 жылы барлығы 21 мың 724 ПТР-тест өткізілді. Компания шегінде қабылданған барлық шаралар пандемия басталғаннан кейінгі 2 айдан астам уақыт бойы Теңіз кен орнының жұмыскерлерінің жаппай инфекция жұқтыруының нәтижесінде Жылыой ауданында жағдай өршігенге дейін өз объектілерімізде эпидемиологиялық тұрақтылықты сақтап тұруға мүмкіндік берді.

Былырғы әдеттен тыс жұмыс жағдайларына қарамастан, Компания бойынша өндірістік жарақаттанушылық деңгейінің едәуір азайғанын айтқым келеді. Өлім-жітім бойынша нөлдік көрсеткішті бірнеше жыл бойы қатарынан сақтап келеміз. Жазатайым оқиғалардың саны 5-уден 1-ге дейін азайды. Сонымен қатар, жол-көлік оқиғаларының саны 5-ден 1 дейін еселі азайды. Компания үшін бұл көрсеткіштер – біздің дұрыс бағытта жылжып бара жатқанымызды және қызметкерлеріміздің өз отбасыларына аман-есен оралып жатқанын дәлелдейтін ең үздік жетістіктер!

Жүйелі, соның ішінде былырғы қыркүйектен бастап енгізіліп жатқан «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Цифрлық трансформациялау – «Сапарларды басқару» бағдарламасының және кен орындарында арнайы техниканы тиімді басқару бағдарламасының аясындағы жобалардың есебінен жасалып жатқан жұмыстың нәтижесінде де ЖКО санын айтарлықтай кеміте алдық.

«Сапарларды басқару» жобасының аясында кен орындарында автокөліктерді қауіпсіз жүргізудің жылдамдық режимін бақылау, жүрісті бақылау, қауіпсіздік белдігін бақылау сияқты негізгі көрсеткіштер анықталды. Сонымен қатар кәсіпшілдік жолдарының ішінде (40 км/сағ шектеулер) және кен орнының ішіндегі асфальт жолдарда (60 км/сағ шектеулер) жылдамдық геоаймақтары қойылды. Жыл қорытындылары бойынша қолданыстағы GPS трекерлері-

не Компанияның 419 бірлік автокөліктерін «Сити Пойнт» ең соңғы үлгідегі жүйесіне қоса аяқталды. 2021 жылы осы жүйеге мердігерлік компаниялардың қызметтік автокөлігін қосу жоспарланып отыр.

Арнайы техниканы басқаруды көздейтін екінші жоба бойынша Компанияның автокөлік құралдары мен арнайы техникасының түрлері мен жұмыс ұзақтығы көрсетілген бағдарлама әзірленді. Барлық цехтар және ПСП учаскелері өндірістік блок мамандарымен бірлесіп өз өндірістік жоспарларына және басқа да жұмыстарына сәйкес автокөліктер мен арнайы техникаға өз қажеттіліктерін анықтады. Осы жұмыстардың қорытындылары бойынша арнайы техниканы пайдалану тиімділігін арттыратын және біздің қызметкерлеріміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шешімдер қабылданды.

Былырғы жыл қазақстандықтар және Атырау облысының тұрғындары үшін әсіресе ауыр болды. Сондықтан экономикалық жағдайдың тұрақсыз болуына қарамастан Компания Атырау облысының әкімдігіне қолдан келгенше көмек көрсетті. Компания бөлген 500 млн теңге көлеміндегі қаражат COVID-19 пандемиясы басталғалы бері «Birgemiz-Atyrau» Қоғамдық қорына дәрілік препараттарды сатып алуға, Атырау облыстық ауруханасына медициналық құрал-жабдықтарды (ӨЖЖ арналған оттегі концентраторын сатып алу, ота жасау блоктарын, жансақтау бөлімін, диализдік орталықтарды, провизорлық бөлімшелерді жабдықтау бойынша емдік газбен қамсыздандыру жүйесін жүргізу) сатып алуға, басқа да осы сияқты мақсаттарға, Жылыой аудандық ауруханасына үшін жеке қорғану құралдарын сатып алуға, Атырау қ. Береке шағын ауданындағы карантиндік стационарларды тұрмыстық техникамен және гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге жұмсалды. Оған қосымша, Исатай, Мақат, Жылыой және Қызылқоға



*Ембі кен орындарында горизонталды ұңғымаларды бұрғылау тиімділігі тік ұңғымаларға қарағанда 8–10 есе жоғары. Сондықтан, 2021 жылы Компания 21 ұңғыманы, оның ішінде 7 вертикалды және 14 горизонталды ұңғыманы бұрғылауды жоспарлап отыр.*

аудандарының әкімдіктеріне блок-посттарды ұйымдастыруға, залалсыздандыру жұмыстарын жүргізуге және әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетуге қолдау жасалды.

Сондай-ақ, ембіліктер еріктілер ретінде 1 миллион теңге жинап, оны карантинге оқшауланған медицина қызметкерлері мен полиция қызметкерлеріне мекенжайлары бойынша көмек көрсетуге жұмсалды. Сонымен бірге, «Nur Otan» партиясының бастауыш партиялық ұйымдарының бастамасы бойынша «Жайықмұнайгаз» және «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында мұнайшылар Атырау облысы Исатай және Қызылқоға аудандарының әлеуметтік аз қамтылған отбасыларына көмек көрсетті.

Сонымен қатар, компания 2020 жылы Атырау облыстық әкімдігіне мүмкіндіктері шектеулі 7 мың 300 балаға сыйлық алуға және 274 медицина қызметкерлеріне, соның ішінде қайтыс болған төрт дәрігердің отбасыларына материалдық көмек көрсетуге 130 млн теңге бөлді.

Дәстүр бойынша Ембі ұжымы Компанияның бастамасына қосылып, ерікті негізде жиналған 1,1 миллион теңге көлеміндегі қаражатқа мамандандырылған балалар үйінің, «Шаңырақ» облыстық отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйінің, Атырау балаларды оңалту орталығының, Психологиялық дамуы кешеуілдеген балаларға арналған Бөбекжай-бақшасының, «Қазақ соқырлар қоғамы» ҚБ-ның балаларына жаңажылдық сыйлықтар алынып, таратылды.

Осы бір қиын-қыстау кезеңде қабылданған шешімдер дағдарысты жағдайларда алға қойылған міндеттерін ойдағыдай орындап отырған Компанияның тұрақтылығын тағы бір рет дәлелдеп отыр.

2021 жылы алдымызға шешуді талап етіп отырған бүтіндей бір кешен міндет қойылып отыр. Ең алдымен, бұл Прорва және Новобогат кен орындары топтары бойынша газ факторының өсуімен байланысты мәселелерді шешу, қолданыстағы кен орындарын толық барлау бойынша жұмыстарды жалғастыру, С. Нұржанов (солтүстік-батыс қанаты) және Солтүстік Уаз кен орындарында өндіру кезеңіне көшу болып табылады. Біз өндірістің тиімділігін арттыру мақсатында оның барлық кезеңдерінде ауыстыруды/оңтайландыруды/жаңартуды талап ететін тар жолдарды анықтау бойынша жұмысты жалғастырамыз. Сондай-ақ жөндеуаралық, тазартуаралық кезеңдер және т. б. сияқты негізгі өндірістік көрсеткіштерді жоғарылата отырып, өндірістік шығындарды азайту үшін әртүрлі іс-шараларды енгізу жалғастырылады.

Кәсіби топ-менеджерлер командасының және білікті персоналдың жалғасып жатқан пандемияға қарамастан, ағымдағы жылы Компанияның операциялық тиімділігін арттыру және қойылған мақсаттарға жету үшін бар күшін салатынына сенімдімін!

Құрметпен,

**Есен ҚАЙРЖАН**

«Ембімұнайгаз» АҚ  
Басқарма төрағасы

# КОМПАНИЯ БАҒДАРЫ



*«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Компания немесе Қоғам) Қазақстан Республикасында 2012 жылдың 27 ақпанында, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҚМГ БӨ) Директорлар кеңесінің ҚМГ БӨ өндірістік филиалдарының негізінде жаңа еншілес ұйымдарды құру туралы шешімінің нәтижесінде құрылды. Компания өзінің өндірістік қызметін 2012 жылдың 1 қазанынан бастап, ҚМГ БӨ көмірсутекті шикізатты өндіру және барлау жөніндегі шарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқықтарын және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалының активтері мен міндеттемелерін алғаннан кейін жүзеге асыра бастады.*

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ (ҚМГ ҰК) «Ембімұнайгаз» АҚ «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ акциялар пакетінің 100 % сенімді басқарушысы болып табылады. ҚМГ ҰК Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекет мүдделерін танытады және толықтай өз кезегінде толықтай Қазақстан Республикасы Үкіметінің (Үкімет) жекеменшігі болып табылатын «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (Самұрық-Қазына ҰӘҚ) толық жекеменшігі болып табылады.


«Ембімұнайгаз» АҚ көмірсутек шикізатын сатып алумен, барлаумен, өндірумен, әзірлеумен, экспорттаумен айналысады. Компанияның негізгі операциялық мұнай-газ қызметі Қазақстан Республикасының Атырау облысында орналасқан мұнай-газ активтерінде жүзеге асырылады.

Компанияның құрамына кірген мұнай кен орындарын игеру тарихы 100 жылдан асады. Компания ресми тарихы 1922 жылдан – Доссор және Мақат кен орындарын игеру мақсатында «Ембімұнай» трестін құру мезетінен бастап есептеледі.

Компания өндірген мұнайды экспортқа және ішкі нарыққа жеткізеді. Ішкі нарықта мұнай ҚР мұнай өңдеу зауыттарына жеткізіледі. Экспортқа мұнай екі негізгі бағыттар бойынша жеткізіледі: Каспий құбыр консорциумы (КҚК) және Өзен – Атырау – Самара (ӨАС). Тауарлық газды сату ҚР газ және газбен қамту саласындағы Ұлттық операторы – «ҚазТрансГаз» АҚ арқылы жүзеге асырылады.

«Ембімұнайгаз» АҚ құрамына Атырау қаласында және Атырау облысының төрт ауданында орналасқан алты өндірістік құрылымдық бөлімше кіреді: «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз», «Ембімұнайэнерго» басқармасы және «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасы» (ӨТҚЖЖК).

01.01.2021 ж. жағдай бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ балансында А+В+С1 (геол/шығ) санаттары бойынша мұнайдың қалдық қорлары 481,1/87,7 млн тоннаны құрайтын 46 кен орны есептелген. Кен орындарының қорларын шығарып алудың орташа көрсеткіші 70 % құрайды.





## Компанияның артықшылықтары



**Пайдаланудың соңғы кезеңінде кен орындарындағы жұмыс тәжірибесі.**  
Ұзақ уақыт бойы Компания, кен орындарының сарқылғандығына қарамастан, жете барлау есебінен ресурстық базаны қолдап отыр.



**Тұрақты қаржылық жағдай.**



**Ынтымақты ұжым.**  
Компания басшылығы мен жұмыскерлерінің арасындағы сенім және өзара түсіністік.



**Тиімді географиялық орналасуы.**  
Компания өз қызметін жаңа мұнай және газ кен орындарын ашу әлеуеті жоғары (ҚР бойынша КСШ ресурстарының шамамен 65%) және мұнай тасымалдау инфрақұрылымы дамыған Каспий маңы ойпатында жүргізеді.

# БИЗНЕС

## МОДЕЛЬ

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

### БІЗДІҢ

#### КАПИТАЛДАРЫМЫЗ

##### ҚАРЖЫЛЫҚ КАПИТАЛ

АКТИВТЕР

**354.6**

МЛРД ТЕҢГЕ

КАПИТАЛ

**278.7**

МЛРД ТЕҢГЕ

ТҮСІМ

**244.7**

МЛРД ТЕҢГЕ

##### ТӘЖІРИБЕЛІ ПЕРСОНАЛ

**4 764**

ҚЫЗМЕТКЕР

**20**

– дан  
астам отбасылық  
ӘУЛЕТ

##### ӨНДІРІСТІК КАПИТАЛ

**46**

кен орны

Жер қойнауын  
пайдалану туралы

**8**

келісімшарт

**2,6** млн

ТОННА мұнай

Орташа жылдық  
өндірім

**87,7** млн

ТОННА  
мұнай (ABC1)

НЕМЕСЕ **35**

МЛН ТОННА  
мұнай (2P)

Қорлардың жалпы  
көлемі

##### ТИІМДІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНАЛАСУЫ

Мұнай және газ кен орындарын ашу әлеуеті жоғары (ҚР бойынша КСШ ресурстарының шамамен 65%) және мұнай тасымалдау инфрақұрылымы дамыған Каспий маңы ойпатында жүргізіледі.

## СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР ҮШІН ҚҰНДЫЛЫҚ ҚҰРУ

##### АКЦИОНЕР

МҰНАЙ ӨНДІРУ

**2 601**

МЫҢ ТОННА

CAPEX

**34** млрд

ТЕҢГЕ

##### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖҰМЫСКЕРЛЕРГЕ  
ТӨЛЕНГЕН ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР

**1,25** млрд теңге

ЖЫЛДЫҚ ЕҢБЕКАҚЫ  
ҚОРЫ

**43,3** млрд  
теңге

##### МЕМЛЕКЕТ

БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ КТС  
БАСҚА САЛЫҚТАР

**58,8** млрд  
теңге

БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ  
ТАБЫС САЛЫҒЫ

**3** млрд  
теңге

ҚАУІПСІЗДІКТІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШЫҒЫСТАРЫ

**1,3** млрд теңге

БІР ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ШАҚҚАНДА ОҚУ  
САФАТТАРЫНЫҢ ОРТАША САНЫ

**11,9**  
сағат



## СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР


**41,85** (35% төмендеген)  
Brent орташа бағасы (DTD)

**7,5%** (2.25 п.т. өскен)  
Инфляция деңгейі – Қазақстан (%)

**412,95** (8% көбейген)  
Орташа айырбастау бағамы  
(теңге 1 АҚШ доллары үшін)

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ МОДЕЛЬ

Миссиясы | Пайымы | Құндылықтары



## ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР

ПАНДЕМИЯ КЕЗЕҢІНДЕ АТЫРАУ  
ОБЛЫСЫ ТҰРғындарын Қолдау

**551** млн теңге

**ISO 50001**  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

ЛАСТАҒЫШ ЗАТТАРДЫҢ ҮЛЕСТІК  
ЖАЛПЫ ШЫҒАРЫНДЫСЫ  
ӨНДІРІЛГЕН КСШ БІР ТОННАСЫНА ШАҚҚАНДА  
**1,26** ТОННА ЗВ ҚҰРАЙДЫ

ІЛЕСПЕ ГАЗДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУДЫҢ  
**90%-дық** деңгейі

САТЫП АЛУЛАРДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ  
ҚАМТУ ҮЛЕСІ  
**90%**

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШІ  
**0,043** т.ш.о/тн.

# БИЗНЕС-ҮДЕРІСТЕР КАРТАСЫ

## Басқару жүйесін ұйымдастыру үдерістер

Стратегияны басқару

Өндірістік жоспарлау, бюджеттеу  
және инвестициялық талдау

Тиімділікті және сапаны басқару

Ішкі аудит

Тәуекелдерді басқару және ішкі  
бақылау

Мүдделі тұлғалармен  
қатынастарды басқару

Барлау



Бағалау



## Қамтамасыз ету процестері

HR. Персоналды басқару

HSE. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ

Қаржыны басқару

Құқықтық қолдауды қамтама-  
сыз ету

Сатып алуларды басқару

Өндірісті автоматтандыру және  
IT басқару

Деректерді басқару

Инновациялық-технологиялық  
дамуды басқару

Корпоративті басқару

Әкімшілік қызмет

Қамтамасыз ету процестері



## Басқару жүйесін ұйымдастыру үдерістер

Кен орнын игеру



Кен орындарын басқару



Активтерді пайдаланудан шығару



Іздеу, барлау және толық барлау

Бұрғылау жұмыстары іздеу-барлау, пайдалану және толық барлау ұңғымаларын бұрғылау

Кен орнын және инфрақұрылымды жоспарлау, жобалау, пайдалану

Ұңғымаларды және инфрақұрылымды пайдалану

Ұңғымалар мен инфрақұрылымға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу

Көмірсутекті шикізатты кәсіпшілік ішінде тасымалдау

Көмірсутекті шикізатты өткізу

Кен орнын жоюды басқару

# ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

Батыс Қазақстан облысы

Орал ө.

Атырау облысы



«Жайықмұнайгаз» МГӨБ

РЕСЕЙ  
ФЕДЕРАЦИЯСЫ

Батыс Новобогат  
Оңтүстік Шығыс Новобогат  
ЮВН (надкарнизный)  
Оңтүстік Шығыс Қамысты  
Оңтүстік Батыс Қамысты  
Ровное  
Жаңаталап  
С. Балғымбаев  
Гран

Атырау

Забурын

Каспий теңізі





**Ақтөбе облысы**

**«Қайнармұнайгаз» МГӨБ**

**«Доссормұнайгаз» МГӨБ**

**«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ**

**Маңғыстау облысы**

ДАМУ

# СТРАТЕГИЯСЫ



## Компания болжамы


«EmbiMunayGas» АҚ - ұзақ мерзімді дамуды қамтамасыз ететін жоғары білікті қызметкерлері мен тиімді ресурстық базасы бар, қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына сай келетін, мажоритарлық мемлекеттік қатысуы бар, тиімділігі жоғары мұнай-газ компаниясы.

## Біздің миссиямыз

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

### Біз нені меңзеп отырмыз:

- Тиімділігі жоғары – жоғары қаржылық және өндірістік көрсеткіштер,  $EVA > 0$ ,  $ROACE > WACC$
- Мұнай-газ – мұнай мен газды барлауды және өндіруді, мұнай дайындауды және газды қайта өңдеуді жүзеге асыратын
- Мажоритарлық мемлекеттік қатысу – Қазақстан Республикасы Компаниядағы 50% астам үлеске ие
- Біліктілігі жоғары персонал – кәсіби білімдері мен дағдылары бар, тұрақты дамуға ұмтылатын
- Рентабельді ресурстық база – экономикалық тиімділіктің негізгі параметрлерін сақтай отырып, Компания персоналының жұмысбастылығын ұзақ мерзімге қамтамасыз ететін
- Ұзақ мерзімді даму – 10 жыл және одан жоғары мерзімге
- Тұрақтылық – Компания персоналының ұзақ мерзімді кезеңге жұмысбастылығын қамтамасыз ету
- Әлеуметтік және бизнес-мүдделерді теңдестіру – Компанияның персоналы мен қызмет өңірі үшін тұрақтылықты да, акционер үшін тиімділікті де қамтамасыз ететін шешімдерді қабылдау.







## Біздің құндылықтарымыз



**Адам өмірі** – біздің басты құндылығымыз. Өзіміз және әріптестеріміз үшін қауіпсіздік мәдениетін енгізу арқылы жұмысшыларымыздың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету. Жұмысқа келген қызметкер отбасына аман-есен оралуы тиіс.



**Әр істі соңына дейін жеткіземіз.** Компания алға қойған мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуге тырысады. Біз жақсы нәтижеге қол жеткізуге ынтасы жоғары жұмысшыларды бағалаймыз.



**Туған жер мен Компанияға ұқыпты қарау.** Компания қоршаған орта мен Компания мүлкіне ұқыпты қарайтын қызметкерлерді бағалайды.



**Кәсібилік.** Компания өз жұмысшыларының кәсіби біліктілігін арттыру үшін барлық жағдай жасауда. Біз білімін жетілдіруге ынтасы бар жұмысшыларды бағалаймыз және кәсіби тұрғыда өсуге бәріне бірдей жағдай жасаймыз.



**Этика және жеке тұлғаға деген сыйластық.** Компания сыйластық пен сенімге негізделген өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ұмтылады.

## Стратегиялық басым мақсаттар

«EmbiMunayGas» АҚ 2027 жылға дейінгі даму тұжырымдамасында шешім қабылдау кезінде Компанияның бастышылыққа алатын және, оның пікірі бойынша, бизнесті табысты дамуын алдын ала анықтайтын ережелер мен тұжырымдамалар кешенін анықтайды. Бұл құжат алдағы бағдарламалық құжаттарды, болжамдық қаржы-экономикалық модельдерді (бизнес-жоспарларды), тәуекелдерді басқару жүйесін, Компанияның жыл сайынғы бюджетін әзірлеу үшін, сондай-ақ, Компанияның жобалар портфелін, соның ішінде, инвестициялық жобаларды құру кезінде негіз ретінде қолданылады.

Даму тұжырымдамасын іске асыру өңірді экономикалық дамытуға елеулі үлес және Компанияның мыңдаған ұжымына болашаққа сенім қосуға мүмкіндік береді.

Даму тұжырымдамасына сәйкес шешім қабылдау кезінде Компанияның негізгі стратегиялық басымдылықтары мыналар болып табылады:



**Кірістілік.** Компания болмысының ажырамас бөлігі ретіндегі кірістілік.



**Әлеуметтік тұрақтылық.** Персоналды ағымды және жаңа жобаларға тиімді бөлу арқылы Компания қызметкерлерінің жұмысбастылығын қамтамасыз ету.



**Экология.** Жер қойнауын тиімді пайдалану және қоршаған ортаға кері әсерді азайту. Өндірістің өсуі жағдайында Компания экологияға кері әсерді азайтатын жаңа технологияларды енгізеді.



**Энерготиімділік.** Ағымды және жаңа жобалар бойынша технологияларды таңдау барысында Компания басымдылықты энерготиімді технологияларды пайдалануға береді.



**Өндірісті автоматтандыру.** Еңбек өнімділігін және өндірістегі қауіпсіздік деңгейін арттыру.



## Қызметтің стратегиялық бағыттары

Компания қызметінің басым бағыты тұрғындардың жұмыспен қамтылуын және акционерлік құнды құруды қамтамасыз ету үшін «Ембімұнайгаз» АҚ тұрақты және ұзақ мерзімді дамуын қолдайтын бәсекеге қабілетті ресурстық базаны қалыптастыру болып табылады.

Қызметтің басым бағыттары:

- әрекет етуші және жаңа шарттар бойынша геологиялық барлау жұмыстарын орындау,
- қолданыстағы кен орындарында қосымша барлауды жүзеге асыру,
- қолданыстағы кен орындарында өндіру тиімділігін арттыру.

Компания өзінің қолданыстағы кен орындарында мұнайды өндіруді және өндіруді қарқындатуды мұнайды шығарып алу коэффициентін (МШК) арттырудың жаңа технологияларын енгізу арқылы жүзеге асырады.

Өндірістік процестердің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін Компания ұңғымалардың жөндеу аралық кезең-

дерін (ЖАК) арттыруға, арнайы техника паркін пайдалану коэффициентін арттыруға және персонал үшін жайлы тұрмыстық қамтамасыз етуге бағытталған мұнай сервисі процестерін дамытады.


Мұнай өндіру барысында қалыптасатын ілеспе газды кәдеге жарату қоршаған ортаға ұқыпты қараудың міндетті шарты болып табылады. Одан басқа, өндіріп жатқан тауар газын Компания өз қажеттіліктері үшін де, жергілікті нарықта өткізу үшін де пайдаланатын болады.

Кен орындарындағы өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымды қолдап отыру үшін Компания автожолдар құрылысы мен жөндеуін жүзеге асырып, персоналдың тұрақтау және тамақтану, шаруашылық инфрақұрылым нысандарын тиімді пайдалану мәселелерін шешеді.

Қызметінің барлық бағыттарының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін Компания еңбекті қорғауды, қауіпсіздік техникасын, HR және өндірісті автоматтандыруды дамытуға көп көңіл бөледі.



## Стратегиялық жобалардың бағыттары





## Стратегиялық индикаторлар

пәк	БІРЛ.	2018 (НАҚТЫ)	2019 (НАҚТЫ)	2020 (ЖОСП)	2020 (НАҚТЫ)	2021 (ЖОСП)	2022 (ЖОСП)	2027 (ЖОСП)	2032 (ЖОСП)
Қорлар	млн тонна	74,30	85,601	85,820	87,651	90,651	202,64	184,68	146,24
Өндіру көлемдері	млн тонна	2,9	2,9	2,6	2,6	2,7	3,99	3,15	11,3
Мұнайдың лифтинг шығындарының өзіндік құны	теңге/ тонна	23 000,44	24 458,14	33 534,69	29 011,35	34 290,66	34 725,4	–	–
Персонал саны	ад.	5 118	4 894	5 150	4 797	5 130	5 055	5 015	5 015
ROACE	%	27%	34%	–4%	15	–0,6%	4,1%	>WACC	>WACC
EBITDA	млн долл.	332,6	430,8	56,56	150	71,959	141,58	248,3	1 840,7
EVA	млн долл.	135,8	172,8	–106,8	7,5	–78 018	–53 897	>0	>0

## Негізгі тәуекелдер

Тәуекелдерді басқару үшін Компанияда тәуекелдерді басқару құжаттары мен процедуралары әзірленген және бекітілген. Компания Даму концепциясын іске асырудың келесі негізгі тәуекелдерін және оларды барынша азайту бойынша іс-шараларды анықтады:

№	ФАКТОРЛАР	ЫҚТИМАЛ ӘСЕРІ	БАРЫНША АЗАЙТУ ШАРАЛАРЫ
1	Өндірудің өзіндік құнының жоғары болуының себебінен игеру кезеңінде тұрған кен орындарында өндіру көлемдерінің төмендеуі	Өндіру көлемдерінің төмендеуі	Геологиялық барлау және M&A мәмілелер есебінен қорларды арттыру
2	Тұзасты Қаратон жобасы бойынша перспективалы қыртыстардың орналасу тереңдігінің себебінен геологиялық тәуекелдер деңгейінің жоғары болуы	Компания құнының төмендеуі	Стратегиялық серіктесті тарту
3	Дивидендтердің басым көлемін акционердің алуының салдарынан жобаларды қаржыландыру үшін инвестициялық әлеуеттің төмендеуі	Қорлар мен өндірудің өсімінің болмауы	Акционердің концепцияны (с.і. инвестициялық және дивидендтік саясаттарды), инвестициялық жобалардың бизнес-жоспарларын бекіту.
4	Мұнай бағасының арзандауы (базалық сценарийден төмен)	Компания түсімінің төмендеуі	Өзіндік құнды төмендету бойынша бизнес – бастамаларды іздестіру
5	Қазақстан экономикасының макропараметрлерін келеңсіз өзгерту (теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамы, инфляция деңгейі)	Компания құнының төмендеуі, шығын бөлігінің жоғарылауы	Компанияның салық саясатын оңтайландыру бойынша шараларды әзірлеу және қолдану, өндірісті оңтайландыру
6	Заңсыз ереуілдердің пайда болу тәуекелі	Қызметтегі үзілістер	Үдерістерді аутсорсингке аудару бойынша салмақты саясат  Персоналды қайта дайындау бағдарламаларын дер кезінде жүзеге асыру Компанияның әлеуметтік климатын мониторингтеу және талдау

# МЕНЕДЖМЕНТ ЕСЕБІ



## Экономикалық ортаға шолу

Компанияның қаржылық ахуалына әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторлар қатарына: мұнай бағаларының динамикасы, инфляция қарқыны, валюталық бағамдардың, атап айтқанда, теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамының ауытқулары жатады.

### Негізгі макроэкономикалық индикаторлардың серпіні

АТАУЫ	2017	2018	2019	2020
Brent (DTD) орташа бағамы	54,19	71,31	64,21	41,85
Инфляция деңгейі – Қазақстан (%)	7,10%	5,00%	5,75%	7,5%
Орташа айырбастау бағамы (1 АҚШ доллары үшін теңге)	326	344,71	382,87	412,95


2020 жылы коронавирус пандемиясының және көптеген әлем мемлекеттеріндегі қатаң карантиндік шектеу шараларының салдарынан мұнай мен мұнай өнімдерін тұтыну көлемінің азайғаны, және қорлардың жылдам жиналуы байқалды, дүниежүзілік мұнай қоймаларының шектен тыс толу қауіптері жоғарылады. Осыған байланысты 2020 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мұнай өндіру бойынша шектеу шараларын енгізді. Бұл ЕМГ жұмысына тікелей әсер тигізді. ОПЕК+ мемлекеттері мұнай өндіруді шектеу бойынша сол сияқты шараларды қабылдады. ОПЕК+ келісімінің қатысушы-мемлекеттерінің іс-әрекеттері 2020 жылы осынау ауыр макроэкономикалық жағдайларда дүниежүзілік мұнай нарықтарында бағаларды тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

ҚР Энергетика министрлігінің деректері бойынша 2020 жылы Қазақстанда мұнай өндіру көлемі 85,7 млн тоннаны құрады, бұл 2019 жылғы 90,5 млн тонналық рекордтық мәндерден 4,8% төмен. Бұл ретте нақты өндіру мәндері пандемия басталған кезеңде қайта қаралған жоспарлы (101%) мәндерге сай келеді. Бір жылдың ішінде 68,5 млн тонна мұнай экспортталды. Бұл жоспарды көрсеткіштің 101,8%-ын құрайды.

2020 жылдың қорытындылары бойынша 55,2 млрд м³ газ өндірілді. Газды ішкі пайдалану көлемі 17,2 млрд м³ құрады. Сұйытылған мұнай газын өндіру көлемі 3,2 млн тоннаны құрайды. Экспортталатын газ көлемі 10,7 млрд м³ болып табылады.

ОПЕК+ келісімінің қатысушы мемлекеттері мұнай нарығының ағымдағы күйін шолу және шектеулердің одан кейінгі деңгейін түзету үшін 2021 жылдың қаңтарынан бастап ай сайынғы министрлік отырыстарды өткізіп тұру туралы келісті. Қазақстан және Ресей үшін 2021 жылы өндіруді кезең-кезеңімен арттыруды көздейтін жекелеген шарттар келісілді.

### Қазақстанда мұнай өндіру, млн тонна



Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігі





## Операциялық нәтижелер

### Мұнай өндіру


Бастапқыда 2020 жылға арналған мұнай өндіру жоспары орташа тәуліктік мұнай өндіру көлемі тәулігіне 7 704 тонна бола тұра, 2 млн 820 мың тонна деңгейінде бекітілді.

Бұл ретте 2020 жылдың сәуірінде мұнай өндіру бойынша жоспарлы көрсеткіштер Прорва және Новобогат кен орындары топтарының газды кәдеге жарату бойынша проблемаларына байланысты 2 млн 692 мың тоннаға дейін төмендетілді.

2020 жылдың шілдесінде ҚР Үкіметінің барлау және өндіру бойынша операцияларды және көмірсуларды өндіру бойынша операцияларды жүргізу үшін жер қойнауы учаскелерін пайдалануға уақытша шектеулерді енгізу туралы қаулысымен мұнай өндіру жоспары азаю жағына қарай 2 600 мың тоннаға түзетілді.

2020 жылдың ішінде нақты 2 600 633 тонна мұнай өндірілді. Мұнай өндіру жоспары 388 тоннаға асыра орындалды.

#### ЕМГ мұнай өндіру динамикасы, мың тонна



### «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша мұнай өндіру, мың тонна

МГӨБ	2016	2017	2018	2019	2020		2021
	НАҚТЫ	НАҚТЫ	НАҚТЫ	НАҚТЫ	ЖОСП	НАҚТЫ	ЖОСП
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ	954.2	953.7	944.2	923.3	828.4	826.9	825.5
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ	989.1	1034.9	1109.9	1120.4	951.4	949.2	907.2
«Доссормұнайгаз» МГӨБ	404.3	371.5	366.5	365.8	339.0	339.0	332.5
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ	484.4	479.9	474.8	490.2	481.5	485.5	455.3
«Ембімұнайгаз» АҚ	2 832.0	2 840.0	2 895.3	2 899.7	2 600.2	2 600.6	2 520.5

## Ілеспе мұнай газын өндіру

Ілеспе мұнай газын өндіру «Ембімұнайгаз» АҚ 25 кен орнында жүзеге асырылады.

### Ілеспе мұнай газын өндіру, мың м³

КӨРСЕТКІШТЕР	2017	2018	2019	2020		2021
	НАҚТЫ	НАҚТЫ	НАҚТЫ	ЖОСПАР	НАҚТЫ	ЖОСПАР
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ	24,858.2	30,035.0	37,594.7	25,909.7	25,743.5	29,649.1
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ	146,834.4	163,878.6	194,465.0	158,530.6	159,655.0	120,530.6
«Доссормұнайгаз» МГӨБ	19,709.4	19,116.9	19,197.7	22,429.4	22,431.4	22,892.6
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ	8,353.7	8,197.8	8,916.0	8,923.3	8,984.3	8,440.9
«Ембімұнайгаз» АҚ	199,755.6	221,228.4	260,173.4	215,792.9	216,814.2	181,513.3

## Геологиялық барлау

2020 жылы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Батыс Қарасор кен орнының ұңғымаларын жайластыру және қолданысқа енгізу бойынша жұмыстар басталды.

Сусыз мұнайдың бұрқақты ағыны шығарып алынған С. Нұржанов кен орнында 3 252-3 265 м тереңдікте триас түзілімдерінде жаңа өнімді көкжиек табылды.

Сонымен қатар 2020 жылы оқпанының көлденең бөлігі 941 метрді құрайтын «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Гран кен орнында «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы бойынша ең ұзын көлденең ұңғыма бұрғыланды.

## Сейсмикалық барлау жұмыстары

Перспективалық объектілерді бөліп шығару және негіздеу мақсатымен Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орнында 3Д ЖТНӨ деректерін қайта өңдеу және қайта түсіндіру және сейсмикалық барлау және бұрғылау нәтижелерін талдау (2Д және 3Д) бойынша жұмыстар аяқталды.

## Іздестіру-барлау бұрғылауы

2020 жылы № 327 келісімшарты бойынша 2 бағалау ұңғымасын бұрғылаумен аяқталды, оның № 110 – Шығыс Уаз кен орнында және № 102 – Уаз кен орнында. Бұрғылау және сынау нәтижелері бойынша мұнай ағындары шығарып алынды. № 3577 келісімшарт бойынша С. Нұржанов кен орнында (солтүстік-батыс қанаты) 1 бағалау (НСВ-11) 1 барлау (НСВ-4) ұңғымасын бұрғылау аяқталды. НСВ-11 ұңғымасын сынау нәтижелері бойынша мұнай ағындары шығарып алынды, НСВ-4 ұңғымасы әлі сыналған жоқ.

## Ғылыми-зерттеу жұмыстары

2020 жылы Солтүстік Уаз және С. Нұржанов (солтүстік-батыс қанаты) кен орындарының мұнай және ерітілген газ



қорлары жедел есептелді. Қондыбай, Уаз, Шығыс Уаз, Шығыс Мақат, Қамысты Оңтүстік-Шығыс кен орындарының мұнай және газ қорлары қайта есептелді.

ҚОӘБ жобасымен Тайсойған учаскесінің қайтарылатын бөлігінде көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобасы, Тайсойған учаскесі бойынша орындалған геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есеп жасалды.

С. Нұржанов кен орнын (солтүстік-батыс қанаты) сынама-лы пайдалану жобасы және Солтүстік Уаз кен орнын сынама-лы пайдалану жобасына Толықтыру ҚР Пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі орталық комиссиясымен келісілді.

С. Нұржанов (солтүстік-батыс қанаты) және Солтүстік Уаз кен орындарында шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасы құрылды.

## Капиталдық салымдар

Компания инвестициялық әлеуетті іске асыруға бағытталған белсенді инвестициялық саясат жүргізеді. Барлық инвестициялар Стратегиялық басымдылықтарға сәйкес жүргізіледі және Компанияның шектеулерін еңсеруге және оның стратегиялық мақсаттарына жетуге бағытталған.

2020 жылы ЕМГ капиталдық салымдары 34 млрд теңгені құрады. 44% CAPEX пайдалану бұрғылауына, 22% негізгі құралдарды сатып алуға, 26% құрылыс жұмыстарына және 7% іздестіру-барлау бұрғылауына жұмсалады.

### Капиталдық салымдар, млн теңге

ИНВЕСТИЦИЯЛАР БАПТАРЫ	2016	2017	2018	2019	2020
Пайдалану бұрғылауы	8,253	8,632	9,306	14,331	15,094
Құрылыс жұмыстары	30,989	12,618	13,92	11,331	8,942
НҚ және MEA сатып алу	3,536	8,375	12,175	8,249	7,533
Іздестіру – барлау бұрғылауы	4,62	8,118	8,158	3,832	2,260
Басқа	1,271	304	641	2,42	0,179
<b>CAPEX жиыны</b>	<b>48,669</b>	<b>38,047</b>	<b>44,201</b>	<b>40,162</b>	<b>34,008</b>

## Өткізу

### Мұнайды өткізу

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес «Ембімұнайгаз» АҚ бірінші кезекте ҚР ішкі нарығын мұнаймен қанықтыру мақсатында мұнайды АМӨЗ және ПМХЗ бағытында тасымалдауға міндетті. Мұнайды экспорттауға тасымалдауды мұнайды ішкі нарыққа жеткізу бойынша міндеттемелерді орындағаннан кейін жүргізуге болады. ҚР аумағында және оның аумағынан тыс жерде


ішкі нарықтың жанар-жағармай материалдарына қажеттіліктерін жабу үшін қажетті көлемдерде қайта өңдеуге және тасымалдауға арналған мұнайдың көлемін ҚР Энергетика министрлігі анықтайды.

2020 жылы ЕМГ ішкі нарыққа 927,3 мың тонна мұнай жеткізді, бұл 2020 жылдың ішіндегі жалпы өткізу көлемінің 35,8% құрайды. Ішкі нарыққа жеткізу Компания ресурстарынан жалғыз сатып алушы «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ болып табылатын ҚР МӨЗ дейін тасымалдай отырып тікелей сату арқылы жүзеге асырылады.

### Мұнайды бағыттар бойынша өткізу көлемі, мың тонна

БАҒЫТ	2016	2017	2018	2019	2020
КТО	1 225,8	1 526,4	1 543,0	1 657,6	1 536,4
КҚК	859,5	791,7	825,8	713,6	126,1
АМӨЗ/ПМХЗ	726,1	479,0	492,4	503,3	927,3
<b>ЖИЫНЫ:</b>	<b>2 811,3</b>	<b>2 797,0</b>	<b>2 861,2</b>	<b>2 874,5</b>	<b>2 589,8</b>

### Бағыттар бойынша мұнай өткізудің құрылымы, %



Компания экспорттауға өндіретін мұнайды екі негізгі бағыт бойынша жеткізеді: Каспий Құбыржолы Консорциумы (КҚК) және Өзен – Атырау – Самара (ӨАС) құбыржолдары арқылы. Аталған құбыржолдар РФ, Краснодар өлкесі, Новороссийск теңіз портына алып барады. Бұл ретте КҚК бағыты мұнайды Оңтүстік Озереевка кентіндегі (РФ, Новороссийск қ.) КҚК теңіз терминалына дейін тасымалдайды, ал ӨАС құбыржолының бағыты Шесхарис (РФ, Новороссийск қ.) ауыстырып тиеу кешеніне дейін апарады. Мұнайды терминалдарға дейін тасымалдауды аяқтағаннан кейін мұнай әлемдік нарықтарға жөнелту үшін танкерлерге тиеледі.

2020 жылдың ішінде КҚК бағытына мұнай өткізу 126,1 мың тоннаны – жалпы өткізу көлемінің 4,9%-ын құрады. 2020 жылдың ішінде УАС бағытына мұнай өткізу 1 536,4 мың тоннаны, яғни бір жыл ішіндегі жалпы өткізу көлемінің 59,3%-ын құрады.

Экспорттауға өткізу «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-мен жасалған тапсыру-шартының негізінде жүзеге асырылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнайды «Ембімұнайгаз» АҚ ресурстарынан алып өткізеді, бұл жағдайда Компания «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-на мұнайды өткізу үшін сыйақы қызметтерін төлейді, сондай-ақ оған қосымша КҚК бағыты бойынша экспедирлеу қызметтерінің ақысын төлейді. Екі экспорттау бағытындағы «Ембімұнайгаз» АҚ ресурстарынан мұнайды жалғыз сатып алушы KazMunayGas Trading AG компаниясы болып табылады.

Компания ресурстарынан мұнайды ішкі нарыққа және экспорттауға тасымалдау «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ тапсыру-шартының аясында тек қана құбыржолдар арқылы жүзеге асырылады. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның атынан және тапсырмасы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құбыржол компанияларымен («ҚазТрансОйл» АҚ, «МұнайТас» ЖШС, «ККТ» КҚК-Р ЖШС және КҚК-К) мұнай тасымалдау шарттарын жасасты.

### Тауарлық газды өткізу

«Ембімұнайгаз» АҚ тауарлық газы С. Балғымбаев, Шығыс Мақат кен орындарындағы екі ГДҚ-да, сондай-ақ Прорва ГДҚ-да дайындалуда. Мемлекеттің газды сатып алуға басым құқығын көздейтін қолданыстағы Қазақстан заңнамасына сәйкес газды өткізу Ұлттық операторға («ҚазТрансГаз» АҚ) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі бекіткен бағадан аспайтын бағамен жүзеге асырылады (2019 жылы бекітілген баға ҚҚС есептемегенде әр 1 000 м<sup>3</sup> – 1 930,40 теңгені құрады).

### Газ өткізу көлемі, мың м<sup>3</sup>



## Ғылымды қолдау

ЕМГ отандық ғылымның дамуына айтарлықтай қолдау көрсетеді. Атап айтқанда, Компания Қазақстан-Британ техникалық университетімен («ҚБТУ» АҚ) қызметтеседі.

2018 жылдың қараша айында «Ембімұнайгаз» АҚ мен «ҚБТУ» АҚ арасында Ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы «ҚБТУ» АҚ ғалымдарының перспективалық зерттеулерімен танысты және мұнай өндірудің тиімділігін арттырумен байланысты проблемалық мәселелерді белгіледі.

2018 жылдың желтоқсан айында Компания басшылығына «ҚБТУ» АҚ мен Полимерлік материалдар және технологиялар институтының «Ембімұнайгаз» АҚ мұнайлы кен орындарының қыртыс-коллекторларының ұңғымааралық кеңістігіне трассерлік зерттеулерді жүргізу үшін полиамфолит типті жоғары тиімді жаңа бояғыштарды әзірлеу және сынау» бірлескен жобасы ұсынылды. Нәтижесінде 2019 жылдың қаңтар айында «Ембімұнайгаз» АҚ мен «ҚБТУ» АҚ арасында «ИДО МГӨБ оқытумен бірге трассерлік зерттеулерді жүргізу үшін тұрақты қосылыстарды әзірлеу» Шарты жасалды.

Жобаның мақсаты – полиамфолит типті жоғары тиімді жаңа бояғыштарды жасап шығару және сынау; солардың негізінде «Ембімұнайгаз» АҚ мұнайлы кен орындарының қыртыс-коллекторларының ұңғымааралық кеңістігіне трассерлік зерттеулерді жүргізу технологияларын әзірлеу; зерттеу нәтижелерін түсіндіру және «Ембімұнайгаз» АҚ-ның техникалық персоналын оқыту үшін бағдарламалық кешенді әзірлеу болып табылады.

Жобаны орындау барысында тұздардың әсеріне, тау жынысының сорбциялауына, мұнай қыртысының қышқылдығы мен температурасының өзгеруіне төзімді бірегей, отандық полиаморфты бояғыш алынды. Полиаморфты бояғышты Полимерлік материалдар және технологиялар институтындағы зертханалық стендте сынау және «Ембімұнайгаз» АҚ-да Шығыс Молдабек кен орнының екі айдау және 17 өндіру ұңғымаларында тәжірибелік-өнеркәсіптік сынау (ТӨС) оның тиімділігінің жоғары екенін көрсетті. ТӨС жүргізу кезінде алынған трассерлік зерттеулер нәтижелерін түсіндіру үшін «ҚБТУ» АҚ бағдарламашылары әзірлеген бағдарламалық кешен ойдағыдай қолданылды.

ТӨС нәтижелерін техникалық-экономикалық салыстырып тексеру полиамфолиттік бояғыштың пайдалану сипаттамалары бойынша кеңінен танымал импорттық трассер – натрий флуоресцеинінен басым екенін көрсетті.

«Ембімұнайгаз» АҚ 12 маманына мұнай кен орындарының коллекторлары қыртыстарының ұңғымааралық кеңістігінің сүзгілеу-сыйымдылықты сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік беретін бағдарламалық кешенмен жұмыс істеу тәсілдері үйретілді. 2020 жылы «ҚБТУ» АҚ «Полиамфолит трассерін шығарып алу тәсілі» пайдалы моделіне өтінім берілді және № 5666 патент алынды. 2021 жылы «ҚБТУ» АҚ және «Ембімұнайгаз» АҚ арасында № 5666 патент бойынша пайдалы модельді пайдалануға айрықша құқық беру туралы лицензиялық шарт келісілді және қазір аяқтау кезеңінде тұр.



## Сатып алу қызметі

Компания отандық жеткізушілерді қолдау мақсатымен сатып алынатын тауарлар мен қызметтер құрылымындағы жергілікті қамтуды дамыту бағытында көп жұмыс атқаруда. Компания негізінен келесі жылға тауарларға өз қажеттілігін ұсынатын, Қазақстанда өндірісін игеруді қажет ететін тауарлар тізбесін келтіретін, жеткізушілерге қойылатын талаптар және сатып алулар процедуралары және т. б. туралы айтатын отандық тауар өндірушілермен кездесулер жүргізеді. «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің зауыттық және зертханалық сынақтарға қатысуы сатып алуларға сапалы тауарларды жеткізетін адал тауар өндірушілердің қатысуына себеп болады.

Компания сатып алу қызметін «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс бер

ретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік құқығы немесе сенімгерлік басқару негізінде «Самұрық-Қазына» АҚ тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың Сатып алу қызметін басқару стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес жүзеге асырады. Стандарт тапсырыс берушілердің өз ақшалай қаражаттарының есебінен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу тәртібін анықтайды.

Стандартқа сәйкес «Ембімұнайгаз» АҚ Холдингінің тауар өндірушілер тізіліміне (ХТӨ) енгізілген тауар өндірушілерге басымдылықтарды ұсынады. Сатып алулар барысында ХТӨ үшін 5%-ға дейін шартты жеңілдіктер қолданылады. Сонымен бірге отандық тауар өндірушілермен шарттарды жасасу кезінде 30% мөлшерінде аванс төлеу көзделген.

2020 жыл ішіндегі сатып алулар көлемі, ҚҚС қоспағанда млн теңгемен

АТАУЫ	СОМАСЫ	ОРЫНД. %	
<b>2020 жылға арналған сатып алулар жоспарының сомасы</b>	<b>66,905.00</b>	<b>100%</b>	
соның ішінде			
Тауарлар	14,286.00	21.4%	
Жұмыстар	20,597.00	30.8%	
Қызметтер	32,022.00	47.9%	
<b>Шарттар жасалған сатып алулар сомасы</b>	<b>64,184.00</b>	<b>95.9%</b>	<b>МС ҮЛЕСІ</b>
соның ішінде			
Тауарлар	13,228.00	92.6%	49.0%
Жұмыстар	19,860.00	100.0%	97.0%
Қызметтер	31,096.00	100.0%	98.0%
<b>Шарттар қорытындылары бойынша үнемделгені</b>	<b>2,364.00</b>	<b>3.5%</b>	
соның ішінде			
Тауарлар	1,059.00	7.4%	
Жұмыстар	414.00	2.0%	
Қызметтер	891.00	2.8%	

Сатып алулар көлемінің динамикасы, ҚҚС қоспағанда млрд теңгемен



## Қаржылық шолу

Бұл бөлім Компанияның аудиттелген қаржылық есептілігіне негізделген.

*Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге*

КӨРСЕТКІШ	2020	2019	2018	2020/2019 ӨЗГЕРУ
Мұнай өткізу, мың тонна	2,590	2,849	2,849	-9%
<b>Түсім (кірістер)</b>	<b>244,707</b>	<b>450,945</b>	<b>432,250</b>	<b>-46%</b>
Өткізудің өзіндік құны	123,982	150,631	136,478	-18%
<b>Жалпы кіріс</b>	<b>120,725</b>	<b>300,314</b>	<b>295,772</b>	<b>-60%</b>
Жалпы және әкімшілік шығыстар	8,468	-14,413	45,098	-
Тасымалдау және өткізу шығыстары	71,480	154,562	155,497	-54%
Басқа операциялық шығыстар	1,158	26,189	2,742	-96%
<b>Операциялық қызметтен болған кіріс (залал)</b>	<b>39,620</b>	<b>133,976</b>	<b>92,434</b>	<b>-70%</b>
Қаржылық кіріс / (шығыстар) нетто	-2,229	-2,018	-1,882	10%
Басқа пайдалар / (залалдар) нетто	-52,030	-213	22,403	-
<b>Салық салуға дейінгі пайда / (залал)</b>	<b>-14,639</b>	<b>131,746</b>	<b>112,955</b>	<b>-</b>
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	3,003	30,345	29,566	-90%
<b>Бір жыл ішіндегі таза пайда / (залал)</b>	<b>-17,642</b>	<b>101,401</b>	<b>83,389</b>	<b>-</b>

Өткізу көлемдері заттай және құндық түрде азайғандықтан 2020 жылдың ішінде түсім көлемі 46%-ға азайды және жыл қорытындылары бойынша 244,7 млрд теңгені құрады.

Өткізудің өзіндік құны 2019 жылмен салыстырғанда 18%-ға шамамен 124 млрд теңгеге төмендеді. Басқа операциялық шығыстар 51% азайып, 81,1 млрд теңгені құрады. Нәтижесінде операциялық қызметтен түскен кіріс 39,6 млрд теңгені құрады. Жыл қорытындылары бойынша 17,6 млрд теңге мөлшерінде таза залал пайда болды.

## Өткізу

*Бағыттар бойынша мұнай өткізу көлемі, млн теңге*

БАҒЫТТЫҢ АТАУЫ	2016	2017	2018	2019	2020
КТО	126,832	187,983	262,216	289,378	174,047
КҚК	92,944	101,250	143,444	129,098	17,057
АМӨЗ/ПМХЗ	22,281	18,184	26,098	31,953	52,725
<b>ЖИЫНЫ:</b>	<b>242,058</b>	<b>307,418</b>	<b>431,758</b>	<b>450,429</b>	<b>244,115</b>



## Орташа өткізу бағалары, теңге/тонна

БАҒЫТТЫҢ АТАУЫ	2016	2017	2018	2019	2020
КТО	103,473	123,155	169,651	174,577	113,285
КҚК	108,137	127,898	176,781	180,907	135,222
АМӨЗ/ПМХЗ	30,688	37,966	53,009	63,486	56,858
<b>ЖИЫНЫ:</b>	<b>86,101</b>	<b>109,910</b>	<b>151,527</b>	<b>156,697</b>	<b>94,259</b>

Өткізу көлемі 2020 жылы 244,1 млрд теңгені құрады, бұл 2019 жылдың көрсеткішінен 46% төмен болып отыр. Төмендеу негізінен 2020 жылғы бүкіл әлем бойынша пандемия және карантиндік іс-шаралар кезеңіндегі мұнай өндіру мен өткізу көлемінің азаюымен байланысты. Бұл тікелей жаһандық экономикаға және мұнай өнімдерін

тұтынуға әсер етті. Заттай түрде былтырғы жылы өткізу көлемі 10%-ға азайды. Сонымен қатар, бірінші кезекте экспорттық бағыттар бойынша мұнай бағасының арзандағаны байқалды. 2020 жылдың ішінде Компанияның мұнай өткізуінің орташа бағасы бір тоннасына 94 259 теңгені құрады, бұл 2019 жылдың көрсеткішінен 40% төмен.

## Өзіндік құн

## Өзіндік құнды талдау, млн теңге

КӨРСЕТКІШ	2020 ЖЫЛ	2019 ЖЫЛ	2018 ЖЫЛ	2020/2019 ӨЗГЕРУ
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар	49,758.19	46,216.56	47,615.17	8%
Тозу, сарқылу және амортизация	21,673.77	26,166.37	19,583.79	-17%
Жөндеу және қызмет көрсету бойынша қызметтер	15,908.19	17,090.61	14,307.64	-7%
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	15,899.65	42,252.43	38,382.68	-62%
Материалдар және қорлар	4,942.04	5,373.89	3,726.81	-8%
Көлік шығыстары	3,734.47	3,437.79	2,722.61	9%
Электр энергиясы	3,147.05	2,846.63	2,992.29	11%
Табыс салығынан басқа салықтар	2,700.53	1,379.06	4,519.29	96%
Экологиялық міндеттеме бойынша резервтегі өзгеру	-	- 25.18	-109.12	
Капиталдандырылған актив сомасынан асатын активтердің есептен шығуы бойынша міндеттемелердің азаюы			-821.19	
Басқа	4,224.85	5,312.46	5,898.53	-20%
	<b>121,988.73</b>	<b>150,050.60</b>	<b>138,818.50</b>	<b>-19%</b>
Мұнай қалдықтарының өзгеруі	1,993.39	580.18	-2,340.65	244%
<b>Өзіндік құнның жиыны</b>	<b>123,982.12</b>	<b>150,630.78</b>	<b>136,477.85</b>	<b>-18%</b>

2020 жылы өткізудің өзіндік құны 124 млрд теңгені құрады – бұл 2019 жылдың деңгейінен 18%-ға төмен. Бірінші кезекте, төмендеу өндірудің азаюы салдарынан салықтардың төмендеуімен байланысты. Жыл соңындағы өзіндік құнның 40% қызметкерлерге берілетін сыйақылардың, 17% тозудың, 13% пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың және 13% жөндеу және қызмет көрсету бойынша қызметтердің үлесінде.

## Лифтинг

Лифтинг шығындар, млн теңге



Үлестік лифтинг (операциялық шығындардың өндіруге қатынасы) 2020 жылы бір тоннаға шаққанда 29 мың теңгені құрады. 2019 жылмен салыстырғанда 13% өсу, негізінен, өндіру көлемінің азаюымен байланысты.

Жалпы, 2020 жылы операциялық шығыстар 75,4 млрд теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 2%-ға артты. Персоналға шығындар барлық шығындардың шамамен 57%-ды (43,3 млрд теңге) құрады. 31% – өндірістік сипаттағы шығыстар.

## Басқа операциялық шығыстар

Басқа операциялық шығыстарды талдау, млн теңге

КӨРСЕТКІШ	2020 ЖЫЛ	2019 ЖЫЛ	2018 ЖЫЛ	2020/2019 ӨЗГЕРУ
Ренталық салық	13,407	58,608	63,900	-77%
Экспорттық кедендік баж	23,288	54,107	53,890	-57%
Көлік шығыстары	34,632	41,627	37,489	-17%
Сату бойынша агенттік қаламақы	154	219	218	-30%
<b>Өткізу бойынша шығыстардың жиыны</b>	<b>71,480</b>	<b>154,562</b>	<b>155,497</b>	<b>-54%</b>
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар	4,912	5,226	4,900	-6%
Тозу, сарқылу және амортизация	662	1,080	2,150	-39%
Кеңес беру және аудиторлық қызметтер	712	808	131	-12%
Жөндеу және қызмет көрсету бойынша қызметтер	758	780	485	-3%
Табыс салығынан басқа салықтар	219	696	292	-69%
Айыппұлдар және өсімпұлдар	-273	598	951	-146%
Көлік шығыстары	395	493	445	-20%
Күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервті есептеу/(сторнолау)	-50	74	33	-168%
Демеушілік	682		207	-
Экология бойынша резервті қалпына келтіру	-	- 25,420	34,506	-
Басқа	451	1,252	1,527	-64%
<b>Жалпы және әкімшілік шығыстардың жиыны</b>	<b>8,468</b>	<b>- 14,413</b>	<b>45,628</b>	<b>-159%</b>
Геологиялық барлауға және құрғақ ұңғымаларды шығынға жазуға шығыстар	1,158	23,245	1,678	-95%
Өтеуге жататын ҚҚС құнсыздануы		2,944		-
<b>Шығыстардың жиыны</b>	<b>81,105</b>	<b>166,338</b>	<b>202,803</b>	<b>-51%</b>



Өзіндік құннан басқа, операциялық шығыстар 2020 жылы екі еседен артық азайды және жыл қорытындылары бойынша 81,1 млрд теңге деңгейінде сақталып қалды. Бірінші кезекте бұл 2019 жылмен салыстырғанда өткізу

шығыстарының 54%-ға 71,5 млрд теңгеге дейін азаюмен байланысты. Атап айтқанда, экспорттың азаюына байланысты ренталық салық және экспорттық кедендік баж көлемдері айтарлықтай төмендеді.

## Салық салу

Салықтар бойынша шығыстар, млн теңге

КӨРСЕТКІШ	2020 ЖЫЛ	2019 ЖЫЛ	2018 ЖЫЛ	2020/2019 ӨЗГЕРУ
Ренталық салық	13,407	58,608	63,900	-77%
Экспорттық кедендік баж	23,288	54,107	53,890	-57%
Пайдалы қазбаларды шығаруға салынатын салық	15,900	42,252	38,383	-62%
Мүлік салығы	2,143	1,989	1,785	8%
Қоршаған ортаны ластау үшін салынатын салық	519	-655	1,969	-179%
Басқа салықтар	258	741	1,057	-65%
Әлеуметтік салық	3,309	3,058	3,091	8%
<b>КТС қоспағанда салықтар жиыны</b>	<b>58,823</b>	<b>160,101</b>	<b>164,074</b>	<b>-63%</b>

КӨРСЕТКІШ	2020 ЖЫЛ	2019 ЖЫЛ	2018 ЖЫЛ	ӨЗГЕРУ
Салық салуға дейінгі пайда	-14,640	131,747	112,955	-
Табыс салығы бойынша шығыстар	3,003	30,345	29,566	-
Салықтың тиімді мөлшерлемесі	21%	23%	26%	-9%

Мұнай өндірудің және салық салуға дейінгі пайданы 2020 жылы азаюының салдарынан барлық салықтық төлемдер бойынша айтарлықтай азаюы байқалды. Жыл қорытындылары бойынша табыс салығы бойынша шығыстар 3 млрд теңгені, КТС қоспағанда салықтар – 58,8 млрд теңгені құрады.

## Капитал және өтімділік

Қаржылық жағдай туралы есеп, млн теңге

КӨРСЕТКІШ	31 ЖЕЛТОҚСАН			2020/2019 ӨЗГЕРУ
	2020 ЖЫЛҒЫ	2019 ЖЫЛҒЫ	2018 ЖЫЛҒЫ	
Активтер				
Ұзақ мерзімді активтер				
Негізгі құралдар	173,685	204,239	187,656	-15%
Барлау және бағалау бойынша активтер	1,031	16,388	19,302	-94%
Материалдық емес активтер	2,106	2,348	1,384	-10%
Басқа қаржылық активтер	42,766	38,554	38,005	11%
Кейінге қалдырылған салық бойынша актив	18,446	16,866	10,380	9%
Өтелетін ҚҚС	2,577	11,033	-	-77%
Ұзақ мерзімді активтер үшін төленген аванстар	787	2,895	2,154	-73%
<b>Ұзақ мерзімді активтердің жиыны</b>	<b>241,399</b>	<b>292,323</b>	<b>258,882</b>	<b>-17%</b>
Ағымдағы активтер				
Тауарлы-материалдық қорлар	8,661	9,375	10,944	-8%
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	5,958	1,646	3,968	262%

КӨРСЕТКІШ	31 ЖЕЛТОҚСАН			2020/2019 ӨЗГЕРУ
	2020 ЖЫЛҒЫ	2019 ЖЫЛҒЫ	2018 ЖЫЛҒЫ	
Салықтар бойынша алдын ала төлем және өтелетін ҚҚС	14,136	22,856	15,899	-38%
Төленген аванстар және болашақ кезеңдер шығыстары	3,282	2,384	3,507	38%
Сауда және басқа дебиторлық берешек	23,598	42,414	30,839	-44%
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	57,562	39,189	111,446	47%
<b>Ағымдағы активтердің жиыны</b>	<b>113,196</b>	<b>117,864</b>	<b>176,604</b>	<b>-4%</b>
<b>Активтердің жиыны</b>	<b>354,596</b>	<b>410,187</b>	<b>435,486</b>	<b>-14%</b>
КАПИТАЛ				
Жарғылық капитал	162,400	162,400	162,400	0%
Бөлінбеген пайда	116,349	134,777	153,033	-14%
<b>Капиталдың жиыны</b>	<b>278,749</b>	<b>297,177</b>	<b>315,432</b>	<b>-6%</b>
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Ұзақ мерзімді міндеттемелер				
Тарихи міндеттемелер	6,919	6,128	5,807	13%
Резервтер	37,700	31,702	24,151	19%
Басқа	652			
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны</b>	<b>45,271</b>	<b>37,830</b>	<b>29,958</b>	<b>20%</b>
Ағымдағы міндеттемелер				
Тарихи міндеттемелер	637	888	1,574	-28%
Резервтер	9,732	13,788	36,329	-29%
Пайдалы қазбаларды шығаруға салынатын салық және төленетін ренталық салық	3,186	26,053	23,287	-88%
Табыс салығы бойынша міндеттемелер	-	7,500	-	
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	17,020	26,951	28,906	-37%
<b>Ағымдағы міндеттемелердің жиыны</b>	<b>30,576</b>	<b>75,180</b>	<b>90,095</b>	<b>-59%</b>
<b>Міндеттемелердің жиыны</b>	<b>75,846</b>	<b>113,010</b>	<b>120,053</b>	<b>-33%</b>
<b>Міндеттемелер мен капиталдың жиыны</b>	<b>354,596</b>	<b>410,187</b>	<b>435,486</b>	<b>-14%</b>

2020 жылдың соңында Компанияның активтері 2019 жылдың соңында 14%-ға азайып, 354,6 млрд теңгені құрады. Баланс құрылымында 68% айналымнан тыс активтер құрайды. Жыл қорытындылары бойынша олардың көлемі 17%-ға азайып, 241 млрд теңгені құрады. Негізгі құралдар ұзақ мерзімді активтердің 72% құрайды.

Жыл соңында айналымнан тыс активтер баланстың 32% құрады. Олардың жыл қорытындылары бойынша көлемі 4%-ға, 113 млрд теңгеге азайды. Ағымдағы активтердің 50%-дан астам бөлігін ақша қаражаттары және олардың баламалары құрайды, 21%-ы дебиторлық берешектің үлесінде.

2020 жылдың соңында капитал 2019 жылмен салыстырғанда бөлінбеген пайда көлемінің азаюы салдары-

нан 6%-ға азайып, 278,7 млрд теңгені құрады. Баланс құрылымында меншікті капиталды 79% құрайды, бұл Компанияның қаржылық тұрақтылығының жоғары екенін көрсетеді.

2020 жылдың соңында міндеттемелер 33%-ға төмендеп, 75,8 млрд теңгені құрады. Атап айтқанда, ағымдағы міндеттемелер 59%-ға, 30,6 млрд теңгеге қысқартылды. Ұзақ мерзімді міндеттемелер 2019 жылмен салыстырғанда 20% өсті және 45,3 млрд теңгені құрады. Өсім резервтердің артуымен байланысты.

Жыл қорытындылары бойынша Компания өтімділік көрсеткіштерінің жақсы екенін көрсетіп отыр. Ағымдағы өтімділік коэффициенті 2019 жылғы 1,6-дан 2020 жылғы 3,7-ге дейін өсті. Еркін айналым қаражаттары 82,6 млрд теңгені (2019 жылы – 42,7 млрд теңгені) құрады.





# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## Басқару органдары

**ДАРА ТҰЛҒАЛЫ  
АКЦИОНЕР**

**ДИРЕКТОРЛАР  
КЕҢЕСІ**

**БАСҚАРМА**

## Директорлар кеңесі

### 2020 жылғы Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер

2020 жылғы 20 маусымдағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі төмендегі сегіз мүшеден құралды:

АТЫ – ЖӨНІ	ЛАУАЗЫМЫ
Марабаев Жақып Нәсіпқалиұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Хасанов Дәулетжан Кеңесұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Бекназарова Айгүл Жақсықұлқызы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Қайржан Есен Қайржанұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Ертлесова Жаннат Жорғалиқызы	Тәуелсіз директор
Ізбасов Мақсым Шафихұлы	Тәуелсіз директор
Украсин Игорь Александрович	Тәуелсіз директор

Жалғыз акционердің 2020 жылғы 20 маусымдағы шешімімен Қ.О. Есқазиевтің Директорлар кеңесінің мүшесі

ретіндегі және И.А.Украсиннің тәуелсіз директор ретіндегі өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Жалғыз акционердің 2020 жылғы 28 қазандағы шешімімен Д.К. Хасановтың Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды, және Жалғыз акционердің өкілі ретінде М.О.Сәулебай («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі департамент директоры) сайланды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі төмендегі алты мүшеден құралды:

АТЫ – ЖӨНІ	ЛАУАЗЫМЫ
Марабаев Жақып Нәсіпқалиұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Сәулебай Мәлік Оралұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Бекназарова Айгүл Жақсықұлқызы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Қайржан Есен Қайржанұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі
Ертлесова Жаннат Жорғалиқызы	Тәуелсіз директор
Ізбасов Мақсым Шафихұлы	Тәуелсіз директор

## 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы



### Марабеев Жақып Нәсіпқалиұлы

**«EmbiMunayGas» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары**

И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институттың «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша (1984 ж.), Мәскеу мемлекеттік басқару университетін (2002 ж.) бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты.

- Еңбек қызметін 1984 жылы «Комсомольскнефть» МГӨБ-да техникалық бөлім бастығы болып бастады.
- 1990 жылдың қарашасынан бастап 1991 жылдың наурызына дейін – «Сфинкс» мемлекеттік корпорациясының коммерциялық қызмет директоры.
- 1991 жылдың наурызынан бастап 1993 жылдың наурызына дейін – көмірсутек шикізаты мен мұнай-химия бөлімінің бастығы, бөлім бастығының орынбасары, ҚР Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің бас инженері.
- 1993 жылдың наурызынан бастап 1993 жылдың маусымына дейін – ҚР Энергетика және отын ресурстары министрлігінің теңіз жұмыстары басқармасының бастығы.
- 1993 жылдың маусымынан бастап 1997 жылдың маусымына дейін – «Қазақстанкаспийшельф» АҚ вице-президенті және бас директоры.
- 1997 жылдың маусымынан бастап 1999 жылдың қаңтарына дейін – «ҚазақОйл» ҰК» ЖАҚ инвестициялар және жаңа жобалар жөніндегі директор, коммерциялық директоры, газ жобалары жөніндегі вице-президенті.
- 1999 жылдың қаңтарынан бастап 1999 жылдың наурызына дейін – «Қазақстан Халық Банкі» ЖАҚ басқарма мүшесі.
- 1999 жылдың наурызынан бастап 1999 жылдың қыркүйегіне дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ пайдалану жөніндегі вице-президенті.
- 1999 жылдың қыркүйегінен бастап 2001 жылдың қыркүйегіне дейін – «ҚазақОйл» ҰК» ЖАҚ вице-президенті.
- 2001 жылдың қыркүйегінен бастап 2002 жылдың наурызына дейін – «Мұнай және газ тасымалдау» Ұлттық компаниясының Бас директорының орынбасары.
- 2002 жылдың наурызынан бастап 2004 жылдың наурызына дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарушы директоры, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. СБК (КПО Б.В.) бойынша жобалардағы үлестерді басқару жөніндегі өкілетті органның төрағасы.
- 2004 жылдың наурызынан бастап 2006 жылдың маусымына дейін – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры.
- 2006 жылдың маусымынан бастап 2006 жылдың қарашасына дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.
- 2006 жылдың қарашасынан бастап 2008 жылдың желтоқсанына дейін – KAZENERGY Қауымдастығының үйлестіру кеңесінің төрағасы.
- 2008 жылдың желтоқсанынан бастап 2019 жылдың ақпанына дейін – North Caspian Operating Company (NCOC B.V.) Басқарушы директорының орынбасары.
- 2019 жылдың ақпанынан бастап – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары.

«Парасат» және «Құрмет» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «KAZENERGY Қауымдастығының 10-жылдығы», ҚР ЭМ «Қазақстан мұнайының 120-жылдығы» медальдарымен, сондай-ақ Еуропа Бизнес Қауымдастығы ұйғарған Патшайым Виктория Орденімен марапатталған. ҚР Энергетика министрлігінің «ҚР мұнай-газ саласының еңбегі сіңген қызметкері», Геология комитетінің «Қазақстан Республикасының кен орнын тұңғыш ашушы» төсбелгілері бар.





## Сәулебай Мәлік Оралұлы

**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры**

РФММ (1991 ж.), Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Экономист» мамандығы бойынша (1995 ж.), Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясын «Заңгер» мамандығы бойынша (1999 ж.), И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетін «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» мамандығы бойынша (2014 ж.) бітірген.

- Еңбек жолын 1995 жылы бастаған, 2000 жылға дейін банк саласында жұмыс істеген («Қазпоштабанкте» жетекші экономист, департамент директорының орынбасары, «Альфа банкте» аға бухгалтер-бақылаушы, «Транс Азиялық Сауда банкі» ААҚ-да басқарма бастығы).
- 2000 жылдан бастап 2005 жылға дейін прокуратура органдарында қызмет атқарған (Астана қ. Алматы ауданында Прокуратура бөлімінің прокуроры, Бас прокурор орынбасарының көмекшісі, Астана қ. прокуратура басқармасының бастығы, Орталық өңірлік көлік прокуратурасы). «Прокуратура үздігі» төсбелгісімен марапатталған. 2005 жылы біліктілік емтиханын сәтті тапсырып, судьялар резервіне енгізілген.
- 2005 жылдан бастап 2006 жылға дейін – «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, ҚР Қаржы министрлігінің дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитетінде басқарма бастығы.
- 2006 жылы – «ҚазТрансГаз» АҚ активтерді басқару департаментінің директоры.
- 2007 жылдан бастап 2009 жылға дейін – «ҚазТрансОйл-Сервис» АҚ бас директоры.
- 2009 жылдан бастап 2011 жылға дейін – «ҚазМұнайГаз – Қайта өңдеу және Маркетинг» АҚ-да құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор, Бас директордың кеңесшісі.
- 2011 жылдан бастап 2016 жылға дейін – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-да құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі, аппарат басшысы – Басқарма мүшесі.
- 2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін – «Қаражанбасмұнай» АҚ сыртқы және корпоративтік байланыстар жөніндегі вице-президент.
- 2018 жылдан бастап 2019 жылға дейін – «Самұрық-Энерго» АҚ тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі.
- 2019 жылдың мамырынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор.
- 2020 жылдың шілдесінен бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі департамент директоры.



### Ертлесова Жаннат Жорғалиқызы

**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры,  
«Эксперт Қазақстан» ЖШС директоры**

Еңбек жолын ҚазССР Мемжоспар жанындағы экономика және нарық қатынастары ғылыми-зерттеу институтында ғылыми маман қызметінен бастады. 1992 жылы аталған институт директорының орынбасары болып тағайындалды. Кейін ҚР Экономика министрлігіне шақырту алып, қаржы-несиелік саясат басқармасы басшысы қызметіне кірісті.

1994 жылы – ҚР экономика министрінің бірінші орынбасары. ҚР Министрлер кабинеті және ҚР Үкіметі жанындағы экономикалық реформалар орталығының басшысы, Қаржы министрінің бірінші орынбасары, «Қазақтелеком» АҚ вице-президенті, ҚР Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары, ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары, ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі Агенттігі төрағасының бірінші орынбасары, Қазақстанның салық төлеушілер қауымдастығы кеңесінің басқарушы төрайымы, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасары сияқты және тағы басқа лауазымдарда еңбек етті. Қазіргі кезде «Эксперт Қазақстан» ЖШС директоры қызметін атқарады.



### Ізбасов Мақсым Шафихұлы

**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры**

В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын (1976 ж.) «Мұнай және газ кен орындарын игеру технологиясы және кешенді механикаландыру» мамандығы бойынша, Алматы политехнология және басқару институтын (1991 ж.) бітірген.

Еңбек қызметін 1976 жылы «Күлсарымұнай» МГӨБ Күлсары кен орнының мұнайы мен газын өндіру жөніндегі операторы болып бастады. Содан кейін Күлсары кен орнының өндірістік-технологиялық бөлімінде аға инженер, жерасты жөндеу цехының бастығы, өндіру цехының бастығы болып жұмыс істеген. 1985 жылдан бастап 1989 жылға дейін – «Күлсарымұнай» МГӨБ партиялық комитет хатшысы. Әр жылдары «Күлсарымұнай» МГӨБ жоспарлық-экономикалық бөлім бастығы, бас инженері, «Теңізмұнайгаз» ӨБ өндірістік-технологиялық бөлім бастығы, бас инженері, вице-президенті болып жұмыс істеген. «Ембімұнайгаз» және «Теңізмұнайгаз» екі акционерлік қоғамының бірігуіне байланысты 1999 жылы «Күлсарымұнайгаз» МГӨБ бастығы болып тағайындалды. 2004 жылы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалының директоры лауазымына тағайындалды. Содан кейін «Күлсарымұнайгаз» МГӨБ бастығы, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ ӨФ – «Ембімұнайгаз» бас техникалық басшысы, Норт Каспиан Оперейтинг Компани компаниясының Атырау филиалының жергілікті билік органдармен байланыс жөніндегі аға кеңесшісі болып жұмыс істеген. 2012 жылдан бастап 2017 жылға дейін – Атырау облысы Жылыой ауданының әкімі.

«Құрмет» орденімен (1999 ж.); «ҚР Конституциясына 10 жыл» (2005 ж.); «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011 ж.); «Қазақстан мұнайына 120 жыл» (2019 ж.) медальдарымен, Мәдениет және гуманитарлық салаларындағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін ҚР Президентінің Құрметті дипломымен (2006 ж.; ҚР Президентінің (2001, 2005 ж.) және Атырау облысы әкімдерінің (2001, 2005, 2007 ж.) Алғыс хаттарымен, КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің (1980 ж.) ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің (2004 ж.) және ҚР Мұнай және газ министрлігінің (2010 ж.) Құрмет грамоталарымен, Облыстық кеңестің және облыстық мәслихаттың Құрмет грамоталарымен, мұнайдың және мұнай кен орындарының 100-жылдық мерейтойларының құрметіне төсбелгілермен марапатталған. Мұнай және газ өнеркәсібі кәсіподақтарының халықаралық конфедерациясы сыйлығының лауреаты (2005 ж.). Жылыой (2004 ж.) және Атырау облысы Қызылқоға аудандарының құрметті азаматы (2007 ж.). «Жыл мұнайшысы» атағы (Жыл адамы) (2001 ж.). Облыстық мәслихаттың екі шақырылымының депутаты (1999-2003, 2003–2007 жылдары).



### Бекназарова Айгүл Жақсықұлқызы

**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Қаржы департаментінің директоры**

Қазақ мемлекеттік басқару академиясын (1997 ж.) «Халықаралық валюталық-қаржылық қатынастар» мамандығы, PACE University (Нью-Йорк) оқу орнын (1999 ж.) «Қаржылық менеджмент» мамандығы бойынша тәмамдады.

2020 жылдың 1 шілдесінен бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қаржы департаментінің директоры қызметін атқарып келеді. Бұрын «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қаржы директоры – қаржылық бақылаушысы қызметін атқарған.

Әр жылдары «Қазақстан Халық Банкі» АҚ халықаралық департаментінің директоры, құрылымдық қаржыландыру басқармасының бастығы, «Қазинвестбанк» АҚ қаржы институттарымен жұмыс жөніндегі басқарушы директор, «ҚазМұнайТеңіз» АҚ корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры болып жұмыс істеді.



### Қайржан Есен Қайржанұлы

**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы**

1985 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Мұнай және газ кәсіпшіліктерінің машиналары және құрал-жабдықтары» мамандығы бойынша бітірген.

2000 жылы В.П. Горячкин атындағы Мәскеу мемлекеттік агроинженерлік университетін «Кәсіпорындағы экономика және басқару» мамандығы бойынша бітірген.

2012 жылы РФ Үкіметінің жанындағы Халық шаруашылығы академиясының ГОУ ВПО, «МВА: Менеджмент – Халықаралық бизнес» – «Іскерлік әкімшілендіру шебері» мамандығы бойынша бітірген.

- 1985 жылдан бастап 1992 жылға дейін – «Маңғышлақмұнай» бірлестігінің «Жетібаймұнай» МГӨБ слесарь-жөндеушісі, инженері, аға жөндеушісі.
- 1992 жылдан бастап 1994 жылға дейін – Маңғышлақ мұнарамонтаждау басқармасының мұнара құрылысы прорабы.
- 1994 жылдан бастап 1995 жылға дейін – Қызылорда қ. «Южнефтегаз» АҚ өндірістік қызмет көрсету базасы бастығының орынбасары.
- 1995 жылдан бастап 2002 жылға дейін – «Құмкөл-ЛУКойл» АҚ бас директорының орынбасары.
- 2002 жылдан бастап 2016 жылдың сәуіріне дейін – «Торғай-Петролеум» АҚ бас директорының орынбасары, бас директоры.
- 2016 жылдың сәуірінен бастап 2017 жылдың шілдесіне дейін – «Қаражанбас-мұнай» АҚ Президенті.
- 2017 жылдың шілдесінен бастап 2018 жылдың қарашасына дейін – «Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары, бас директоры.
- 2018 жылдың қарашасынан бастап 2020 жылдың қаңтарына дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Сатып алулар және қамсыздандыру жөніндегі басқарушы директор.
- 2020 жылдың 16 қаңтарынан бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы.



### Директорлар шешімінің тәуелсіздігі

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының нормаларына сәйкес Директорлар кеңесі директорлар тәуелсіздігінің дерегін белгіледі және Ертлесова Жаннат Жорғалиқызы және Ізбасов Мақсым Шафихұлы шешім қабылдау барысында тәуелсіз болып табылады деп санайды. Директорлар кеңесі осы директорлардың тәуелсіз шешімдеріне әсерін тигізетін немесе айтарлықтай әсер етуі мүмкін болатын қандай да бір қарым-қатынастар немесе жағдайлар жоқ екендігін белгіледі.

### Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

«EmbiMunayGas» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттілігі «EmbiMunayGas» АҚ Жарғысымен анықталады. Директорлар кеңесі «EmbiMunayGas» АҚ-ның тиімді басқаруына және қызметін тиісті түрде бақылауға Жалғыз акционер алдында жауапты болады және шешім қабылдаудың бекітілген жүйесіне сәйкес әрекет етеді. Стратегиялық даму бағыттары мен Компания саясатын анықтау, «EmbiMunayGas» АҚ-ның бюджетін және маңызды ішкі құжаттарын бекіту және басқа да маңызды мәселелер Директорлар кеңесінің аса маңызды қызметтері болып табылады.

Директорлар кеңесі тұрақты негізде және қажет болған кезде отырысты өткізеді.

2020 жыл ішінде Директорлар кеңесі тікелей дауыс беру арқылы 1 отырысты, сырттай дауыс беру арқылы 41 отырысты қоса алғанда 42 отырысты өткізді.

Жыл ішінде Директорлар кеңесімен өзгеден басқа келесі мәселелер қарастырылды:

- Пандемиямен және COVID-19-бен күресте Атырау облысының Әкімдігіне демеушілік көмек көрсету.
- «EmbiMunayGas» АҚ басқару аппаратының 2020 жылға қызметкерлерінің құрылымын, штаттық кестесін бекіту және оларға индексация төлеу туралы.

- «EmbiMunayGas» АҚ 2020 жылға арналған ҚНҚ бекіту туралы.
- «EmbiMunayGas» АҚ қызметкерлерінің штаттық кестесіне және басқару аппаратының ұйымдастыру құрылымына өзгерістер енгізу туралы.
- «EmbiMunayGas» АҚ 2020 жылға арналған бюджетінің түзетімін бекіту туралы.
- 2018 жыл ішінде «EmbiMunayGas» АҚ жылдық есепті мақұлдау туралы.
- 2019 жыл ішінде «EmbiMunayGas» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарманың қызметі туралы есепті мақұлдау туралы.
- «EmbiMunayGas» АҚ 2020 жылға арналған бюджет түзетулерін бекіту туралы.
- «EmbiMunayGas» АҚ 2021 жылға арналған бюджетін және 2021–2025 жылдарға арналған бизнес-жоспарын бекіту туралы.
- 2020 жылдың 9 айы ішінде Қоғам қызметінің нәтижелері және 2020 жылға күтілетін нәтижелер туралы есеп.
- 2020 жылдың 9 айы ішінде Қоғамның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы есеп және 2020 жылға күтілетін нәтижелер.
- 2020 жылдың 9 айы ішінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жоспарын орындау туралы есеп және 2020 жылға күтілетін нәтижелер.
- «EmbiMunayGas» АҚ бөлігінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ішкі аудит қызметінің қызметі туралы есеп.
- «EmbiMunayGas» АҚ Директорлар кеңесінің Комитеттері туралы.
- Жарғы және Директорлар кеңесінің өкілеттіктері аясында мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешімдер.
- Шешімдерін Жалғыз акционер қабылдайтын, Жарғыға сәйкес мәселелерді мақұлдау туралы.

2020 жылы Директорлар кеңесі «EmbiMunayGas» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ережені және ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітті.

### Директорлар кеңесі мүшелерінің және Комитеттер мүшелерінің Директорлар кеңесі мен Комитеттердің отырыстарына қатысуы

2020 Ж. ӨТКІЗІЛГЕН ОТЫРЫСТАР САНЫ	ДК	ІШКІ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ	ТӘУЕКЕЛДЕРДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ	ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ
Марабаев Жақып Нәсіпқалиұлы	42			
Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы	25			
Хасанов Дәулетжан Кеңесұлы	36			
Бекназарова Айгүл Жақсықұлқызы	42			
Сәулебай Мәлік Оралұлы	6			
Қайржан Есен Қайржанұлы	42			
Ертлесова Жаннат Жорғалиқызы	42	1	1	1
Ізбасов Мақсым Шафихұлы	42	1	1	1
Украсин Игорь Александрович	25			

## 2020 жылдың ішіндегі Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жалпы ақпарат

БАСҚАРУ ОРГАНЫ	ОТЫРЫСТАР САНЫ	БАРЛЫҚ ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР	ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР
Директорлар кеңесінің отырысы, соның ішінде:	42	49	49
Күндізгі	1	6	6
Сырттай	41	42	42

## 2020 жылдың ішінде күндізгі отырыстарда қабылданған Директорлар кеңесінің тапсырмалары жөніндегі ақпарат

КӨРСЕТКІШТІҢ АТАУЫ	САНЫ
Барлық тапсырмалар	10
Жұмыс үстінде	10
Орындауға қабылданды	10
Орындалды	10

## Директорлар кеңесінің комитеттері

## Ішкі аудит жөніндегі комитет

## Комитеттің құрамы

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің ішкі аудиті жөніндегі Комитет бес мүшеден тұрады:

АТЫ-ЖӨНІ	ЛАУАЗЫМЫ
Ертлесова Жаннат Жорғалиқызы	Ішкі аудит жөніндегі Комитеттің төрайымы
Ізбасов Мақсым Шафихұлы	Ішкі аудит жөніндегі Комитеттің мүшесі
Тасмағамбетова Рысты Нұрғалиқызы	Ішкі аудит жөніндегі Комитеттің мүшесі
Мақашев Руслан Бексұлтанұлы	Ішкі аудит жөніндегі Комитеттің мүшесі
Тұрсұмбеков Талғат Қуанышұлы	Ішкі аудит жөніндегі Комитеттің мүшесі

## Комитеттің жауапкершілігі

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің ішкі аудиті жөніндегі аудит жөніндегі Комитет өкілеттілігі туралы Ережемен анықталады. Ішкі аудит жөніндегі Комитет Директорлар кеңесіне ақпаратты бере отырып, осы Ережені Комитетпен сақталуын талдауды қоса отырып, жыл сайын Комитеттің қызметін және мүшелерін талдау және бағалау жұмыстарын өткізеді.

Ішкі аудит жөніндегі Комитет Директор кеңесіне ішкі аудит қызметінің жұмыс істеу тәртібі, оның құзыреттілігі, функциялары, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері және шарттары бойынша ұсыныстар береді; ішкі аудит қызметінің есептерін қарастырады; ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындалуын бақылауды жүзеге асырады; ішкі аудит функциясының тиімділігін мониторингтеуді және бақылауды жүзеге асырады және басқа да қызметтерді орындайды.

Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитеті тұрақты негізде және қажет болған кезде отырыс өткізеді.

Жыл ішінде Директорлар кеңесімен өзгеден басқа келесі мәселелер қарастырылды:

- 2019 жылдағы «Ембімұнайгаз» АҚ бөлігінде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ішкі аудит қызметінің есебін қарастыру туралы.
- 2019 жылдағы «Ембімұнайгаз» АҚ «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындау туралы есепті қарастыру туралы.
- 2019 жылдағы «Ембімұнайгаз» АҚ аудиттен өткізілген жылдық қаржылық есептілікті қарастыру туралы.
- 2019 жылдағы қаржылық есептілікті алдын ала бекіту туралы.
- Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі бойынша ұсынысты және 2019 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін алдын ала бекіту туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелерінің функционалды ҚНҚ бекіту туралы.
- Ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындау туралы есеп.
- «Ембімұнайгаз» АҚ бөлігінде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Ішкі аудит қызметінің Жұмыс істеу жоспарын келісу туралы.
- 2020 жылдың бірінші жартыжылдығына «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеттің жұмыс істеу жоспарын бекіту туралы.

## Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі комитет

### Комитеттің құрамы

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Embi Muna Gas» АҚ Директорлар кеңесінің тәуекелдерін стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитет төрт мүшеден тұрады:

АТЫ-ЖӨНІ	ЛАУАЗЫМЫ
Ертлесова Жаннат Жорғалиқызы	Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің төрайымы
Хасанов Ұлан Маратұлы	Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің мүшесі
Нұрбеков Тимур Нұржанұлы	Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің мүшесі
Балабаев Абат Амантайұлы	Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің мүшесі

### Комитеттің жауапкершілігі

«Embi Muna Gas» АҚ Директорлар кеңесінің тәуекелдерін стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің өкілеттілігі тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитет туралы Ережемен анықталады. Комитет Директорлар кеңесіне ақпаратты бере отырып, осы Ережені Комитетпен сақталуын талдауды қоса отырып, жыл сайын Комитеттің қызметін және мүшелерін талдау және бағалау жұмыстарын өткізеді.

«Embi Muna Gas» АҚ Директорлар кеңесінің тәуекелдерін стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитет ұзақ мерзімді кезеңде Компанияны дамытуға бағытталған стратегиялық мақсаттарды қарастыру және мақұлдау сияқты қызметтерді; концепцияны талдауды, Компанияның стратегиялық даму бағдарламаларын және жоспарларын және өткізілген талдама нәтижелері бойынша Директорлар кеңесіне өз ұсыныстарын енгізуді; ірі мәмілелерді жасау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстарды дайындауды; Компания активтерін басқару мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстарды дайындауды және басқа қызметтерді жүзеге асырады.

Оған жүктелген міндеттерге сәйкес Компания құзыреттілігіне Компания тәуекелдерін басқару стратегияларын қарастыру және келісу; Тәуекелдерді басқару саясатын, сондай-ақ тәуекелдерді басқару саласында Компания қызметін регламенттейтін басқа ішкі құжаттарды қарастыру және келісу; Компания ұшырайтын негізгі тәуекелдерді және Компанияның тәуекел мәнді (тәуекел мәні бойынша өтініш) қарастыру және талқылау; Компанияның негізгі тәуекелдердің және тәуекел мәнінің (тәуекел мәні бойынша өтініш) күйіне мониторинг жүргізу бойынша есептерді қарастыру және келісу; Компания тәуекелдер портфелін басқару аясында инвестициялық жобаларды талдау; стратегиялық мақсаттарға жету үшін тәуекелдерді

басқару жүйесінің тиімділігіне мониторинг жүргізу және басқа мәселелерді қарастыру сияқты Компания тәуекелдерін басқару бойынша мәселелерді қарастыру жатады.

Директорлар кеңесінің тәуекелдерін стратегиялық жоспарлау және басқару бойынша Комитеті отырыстарды жүйелі негізде және қажеттілігіне қарай өткізеді.

Жыл ішінде Директорлар кеңесінің тәуекелдерін стратегиялық жоспарлау және басқару бойынша Комитетпен өзгеден басқа келесі мәселелер қарастырылған:

- 2019 жыл ішінде «Embi Muna Gas» АҚ қызметінің негізгі көрсеткіштерін күтілетін орындау туралы есебі.
- Бюджетті және бизнес-жоспарды қарастыру туралы есеп.
- 2019 жыл ішінде негізгі тәуекелдерді басқару бойынша шаралар жоспарын орындау туралы есеп, соның ішінде 2019 жылдағы проблемалық мәселелер және негізгі тәуекелдер тізімі.
- Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі бойынша ұсынысты және 2019 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін алдын ала бекіту туралы.
- «Embi Muna Gas» АҚ Басқарма мүшелерінің функционалды ҚНҚ бекіту туралы.
- 2020 жылға «Embi Muna Gas» АҚ басқарушы құрамының (Басқарма мүшелерінің) корпоративтік және мотивациялық ҚНҚ бекіту туралы.
- 2019 жылдың бірінші жартыжылдығына Комитеттің жұмыс жоспары.

## Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитет

### Комитеттің құрамы

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Embi Muna Gas» АҚ Директорлар кеңесінің Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеті төрт мүшеден тұрды:

АТЫ-ЖӨНІ	ЛАУАЗЫМЫ
Ізбасов Мақсым Шафихұлы	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы
Ізмұханбет Ринат Нұрғожаұлы	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі
Құсайнов Нұрболат Мәлікұлы	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі
Қасымғалиев Қанатбек Махмұдұлы	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі

### Комитеттің жауапкершілігі

Директорлар кеңесінің Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитетінің өкілеттілігі Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитет туралы Ережемен анықталады. Комитет Директорлар кеңесіне ақпаратты бере отырып, Комитетпен осы Ережені сақтауды тал-



дауды қоса алғанда, Комитет қызметін және мүшелерін талдауды және бағалауды жыл сайын өткізеді.

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеті жұмыстардың жылдық бағдарламасын, бюджетті, Компанияның өндірістік қызметімен байланысты сатып алулар жоспарын, сондай-ақ оларда болатын кез келген өзгерістерді бекіту бойынша материалдарды қарастыруды және дайындауды жүзеге асырады; бұрғылау жұмыстарының жоспарының ағымды күйінің деректерін талдау және бақылау, жаңа әдістерді, тәсілдерді, бұрғылау технологияларын енгізу барысын бақылау; кен орынды тиімді орналастыру бойынша жоспарларды әзірлеу және енгізу бойынша деректерді талдау; өндіру жоспарын, ұңғыма өнімдерін өндіру, жинау және тасымалдау бойынша өндірістік жұмыстарды орындау, жұмыстар нәтижелерінің сапасын тексеру бойынша деректер және ұңғыманың технологиялық көрсеткіштері туралы есептерді талдау; мұнайды өндіруді қарқындалту және қатты қысымды ұстап тұру жүйесін оңтайландыру бойынша жаңа бағдарламаларды енгізу және басқа қызметтерді орындайды.

Директорлар кеңесінің Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеті тұрақты негізде және қажет болған кезде отырыс өткізеді.

Бір жыл ішінде Директорлар кеңесімен басқасынан өзге келесі мәселелер қарастырылды:

- «Ембімұнайгаз» АҚ бюджетінің түзетімін бекіту туралы.
- Бюджетті және бизнес-жоспарды қарау туралы есеп.
- «Зияткерлік кен орын» жобасы.
- 2020 жылдың 9 айы ішінде Қоғам қызметінің нәтижелері және 2020 жылға күтілетін нәтижелер туралы есеп.
- 2020 жылдың 9 айы ішінде Қоғамның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы есеп және 2020 жылға күтілетін нәтижелер.
- Ембімұнайгаз» АҚ бөлігінде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ішкі аудит қызметінің қызметі туралы есебі.
- 2020 жылдағы қаржылық есептілікті алдын ала бекіту туралы.
- Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі бойынша ұсынысты және 2019 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивидент мөлшерін алдын ала бекіту туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелерінің функционалды ҚНҚ бекіту туралы.
- 2020 жылдың бірінші жартыжылдығына Комитет жұмысының жоспары.

## Басқарма

### 2020 жылдың ішіндегі Басқарма құрамындағы өзгерістер

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша  
Басқарма құрамы:

АТЫ-ЖӨНІ	ЛАУАЗЫМЫ
Қайржан Есен Қайржанұлы	Басқарма төрағасы
Қасымғалиев Қанатбек Махмұдұлы	Басқарма төрағасының Өндіріс жөніндегі орынбасары
Тасмағамбетова Рысты Нұрғалиқызы	Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Әділбеков Қайрат Әділбекұлы	Басқарма төрағасының Геология және игеру жөніндегі орынбасары
Нақпаев Сәлімжан Жұмашұлы	Басқарма төрағасының Жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары
Тоқмұрзиев Асқар Әділбекұлы	Заң департаментінің директоры

## 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарманың құрамы



### Қайржан Есен Қайржанұлы

**«EmbiMunayGas» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
«EmbiMunayGas» АҚ Басқарма Төрағасы**

1985 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Мұнай және газ кәсіптерінің машиналары және жабдықтары» мамандығы бойынша тәмамдады.

2000 жылы В.П. Горячкин атындағы Мәскеу мемлекеттік агроинженерлік университетін «Кәсіпорындағы экономика және басқару» мамандығы бойынша тәмамдады.

2012 жылы РФ Үкіметінің жанындағы Халық шаруашылығы академиясының «МВА: Менеджмент – Халықаралық бизнес» ЖКБ МБМ «Іскерлік әкімшілендіру шебері» мамандығы бойынша бітірді.

- 1985 жылдан бастап 1992 жылға дейін – «Маңғышлақмұнай» бірлестігінің «Жетібаймұнай» МГӨБ жөндеуші-слесарі, инженері, аға инженері.
- 1992 жылдан бастап 1994 жылға дейін – Маңғышлақ мұнара монтаждау басқармасының мұнарақұрылыс прорабы.
- 1994 жылдан бастап 1995 жылға дейін – Қызылорда қ. «Оңтүстікмұнайгаз» АҚ өндірістік қызмет көрсету базасы бастығының орынбасары.
- 1995 жылдан бастап 2002 жылға дейін – «Құмкөл-ЛУКОЙл» АҚ бас директорының орынбасары.
- 2002 жылдан бастап 2016 жылдың сәуіріне дейін – «Торғай Петролеум» АҚ бас директорының орынбасары, бас директоры.
- 2016 жылдың сәуірінен бастап 2017 жылдың шілдесіне дейін «Қаражамбасмұнай» АҚ Президенті.
- 2017 жылдың шілдесінен бастап 2018 жылдың қарашасына дейін – «Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары, бас директоры.
- 2018 жылдың қарашасынан бастап 2020 жылдың қаңтарына дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Сатып алулар және қамсыздандыру жөніндегі басқарушы директоры.
- 2020 жылдың 16 қаңтарынан бастап – «EmbiMunayGas» АҚ Басқарма төрағасы.

«Ерен Еңбегі үшін» медалімен (1999 ж.); «Торғай Петролеум» АҚ 10 жылдығына орай компанияның қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі үшін алғыс жарияланды (2005 ж.); «Құрмет» орденімен (2009 ж.); «Атамекен» орденімен (2010 ж.); «ЛУКОЙЛ Оверсиз Холдинг Лтд» Президентінің құрмет грамотасымен (2010 ж.); ҚР БҒМ Балалар құқықтарын қорғау жөніндегі комитет төрағасының Алғыс хатымен (2010 ж.); интернат үйі директорының алғыс хатымен; «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалімен (2011 ж.); «Торғай Петролеум» АҚ 20 жыл» естелік медалімен, сондай-ақ бірқатар алғыс хаттармен және грамоталармен, оған қоса, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Алғыс хатымен (2011 ж.); ҚР Кәсіподақтар федерациясының Құрмет грамотасымен (2012 ж.); Қызылорда қ. Облыстық жұмысбастылық және әлеуметтік қорғау басқармасы бастығының алғыс хатымен (2011 ж.); Қызылорда қ. Әкімінің Алғыс хатымен (2011 ж.) марапатталған, Қызылорда қ. Әкімі қаланы дамытуға қосқан үлесі үшін және «Қала күні» мерекесіне орай, «Мұнайшы күні» кәсіби мерекесіне орай Алғыс жариялаған; ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің 20-жылдығына орай грамотамен (2012 ж.); ҚР Қарды министрінің Алғыс хатымен (2013 ж.); «ТорғайПетролеум» АҚ 20 жылдығы» естелік медалімен (2015 ж.), Қызылорда қ.; «ЛУКОЙЛ» ОАҚ Президентінің алғыс хатымен (2015 ж.), Мәскеу қ.; ҚР Энергетика министрлігінің «Қазақстан мұнайына 120 жыл» мерейтойлық медалімен (2019 ж.); «Өзенмұнайгаз» АҚ 55-жылдығына орай мерейтойлық медальмен (2019 ж.); Атырау облысы әкімінің алғыс хатымен (2020 ж.); «Халық алғысы» медалімен (2020 ж.) марапатталған.



## Қасымғалиев Қанатбек Махмұдұлы

**Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі**

2001 жылы И.М. Губкин атындағы Мемлекеттік мұнай және газ университетін «Мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген.

2014 жылы И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінің «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университетімен бірлесіп әзірленген «Мұнай-газ бизнесін басқару» мамандануы бойынша «Іскерлік әкімшілендіру шебері» MBA бағдарламасын тәмамдады.

Еңбек қызметін 2001 жылы «Күлсарымұнайгаз» МГӨБ Тереңөзек МГӨЦ Қаратон кен орнының мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы болып бастаған. «Күлсарымұнайгаз» МГӨБ Тереңөзек МГӨЦ технологы, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ өндірістік-технологиялық қызмет басшысының орынбасары, бас инженері, «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай және газ бөлімінің бастығы, мұнай және газ өндіру департаментінің директоры, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығы, «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, «Ембімұнайгаз» АҚ Өндіру және игеру жөніндегі басқарма төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген.

2017 жылдың қыркүйегінен бастап 2018 жылдың тамызына дейін – «Ембімұнайгаз» АҚ игеру жөніндегі басқарушы директоры.

2018 жылдың тамызынан бастап 2019 жылдың тамызына дейін ҚМГ ҰК мұнай және газ өндіру департаментінің директоры.

2019 жылдың тамызынан бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары.

«Ембімұнайгаз» ӨФ Құрмет грамоталарымен, ҚР Мұнай және газ министрлігінің Құрмет грамотасымен (2012 ж.), «Прорва мұнайына – 50 жыл» төсбелгісімен (2013 ж.), ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ – 95 жыл Мерейтойлық медалімен (2017 ж.), «Қазақстан мұнайына 120 жыл» Мерейтойлық медалімен (2019 ж.) марапатталған.



## Тасмағамбетова Рысты Нұрғалиқызы

**Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі**

Екі жоғары білімі бар – 1986 жылы А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын «Тарих және педагогика» мамандығы бойынша, 2002 жылы – Атырау мұнай және газ университетін «Экономика және кәсіпорындағы менеджмент» мамандығы бойынша бітірді.

2014 жылы Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясын «MBA: халықаралық бизнес» мамандығы бойынша, Іскерлік әкімшілендіру шебері біліктілігін тәмамдады.

Еңбек еткен жылдар ішінде әр түрлі басқарушы қызметтерді атқарды: «ЭИТЭК» ғылыми-өндірістік фирмасы өкілдігінің директоры (Мәскеу қ.), «Атырау мұнай корпорациясы» ЖШС директоры, «Каспий коммерциялық орталығы ЛТД» ЖШС қаржы директоры, «ҚМГ-Жайық» ЖШС бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» «Ембімұнайгаз» АҚ ӨФ директорының экономика және қаржы бойынша орынбасары.

2012 жылдың қазанынан бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.

2017 жылдың сәуірінен бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.



«Доссор кен орнының игерілгеніне 100 жыл» естелік белгісімен (2011 ж.), «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Құрмет грамотасымен (2012 ж.), «Прорва мұнайына 50 жыл» төсбелгісі (2013 ж.), «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Құрмет грамотасымен (2014 ж.), «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Құрмет грамотасымен (2014 ж.), «KAZENERGY» Құрмет грамотасымен (2015 ж.), ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ – 95 жыл» Мерейтойлық медалімен (2017 ж.), «KAZENERGY» медалімен (2018 ж.), «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының алғыс хатымен (2019 ж.), «Қазақстан мұнайына 120 жыл» Мерейтойлық медалімен (2019 ж.), «Құрмет» орденімен (2020 ж.) марапатталған.



## Әділбеков Қайрат Әділбекұлы

**Басқарма төрағасының геологиялық барлау жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі**

И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химиялық және газ өнеркәсібі институты «Геология және мұнай-газ кен орындарын барлау» мамандығы бойынша бітірді. Жоғары оқу орнын бітірген соң еңбек жолын Оралдағы «Уральскнефтегазгеология» ПГО мұнай-газ барлау экспедициясында ұңғымаларды зерттеу операторы болып бастады.

1985–1993 жылдарда аға геолог, жетекші геолог, мұнай-газ қорын есептеу партиясының басшысы, тәжірибелік-әдістемелік экспедициясының бас геологы, «Уральскнефтегазгеология» ПГО мұнай өндіру жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы ретінде жұмыс істеді. КСРО қорлары бойынша Мемлекеттік комиссияда Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орындарының (1985 және 1988 жылдарда) және Теплов-Токарев тобының кен орындарының (1991 жылы) көмірсутекті шикізат қорларын барлауға, есеп жүргізуге, қорғауға қатысты.

1993 жылдан бастап 2001 жылға дейін коммерциялық және консалтингтік компанияларда әр түрлі басшылық лауазымдарды атқарды. 2001 жылдан бастап 2005 жылға дейін «Теңізшевройл» ЖШС қорды қайта есептеу жобасының үйлестірушісі, кен орындарын дамыту бөлімінің басшысы. Теңіз (2002 жылы) және Королевское (2004 жылы) мұнай кен орындарының қорын қайта есептеу, дайындау және келісім алу, техникалық схеманы дайындау жұмыстарының үйлестірушісі болды. 2005 жылдан бастап 2014 жылға дейін – «Қожан» ЖШС филиал басшысы, бас директордың орынбасары – бас геологы, «Jupiter Energy Pte. Ltd» компаниясының қазақстандық бөлімшесінде техникалық директор, «Азатпетротранс» ЖШС директоры қызметтерін атқарды. 2014 жылдың тамызынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ геология және геофизика департаментінің директоры, 2015 жылдың қыркүйегінен бастап «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының геологиялық барлау жөніндегі орынбасары.

2017 жылдың қыркүйегінен бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының геология және игеру жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қоры бойынша Мемлекеттік комиссияның (ҚР ҚМК) тәуелсіз сарапшысы болып табылады.

«Қазақстан Республикасының Жер қойнауын Үздік барлаушысы» төсбелгісімен; «Уральскнефтегазгеология мұнай-газ барлау экспедициясының» Құрмет грамотасымен (1986 ж.); Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен (1987 ж.); «Уральскнефтегазгеология мұнай-газ барлау экспедициясы» ҰОС 70 жылдығына орай Құрмет грамотасымен (1987 ж.); «Уральскнефтегазгеология мұнай-газ барлау экспедициясы» геологтар күніне орай Құрмет грамотасымен (1989 ж.); «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ құрмет грамотасымен (2017 ж.); ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ – 95 жыл» мерейтойлық медалімен (2017 ж.); «Қазақстан мұнайына 120 жыл» Мерейтойлық медалімен (2019 ж.); «Қазақстан Республикасының жер қойнауын құрметті барлаушы» төсбелгісімен (2019 ж.) марапатталған.



### Нақпаев Сәлімжан Жұмашұлы

**Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі**

Алматы халық шаруашылығы институтын (1991 ж.) «Экономист» мамандығы бойынша, Атырау мұнай және газ институтын (2004 ж.) «Тау-кен инженері» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын Мақат желілік-өндірістік басқармасында технологиялық компрессор машинисті болып бастады (1983 ж.). Мақат аудандық атқару комитетінде жоспарлау – экономикалық комиссиясының маманы, аға экономисті болып жұмыс жасады.

1992–1995 жылдары «Мақсат» шағын кәсіпорнының төрағасы қызметін атқарды. Әр жылдары Мақат, Жылыой аудандарының әкімі, Атырау облысы әкімі аппаратының басшысы, Атырау қаласының әкімі, «Аджип» ККО компаниясының жергілікті органдармен байланыс жөніндегі менеджері, Атырау облысы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарды.

2018 жылдың шілде айында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» Мерейтойлық медалімен (2001 ж.); «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» Мерейтойлық медалімен (2005 ж.); «Құрмет» орденімен (2005 ж.); «Астананың 10 жылдығы» Мерейтойлық медалімен (2008 ж.); «Атырау облысы мәслихаттарына 25 жыл» Мерейтойлық медалімен; «Қазақстан мұнайына 120 жыл» Мерейтойлық медалімен (2019 ж.) марапатталған.



### Тоқмурзиев Асқар Әділбекұлы

**Заң департаментінің директоры, Басқарма мүшесі**

2008 жылы Қазақ гуманитарлық заң университетін «Юриспруденция» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек қызметін 2008 жылы «MANDARIN LTD» ЖШС, «Тұлпар» ЖШС, «Бастау – S» ЖШС заңгер болып бастады.

2013–2017 жылдары – заң кеңесшісі, 1-санаттағы заң кеңесшісі, «Қазгермұнай» БК» ЖШС жетекші заң кеңесшісі.

2017–2019 жылдары – «Қазгермұнай» БК» ЖШС заң департаментінің құқықтық қамтамасыз ету қызметінің басшысы.

2019 жылдың қарашасынан – «Ембімұнайгаз» АҚ заң департаментінің директоры.

«Қазгермұнай» БК» ЖШС 20 жылдығының құрметіне мерейтойлық медалімен; «Қазгермұнай» БК» ЖШС құрмет грамотасымен; Қазақстандық мұнайдың 120 жылдығының құрметіне «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресурсиз» АҚ құрмет грамотасымен (2019 ж.) марапатталған.

## Басқарма жұмысы туралы есеп

Компания Басқармасы төрағасының өкілеттілігі «Ембімұнайгаз» АҚ Жарғысымен анықталады.

Басқарма атқарушы орган болып табылады және Компанияның ағымды қызметін басқаруды жүзеге асырады. 2020 жылы тұрақты негізде және қажет болған кезде Басқарманың 27 отырысы өткізілді.

2020 жылы Басқарма өзгелермен қатар, Компанияның операциялық қызметіне қатысты аса маңызды мәселелерді қарастырды:

- Пандемиямен және COVID-19-бен күресте Атырау облысы Әкімдігіне демеушілік көмек көрсетуді мақұлдау туралы.
- Жасалуына «Ембімұнайгаз» АҚ-ң 500 млн теңгеге дейін мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу.
- «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік бағдарламасын бекіту.
- Студенттер (қазақстандық мамандар) оқуына қаражат бөлу туралы.
- 2021 жылға ТЖҚ бірінші кезектегі сатып алулар тізімін бекіту туралы.
- Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға әлеуметтік, қайырымдылық көмек көрсету туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ (Басқарма мүшелерінен және корпоративті хатшыдан басқа) басқарма аппаратының қызметкерлеріне 2020 жылдағы тоқсандық сыйлықақы төлеу туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік құрылымы бөлімшелерінің қызметкерлерінің штаттық кестесін бекіту туралы.
- «Ембімұнайгаз» АҚ зейнеткерлеріне материалдық көмек көрсету туралы.
- Есептен шығаруға жататын өтімді емес ТМҚ тізбесін бекіту.

Одан басқа, келесі құжаттарды бекіту жөніндегі мәселелер қаралды:

- «Ембімұнайгаз» АҚ бизнес-жоспарын құру рәсімдері (3-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ бюджетін құру рәсімдері (4-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ бюджеттік комиссия туралы ережелер (3-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ бизнес-жоспарлау туралы ережелер (3-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ сенімхат беру қағидалары (3-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Мұнай кәсіпшілігі құрал-жабдықтауына қызмет көрсетуді және жөндеуді ұйымдастыру қағидалары (1-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Персоналды іріктеп алу және таңдау қағидалары (4-редакция).

- «Ембімұнайгаз» АҚ Зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау қағидалары (3-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің шипажай мен санаторийде емдеу шығындарын өтеу қағидалары (2-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Жұмыс беруші мен қызметкерлердің арасындағы ішкі коммуникациялар қағидалары (2-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ «Қорғау» картасын қолдану бойынша нұсқаулықтар (1-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ денсаулықты қорғау және еңбек гигиенасы жөніндегі қағидалар (1-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ интернет пен электрондық поштаны пайдалану қағидалары (1-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ мобильдік құрылғылар мен ақпарат тасығыштарын пайдалану қағидалары (1-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Ақпаратты резервтік көшіру және қалпына келтіру регламенті (1-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Штаттан тыс (дағдарысты) жағдайлардағы ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғаларына орай әрекет ету бойынша пайдаланушылардың іс-әрекет тәртібі туралы нұсқаулығы (1-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Ақша қаражаттарын орналастыру қағидалары (1-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуларды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу қағидалары (4-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық (1-редакция).
- Іс жүргізу жөніндегі нұсқаулық (3-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Механикалық (жерүсті) көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану қағидалары (2-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін бағалау әдістемесі (1-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын мониторингтеу рәсімдері (1-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Экономикалық қауіпсіздік регламенті (1-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Басшылардың, мамандардың және басқа қызметкерлердің лауазымдарына үміткерлерді іріктеп алу және таңдау қағидалары (1-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Жұмысшы мамандықтарға үміткерлерді іріктеп алу және таңдау қағидалары (1-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Кадрлар резервін құру және дайындау қағидалары (3-редакция).
- «Ембімұнайгаз» АҚ Кадрлық іс жүргізуді ұйымдастыру туралы нұсқаулық (5-редакция).



### Басқарма мүшелерінің еңбек шарттары

Басқарманың барлық мүшелері Компаниямен еңбек шарттар жасасты, сол бойынша оларға әдетте сапарға шыққан кезде жазатайым оқиғалардан сақтандыру және Компанияның ішкі ережелеріне сәйкес қызметтік іссапарлар кезінде шығындарды өтеу беріледі.

Жоғарыда айтылғанды қоспағанда, Басқарма мүшелерімен Компаниямен ешқандай басқа еңбек шарттарын жасау жүзеге асырылмайды және ұйғарылмайды.

### Есептің анықтығына жауапкершілік

Компанияның лауазымды тұлғалары Компанияның жылдық есебінде болатын мәліметтердің анықтығына жауапты болады.

## Ішкі аудит

Ішкі аудит қызметі жұмысының басты мақсаты қаржы-шаруашылық қызметті, ЕМГ өндірістік және операциялық үдерістерін, жүргізілген аудиттер қорытындылары бойынша тәуелсіз және объективті ақпаратты Директорлар кеңесіне ұсыну және бақылауды жүзеге асыру болып табылады. Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізу.

Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасын, жарғыны, ЕМГ органдарының шешімдерін, Ішкі аудит жүргізу нұсқаулығын және Компанияның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Қызмет тікелей Директорлар кеңесіне бағынатын және есеп беретін және Компанияда ішкі аудитті ұйымдастыру мен жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ЕМБ органы болып табылады.

Қызметтің жұмысы тәуелсіздік, объективтілік, құзыреттілік және жұмысқа кәсіби көзқарас қағидаттарына, сондай-ақ Халықаралық ішкі аудит кәсіби стандарттарымен анықталатын ішкі аудиторлар қызметінің стандарттарына, Ішкі аудит анықтамасына және МОПП әзірлеген Этика кодексіне негізделеді.

Қызметтің негізгі міндеттері төмендегілерді аудиторлық тексеру, талдау және бағалау болып табылады:

- қаржы-шаруашылық қызметті жүргізу анықтығын және тиімділігін;
- ЕМГ ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін;
- ЕМГ-ғы тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін;
- ЕМГ-ғы алаяқтықты жасау тәуекелін және алаяқтық тәуекелін басқару тиімділігін;
- Қоғамның құрылымдық бөлімшелері және оның қызметкерлері жасайтын іс-әрекеттер мен операциялардың қолданыстағы заңнама және ЕМГ ішкі құжаттары талаптарына сәйкестігін;

- ЕМГ есеп жүргізу жүйелерінің, ақпаратының (жоспарларының және есептілігінің) анықтығын, объективтілігін және сенімділігін, сондай-ақ сол ақпаратты (жоспарларды және есептілікті) ішкі және сыртқы пайдаланушыларға ұсыну үшін қолданылатын ережелердің (қағидаттардың, әдістердің) бағалануының;
- ресурстардың, активтердің және олардың есебін жүргізуді қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерінің (амалдарының) пайдалану ұтымдылығы мен тиімділігін, сақталуын (қалпына келтірілуін) және/немесе қауіпсіздігін (қорғалуын);
- Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі саясаттар мен басқа да құжаттардың талаптарының сақталуын, сондай-ақ сол талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін құрастырылған және қолданылатын жүйелер мен рәсімдердің тиімділігін (комплаенс-бақылау);
- ЕМГ органдарының шешімдерінің және уәкілетті (қадағалаушы) мемлекеттік органдардың ұйғарымдарының (ұсыныстарының) орындалуын;
- ЕМГ құрылымдық бөлімшелері жүзеге асыратын бизнес-үдерістердің, олардың алдына ЕМГ стратегиялық мақсаттарының аясында қойылған міндеттеріне жетуге арналған шаралардың жеткіліктілігін және/немесе тиімділігін;
- Корпоративтік басқару жүйесінің және оны жетілдіру үдерісінің тиімділігін, этикалық стандарттар мен құндылықтардың сақталуын.

ІАҚ жұмыстар жоспарына сәйкес жалпы «Ембімұнай-газ» АҚ бойынша 4 аудит жоспарланған, нақты 4 аудит (оның ішінде 2 – қашықтан) жүргізілді, барлық аудиттер уақтылы өткізілді.

Жүргізілген аудиттер қорытындылары бойынша 11 ұсыным берілді, 10 ұсыным уақтылы орындалды, 1 ұсынымның орындау мерзімі 2021 жылы аяқталады.

## Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару саласында Компания стратегиясы бизнестің стратегиялық және оперативті тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған, ол дер кезінде сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және Компанияның тәуекел мәнін ескере отырып, оны проактивті басқару, түрлі деңгейдегі қызметкерлердің коммуникацияларын және координацияларын қамтамасыз ету арқылы жетеді.

Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесі бірыңғай процеске біріктірілген элементтердің өзара байланысының жинағы болып табылады, сол аяда Директорлар кеңесі, басшылық және қызметкерлердің әрқайсысы өз деңгейінде Компанияның қызметіне әсерін тигізуі мүмкін ықтималды оқиғаларды анықтауға қатысады.

Тәуекелдерді басқару процесі тікелей өзара байланысты және стратегиялық жоспарлау, өндірістік және бюджеттік жоспарлау, инвестициялық қызмет процестерімен және ынталандыру жүйесімен интеграцияланған.

Компанияда тәуекелдерді басқару процесі тұрақты, циклдік (үздіксіз), түрлі бағытта болып келеді және келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

- мақсаттар қою;
- тәуекелдерді сәйкестендіру;
- тәуекелдерді бағалау;
- тәуекелдерді бақылау және басқару;
- мониторинг жүргізу;
- есеп беру.

Компания тәуекелдерін басқару жүйесі мұнай-газ өндіру басқармасының (МГӨБ) және «Embi Muna Gas» АҚ басқа қосымша басқармаларының тәуекелдер портфелін ескере отырып әрекет етеді.

2018 жылы тәуекелдерді сәйкестендіру жұмыстарының барысында пайда болу себептері, тәуекелдерді іске асырған жағдайдағы салдары көрсетілген тәуекелдер тізілімі құрастырылды және өндірістік, сондай-ақ өндірістік емес тәуекелдерден құралатын ең маңызды тәуекелдердің тізбесі бөліп шығарылды.

Тәуекел-менеджментті тиісінше жүзеге асыру мақсатында Компанияда қолданылатын Сақтандыру арқылы қорғауды қамтамасыз ету саясатына сәйкес тәуекелдер сақтандырылады.

Міндетті сақтандыру түрлерінен басқа ең үздік дүние-жүзілік тәжірибелерге сәйкес Компания мүліктік тәуекелдерді, ұңғымалардың бақылаудан шығып кету тәуекелдерін сақтандырады және үшінші тұлғалардың алдындағы жалпы жауапкершілікті сақтандыруды жүзеге асырады.

## Тәуекелдердің негізгі топтары

- **Операциялық тәуекелдер** – персонал, қаржы активтері, өндірістік технологиялар, басқару технологиялары, ақпараттық технологиялар және негізгі қорлар сияқты ішкі факторларға байланысты болатын операциялық қызметпен және Компанияның бизнес-процестерімен байланысты тәуекелдерден тұрады.
- **Бизнес-тәуекелдер** – бұл тәуекелдер бизнес-ортамен байланысты, онда Компания өз қызметін жүзеге асырады. Бизнес-орта мемлекет, бәсекелестер, контрагенттер, инвесторлар, меншік иелері, бұқаралық ақпарат құралдары сияқты сыртқы факторлармен анықталады. Сыртқы факторлармен, сонымен қатар, экономикалық ортадағы өзгерістер, ақша ресурстарының бар болуы және қолжетімділігі, саяси факторлар, ортаның құқықтық тарабының өзгерісі, әлеуметтік – мәдени ортадағы өзгерістер, технологиялық факторлар бола алады. Барынша аз басқарылатын және ең елеулі бизнес-тәуекелдер, бұл жағдайда Компания осындай тәуекелдерді барынша азайту мақсатында тиісті шараларды қолданады.
- **Жобалық тәуекелдер** – бұл белгісіз оқиға немесе шарт, ол туындаған жағдайда жоба мақсаттарының ең болмағанда біріне әсер етеді (позитивті немесе негативті), мысалы, мерзімдер, құны, құрамы немесе сапасы.







# ТҰРАҚТЫ ДАМУ

## САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП



### COVID-19 пандемиясының қауіптерін еңсеру

2020 жылы Қазақстан бүкіл әлем секілді адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін вирус – COVID-19 пандемиясына тап болды. Былтырғы жылдың наурызында елімізде төтенше жағдай жарияланды. Барлық өңірлерде инфекцияның таралуын болдырмауға және ауру жұқтырғандарға білікті медициналық көмек көрсетуге бағытталған шаралар өткізілді. Пандемиямен күрес бір жылға созылды және 2021 жылы жалғасуы мүмкін деген болжам бар.

2020 жылдың наурызынан бастап ЕМГ басшылығы сыни өндірістік процестердің үздіксіздігін сақтай отырып, қызметкерлер үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша барлық шаралар қабылданды. Осы қызметтің аясында келесі шаралар қабылданды:

- Жедел әрекет ету және төтенше жағдайларды басқару тобының деңгейінде орталық штаб құрылды. Қосымша әр МГӨБ бойынша штабтар және резервтік бригадалар құрылды.
- Барлық жаппай іс-шаралар мен тренингтер тоқтатылды.
- Кеңестер телефондық және бейнеконференциялар форматына ауыстырылды.
- Қашықтан жұмыс нысанына ауыстырылатын қызметкерлер тізбесі анықталды. Олардың басым бөлігін зейнеткерлік жасқа жақындап қалған қызметкерлер, созылмалы аурулары бар қызметкерлер, жүкті әйелдер, көпбалалы аналар, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдер, он төрт жасқа дейінгі балаларды (18 жасқа дейінгі мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған жалғызбасты әйелдер, аталған балалар топтарын анасыз өсіріп отырған басқа адамдар, сондай-ақ ЖРВИ белгілері бар қызметкерлер құрады. Қашықтан жұмыс істейтін қызметкерлер үшін ротациялау кестесі, жұмыстар кестесі анықталды, қажетті IT-сервистерге қолжетімділік қамтамасыз етілді. Бұл ретте қашықтан орындалатын жұмыстардың ұзақтығы кемінде 14 күнді құрады.
- Бөгде адамдарға Компания объектілеріне кіруге тыйым салынды.
- Мемлекеттің басқа өңірлерінен келген қызметкерлерге жұмысқа келуге тыйым салынды.
- Барлық әкімшілік ғимараттардың кіреберістерінде зарарсыздандыру туннельдері орнатылды. Басқару аппаратының әкімшілік блоктарының және өндірістік құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлеріне жұмыс орындарына тепловизормен күнделікті тексергеннен кейін баруға рұқсат берілді.
- Сол сияқты вахта ауыстыру кезінде (вахтаны бастар алдында) өндірістің бөлімшелер қызметкерлерінің денсаулығының күйіне бақылау жүргізілді.
- Компанияның барлық объектілерінде қатаң санитариялық режим іске қосылды.
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында сыртқы дереккөздерден келген хат-хабарлармен және қызметтік құжаттамамен алмасу, сондай-ақ ішкі құжаттарды келісу тек қана электрондық форматта жүзеге асырылады.
- Жұмыс орындарында қалатын барлық қызметкерлер жеке қорғану құралдарымен, соның ішінде маскалармен және респираторлармен қамтамасыз етілді.
- Өндірістік объектілерде барлық көлік түрлері күніне 3-4 рет зарарсыздандырылады, жатақханалар мен асханалар санитайзерлермен қамтамасыз етілген. Өндірістік және әлеуметтік маңызы бар барлық объектілерде

инфекцияны таратпау бойынша профилактикалық шараларды күшейту бойынша қосымша іс-шаралар жүргізіледі.

- Мердігерлік ұйымдардың вахталық ауылдарының аумақтарында санитарлық күй мен профилактикалық шараларға күшейтілген бақылау жүргізіледі.
- ЕМГ мен мердігерлік ұйымдардың барлық қызметкерлері жұмыс орнына баруға рұқсат алу үшін міндетті ПТР-тестілеуден өтеді. Вахталық әдіс бойынша жұмыс істейтін Компания және мердігерлік ұйымдар қызметкерлері теріс тестінің және карантиннің негізінде жұмысқа жіберіледі. Кен орындарынан қызметкерлер COVID-19 бойынша тестілері теріс болған жағдайда шыға алады.
- Вахтаның ұзақтығы 14 күннен 28 күнге дейін ұзартылды.
- Пандемия басталғалы бері ЕМГ Компания қызметкерлеріне барлығы 21,7 мыңнан астам ПТР-тест өткізді.
- 2020 жылы пандемия кезінде Компанияның инфекция жұқтырған қызметкерлерінің саны 480-ге жетті, олардың барлығы жазылып шықты. COVID-19 нәтижелері расталған қызметкерлер бақылауға алынып, анықталған симптомдарға сәйкес ем алды.
- 5 мың бір реттік обаға қарсы комбинезон, 5 мың бахила, 86 770 көп реттік маска (қолда бар ағымдағы қоры 30 086 дана) сатып алынды.
- Қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне білікті медициналық көмек көрсету үшін медициналық сақтандырудан басқа COVID-19, тұмауға және пневмонияға ұқсас симптомдар бойынша арнайы медициналық қызмет көрсетуге арналған шарт жасалды.

## Өңірді қолдау

Пандемия басталғалы бері ЕМГ Атырау облысының әкімдігімен бірлесіп өңір тұрғындарына жан-жақты көмек көрсетуде.

Компания бөлген 500 млн теңге көлеміндегі қаражат COVID-19 пандемиясы басталғалы бері «Birgemiz-Atyrau» Қоғамдық қорына дәрілік препараттарды сатып алуға, Атырау облыстық ауруханасына медициналық құрал-жабдықтарды (ӨЖЖ арналған оттегі концентраттарын сатып алу, ота жасау блоктарын, жансақтау бөлімін, диализдік орталықтарды, провизорлық бөлімшелерді жабдықтау бойынша емдік газбен қамсыздандыру жүйесін жүргізу) сатып алуға, басқа да осы сияқты мақсаттарға, Жылыой аудандық аурухана үшін жеке қорғану құралдарын сатып алуға, Атырау қ. Береке шағын ауданындағы карантиндік стационарларды тұрмыстық техникамен және гигиеналық керек-жарақтармен қамтамасыз етуге жұмсалды.

Оған қосымша, Исатай, Мақат, Жылыой және Қызылқоға аудандарының әкімдіктеріне блок-посттарды ұйымдастыруға, залалсыздандыру жұмыстарын жүргізуге және әлеуметтік осал халық топтарына көмек көрсетуге қолдау жасалды.

Ембіліктер еріктілер ретінде 1 млн теңгеден астам қаржы жинап, оны карантинге оқшауланған медицина және полиция қызметкерлеріне мекенжайлары бойынша көмек көрсетуге жұмсады.

## Кадрлық саясат

Персоналды басқару және дамыту тәсілдерінің аясында бизнес-модельдің тұрақтылығы мен сенімділігін ұзақ мерзімді перспективада арттыру үшін Компания өз стратегиялық мақсаттарымен өзара байланысты қамтамасыз етуге ұмтылады.

Кадрлық қызметтің басты мақсаты Компанияның қызметкерлерді сапалы оқыту және дамыту есебінен, ең соңғы үлгідегі тиімді құралдарды іздестіру және енгізу, атқарушылық тәртіпке жүргізілетін бақылауды күшейту және қызметкерлерді әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету есебінен стратегиялық мақсаттарына жетуге ынталандырылған, білікті персоналмен қамтамасыз ету болып табылады.


Персоналды басқару саласындағы жұмыс келесі негізгі бағыттарды қамтиды:

- Персоналды іріктеп алу процедураларын дамыту;
- Персоналды оқыту жүйесін жетілдіру;
- Жастармен жұмыс жүргізу;
- Кадрлық резервпен жұмыс істеу жүйесін дамыту;
- Еңбекақы төлеу және еңбекті нормалау жүйесін жетілдіру;
- Персоналдың санын және оларға жұмсалатын шығындарды тиімді басқару;
- Кадрлық әкімшілендіру және жұмыс уақытының есебін жүргізу.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Компания қызметкерлерінің нақты саны 4 764 адамды құрады. Дерлік барлық қызметкерлер мерзімсіз (белгісіз мерзімге жасалған) шарт бойынша жұмыс істейді және толық жұмысбасты болып табылады. 2020 жылы 5 адам ішінара жұмысбасты болды.

Соңғы жылдары Компания шығындарын оңтайландыру мақсатымен бейінсіз біліктілігі төмен еңбектің штаттық жұмыс орындарын аутсорсингке шығару бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың салдарынан штат қысқартылды.

### Персоналдың шоғырландырылған саны



Бір жылдың ішінде 25 жаңа қызметкер жұмысқа алынды. 2020 жылдың ішінде персоналдың тұрақтамауы 3,3%-ды құрады.

Ондаған жылдар бойы атқарған жұмысының ішінде Компанияда берік дәстүрлер және ұрпақтар сабақтастығымен қалыптасқан. Еңбек әулеттері «Embi Muna Gas» АҚ тұрақты ұзақ мерзімді дамуының негізі болып табылады. Бүгінгі таңда Компанияда 20-дан астам отбасы әулетінің өкілдері еңбек етуде, онда үш және одан көп буыны өз өмірлерін мұнайшы деген қиын кәсіппен байланыстырды. Солардың кейбіреулерінің жалпы жұмыс өтілі 200 жылды асырады.


Компанияда еңбек өтілінің басым бөлігін мұнай саласының қиын қыстау жағдайларында жұмыс істеген және денсаулығында кінәраты бар қызметкерлер үшін мерзімінен бұрын 58 жастан зейнетке шығу бағдарламасы іске асырылып келеді.

### 2020 жылдың соңындағы персоналдың құрылымы, адам


КӨРСЕТКІШ	Барлығы (АД.)	Соның ішінде гендерлік топтар бойынша		Соның ішінде жастық топтар бойынша		
		Ерлер	Әйелдер	30 жасқа дейін	30-50 жас	50 жастан жоғары
Барлық персонал саны	4 764	3 927	837	304	2 858	1 602
Басқарма	5	4	1	–	1	4
Басшылар	317	262	55	2	189	126
Мамандар	1 129	771	358	80	765	284
Жұмысшылар	3 313	2 890	423	222	1 903	1 188
Персоналдың тұрақтамауы, %	3,3	2,8	0,5	0,2	0,6	2,5
2020 жылдың ішінде жалдап алынған қызметкерлер саны	25	23	2	11	10	4




2020 жылдың соңындағы персоналдың гендерлік құрылымы




2020 жылдың соңындағы персоналдың жастық топтар бойынша құрылымы



2020 жылдың соңындағы Басқарманың гендерлік құрылымы



2020 жылдың соңындағы Басқарманың жастық топтар бойынша құрылымы



## Персоналды оқыту және дамыту

ЕМГ кадрлық саясатының маңызды міндеті Компанияның біліктілігі жоғары басқарушылық, әкімшілік және өндірістік персоналға қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен қызметкерлердің біліктілігін арттыру болып табылады. Қызметкерлердің білім және дағды деңгейін жинақтау және арттыру жүйесін құру және оларды іс жүзінде тиімді қолдану бойынша жұмыс жүргізілуде. Оқыту бағдарламалары іске асырылып, қызметкерлердің әлеуетін үздіксіз дамыту қамтамасыз етіліп жатыр. Сонымен қатар Компания біліктілігі жоғары қызметкерлерді ұстап қалуға және олар үшін тартымды еңбек жағдайларын жасауға ұмтылады.

Компанияда оқытудың келесі түрлері өткізіледі:

- техникалық тәртіпті оқыту;
- қаржылық-экономикалық тәртіпті оқыту;
- тілді оқыту;
- жалпы сипаттағы пәндерді оқыту;
- магистрлік, мамандандырылған, модульдік бағдарламалар бойынша оқыту;
- жұмыс орында қолданылатын техникалық амалдар мен дағдыларды оқыту;
- қауіпсіздік техникасын, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды оқыту.

Жұмыс орнында қысқа мерзімді курстар мен оқыту, Компанияның басқа құрылымдық бөлімшелерінде немесе басқа компанияларда тағылымдама жүргізіледі, қашықтан оқыту қолданылады. Сонымен бірге конференцияларға, форумдарға қатысу ұйымдастырылады – бұл тәжірибе жинақтауға және ой-өрістің кеңеюіне, соңғы жетістіктер мен технологиялармен, жаңа тәсілдермен және идеялармен, басқа компаниялардың нәтижелі тәжірибесімен және әзірлемелерімен танысуға жағдай жасайды, сондай-ақ Компания үшін тиімді серіктестік қатынастарды орнатуға көмектеседі.

### 2020 жылы:

- 4 477 қызметкер еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша міндетті оқудан өтті;
- 291 қызметкер – фонтанға қарсы қауіпсіздік бойынша оқудан өтті;
- 77 қызметкер – жұмысшы мамандықтар бойынша оқудан өтті;
- 381 қызметкер – техникалық және бизнес-семинарларда, тренингерде, стратегиялық сессияда және т. б. білім алды, соның ішінде
- 3 қызметкер – MBA бағдарламасы бойынша оқыды;
- 5 қызметкер – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-да «Бас геолог» бағдарламасы бойынша модульдік оқудан өтті.

## 2020 жылдың ішінде қызметкерлерді оқуы туралы ақпарат

КӨРСЕТКІШ	ГЕНДЕРЛІК ТОПТАР БОЙЫНША			ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНАТТАРЫ БОЙЫНША		
	БАРЛЫҒЫ	ӘЙЕЛДЕР	ЕРЛЕР	БАСШЫЛАР	МАМАНДАР	ЖҰМЫСШЫЛАР
Ұйым қызметкерлерінің есепті кезеңнің ішінде өткен оқуының орташа сағаттар саны	11.9	11.7	12.0	34.9	9.5	10.5
Оқудан өткен қызметкерлердің саны	4 806	734	4 072	358	961	3 487

## Кадр резервін құру және дамыту

ЕМГ құрылымдық бөлімшелердің басшыларының орнын ауыстыру үшін кадрлық резерв құрумен айналысады. Бұл жұмыс кадрларды іріктеп алумен және үлестірумен байланысты тәуекелдерді барынша азайту, қызметкерлердің сапалық құрамын жақсарту, ең перспективалы басшыларды, мамандарды мақсатты түрде таңдап алу және оқыту негізінде басқару тиімділігін арттыру мақсатымен жүргізіледі.

Кадр резервісінің және мансаптық өсудің құрылған жүйесі басқарудың барлық жүйесіне сенімділікті қамтамасыз етуге, басқарудың жоғары және орта буын лауазымына кадрларды іріктеу және орналастыру барысында кездейсоқтық және субъективтілік элементтерін барынша азайтуға; стратегияға сәйкес Компанияны дамытуға дайын әлеуетті қызметкерлерді анықтауға, қызметкерлер ынтасын көтеруге, мансаптық өсу мүмкіндігін ұсыну арқылы қызметкерлерді ұстап қалуға, өзін-өзі таныту перспективаларын күшейтуге; жетекшілер мен мамандарды оңтайлы орналастыруға немесе алмастыруға қолжеткізуге, жетекшілік ететін қызметкерлерді тағайындау барысында кадрлық тәуекелдерді азайтуға (қызметіне бейімделген кезі) мүмкіндік береді.

Жоспарлы кадрлық резервке 35 үміткер және перспективалы кадрлық резервке 25 үміткер қатысқан кешенді бағалау қорытындылары бойынша кадрлық резервтің жаңа құрамы құрылды:

- басқарушы директорлардың, ӨҚБ бастықтарының, бас инженерлердің негізгі лауазымдарына жоспарлы резерв (жаңа іріктеме) – 6 резервші;
- орта буын басшыларының позицияларына жоспарлы резерв (қайта бағалау) – 8 резервші;
- перспективалық резерв (жаңа іріктеме) – жас мамандар ішінен 13 резервші.

2018–2020 жылдары жоғары лауазымдарға жоспарлы резервтен 5 қызметкер және перспективалық резервтен 4 қызметкер тағайындалды.

Резервшілер үшін «Ораторлық өнер 2.0», «Өзгерістерді басқару, Көшбасшылық», «Тиімді басшы» және т. б. тренингтер ұйымдастырылды.

## Персоналды ынталандыру

Компания жұмыс нәтижелері үшін әділ сыйақы төлеу арқылы персоналды тиімді жұмыс істеуге ынталандыруға тырысады.

Компания біліктілігі мен нәтижелілігі Компанияның өз миссиясын табысты орындауын және бизнес-мақсаттарға жетуін қамтамасыз ететін қызметкерлерді тарту, ұстап қалу және ынталандыру мақсатымен қызметкерлерді атқарушылық тәртібін ынталандырудың және арттырудың тиімді жүйесін құру және үздіксіз дамыту бағытында көп жұмыс атқарады.

Ынталандыру және атқарушылық тәртіп саласында негізгі міндеттер болып келесілер табылады:

- Компанияның барлық қызметкерлерінің еңбекақысын төлеуге бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету және еңбекпен қолжеткізілген нәтижелердің және әділ сыйақының сәйкес келуі;
- марапат пен сыйлық жүйелерін дамыту, соның ішінде, жаңа технологияларды құру және енгізу, дамыту жобаларын іске асыру, негізгі қаржылық-экономикалық, әлеуметтік-еңбек және басқа мәселелерді шешу;
- қызметкерлер алдына қойылған міндеттерді орындау сапасын бақылауды күшейту;
- Компанияда әзірленген және енгізілген басқарушы құжаттар жөнінде қызметкерлердің хабардар болуын арттыру;
- басымдылықтарды және орындау мерзімдерін көрсете отырып, қызметкерлер алдына қойылған міндеттер процесін автоматтандыру, оларды орындауды қатаң түрде бақылау.

## Қызметкерлерді марапаттау және көтермелеу

2020 жылдың наурызынан бастап біздің еліміз корона-вирустық инфекция пандемиясы жағдайында өмір сүріп келеді. ЕМГ-да өз қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Компанияның барлық объектілерінде инфекцияның таралуына қарсы күрес бойынша барлық қажетті шаралар қабылданды. Барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерде енгізілген төтенше жағдай режимі және одан кейінгі карантиндік шектеулер жағдайларында басқару жөніндегі жұмыс органдарына айналған жедел штабтар құрылды.

Негізгі басқарушылық шешімдерді орталық штабтың қабылдайтынына қарамастан, ұйғарылған іс-шараларды басшылар мен бөлімшелердің қатардағы қызметкерлері жер-жерлерде іске асырады. Сондықтан 2020 жылы пандемияның бірінші толқыны кезінде көшбасшылық қасиеттерін және өздеріне сеніп тапсырылған жұмыс учаскесі үшін барынша жауапкершілік танытқан қызметкерлерді ерекше белгілеу туралы шешім қабылданды. «Жыл үздігі» номинациясы тағайындалды және жыл сайын Компаниямыздың ерекше еңбек еткен қызметкерлерін, сондай-ақ Ембі алдындағы шарттық міндеттемелерді ең жоғары деңгейде орындауды қамтамасыз еткен серіктестерді марапаттау туралы шешім қабылданды.

2020 жылдың ішінде атқарған еңбегі мен еңбек қызметі және COVID-19 пандемиясымен күреске қосқан үлесі үшін Компанияның келесі қызметкерлері марапатталды:

- Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары **ТАСМАҒАМБЕТОВА Рысты Нұрғалиқызы** ел мен аймақ басшылығы мойындаған компания мен Атырау облысы тұрғындарының мүддесі үшін жанқиярлық қызметіне «Жыл тануы» номинациясымен;
- «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы **СҮЛЕЙМЕНОВ Амангелді Тасқынбайұлы** артық шығынсыз мол өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін «Жылдың тиімді менеджері» номинациясымен;
- «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы **ШАНАЕВ Ғабатолла Толағайұлы** штаттан тыс жағдайда өндірістік қызметті қамтамасыз еткені үшін «Жылдың кризис-менеджері» номинациясымен;
- «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы **ЖҮНІСОВ Мәлік Мұқышұлы** ұжымдағы моральдық-психологиялық қолайлы климатқа қол жеткізудегі жетістіктері үшін «Жылдың тиімді басшысы» номинациясымен;
- «KMG EP-Catering» ЖШС-нің Атырау филиалының директоры **ХИСМЕТҮЛЛИН Эдуард Ғаббасұлы** пандемия кезіндегі табанды серіктестігі және ұжыммен бірлесе атқарған қалыпты жұмысы үшін «Жыл серіктесі» номинациясымен;
- «Ембімұнайэнерго» басқармасының бас инженері **БАЯМИРОВ Берік Жоламанұлы** жас мамандарды дайындағаны және қолдау көрсеткені үшін «Жыл тәлімгері» номинациясымен;
- «Доссормұнайгаз» МГӨБ еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бөлімінің бастығының орынбасары **ҚОБЛАНДИЕВ Нұрлан Сәндіжанұлы** өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде жүргізілген қауіпсіздік жұмыстары бойынша қол жеткізген үздік жетістіктері үшін «Жылдың қауіпсіз өндірісті ұйымдастырушысы» номинациясымен;
- «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы **БОХАЕВА Ақмарал Өтегенқызы** пандемия кезінде коронавирус инфекциясын таратпау мақсатындағы жұмыстарды ұйымдастыруға белсене қатысқаны үшін «Жыл қызметкері» номинациясымен;
- Өндірістік – техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау группасының жетекшісі **АЙДАРБАЕВ Аманжан Танатарұлы** COVID-19 пандемиясымен күрес жүргізу жұмыстарын ұйымдастыруға белсене қатысқаны үшін «Жыл қызметкері» номинациясымен;
- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №2 мұнай және газ өндіру цехының бастығы **АБЕЖАН Қуанғали Халидоллаұлы** дағдарысты ахуал кезінде өндірістік міндеттемелердің шешілуіне жеке үлес қосқаны үшін «Жылдың цех бастығы» номинациясымен;
- «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай және газ өндіру цехының мұнай-газ және конденсат өндіру шебері **ТАЙБУРИЕВ Жалғас Тұрғалиұлы** дағдарысты ахуал кезінде өндірістік міндеттемелердің шешілуіне жеке үлес қосқаны үшін «Жыл шебері» номинациясымен;
- «Доссормұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеу цехының ұңғымаларды жөндеу шебері **НҮРЖАНОВ Еламан Жақсығалиұлы** дағдарысты ахуал кезінде өндірістік міндеттемелердің шешілуіне жеке үлес қосқаны үшін «Жыл шебері» номинациясымен;
- «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы мұнайды дайындау және айдау цехының Қисымбай мұнай дайындау және айдау учаскесінің 4 разрядты тұзсыздандыру және сусыздандыру қондырғысының операторы **УМИРОВ Есенжан Ұлықпанұлы** дағдарысты ахуал кезінде өндірістік міндеттемелердің шешілуіне жеке үлес қосқаны үшін «Жыл шебері» номинациясымен.

2020 жылы еңбек жетістіктері үшін 266 қызметкер мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталды.

ҚР Тәуелсіздік күніне орай мына қызметкерлер марапатталды:

- «Құрмет» орденімен – Тасмағамбетова Рысты Нұрғалиқызы, Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;
- III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен – Жолдасов Демеген Абдулович, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Терең-Өзек №2 МГӨЦ мұнай және газ өндіру операторы;
- «Ерен еңбегі үшін» медалімен – Шаяхметов Бибоз Байдаулетович, әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық объектілерді басқару жөніндегі департаментінің директоры;
- Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен – Гумаров Роберт Жасталапович, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ материалдық-техникалық қамсыздандыру қоймасының қоймашысы.

### Сыйақы беру

ЕМГ қызметкерлеріне сыйақы беру деңгейі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болып табылады. 2014 жылдан бері Компанияда «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ «Мұнай және газды барлау және өндіру» бизнес-бағыты бойынша еншілес тәуелді ұйымдар (ЕТҰ) үшін әзірлеген Бірыңғай еңбекақы төлеу жүйесі (БЕТЖ) қолданылады. Қолданыс-



тағы еңбекақы төлеу жүйесі мыналарды қамтамасыз етеді:

- Қазақстанның ірі компанияларының деңгейіне сай келетін жеткілікті сыйақы беру деңгейін;
- тұрақты және ауыспалы (сыйлықақылы) бөліктерден құралатын екікомпоненттік еңбекақы төлеу жүйесін;
- Қазақстандағы инфляция деңгейіне сүйене отырып, қызметкерлердің еңбекақысын индексациялауды.

Еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, сондай-ақ «Ембімұнайгаз» АҚ Қызметкерлерге еңбекақы төлеу ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Еңбекақының тұрақты бөлігін анықтау кезінде өңірдегі ауыр табиғи-климаттық жағдайларды ескеретін коэффициент, зиянды еңбек жағдайлары үшін қосымша төлем және басқа да тұрақты төлемдер қолданылады. Еңбек-

ақының ауыспалы бөлігінің құрамына көрсеткіштерді орындау нәтижелері және сыйлықақы беру шарттары бойынша төленетін бір ай немесе тоқсан ішіндегі жұмыстар қорытындылары бойынша сыйлықақылар кіреді.

Компания қызметкерлерінің ең төменгі жалақы деңгейі Атырау облысындағы ең төменгі жалақыға қарағанда жылдан жылға тұрақты түрде артып келеді.

Одан басқа, еңбекақы төлеу жүйесінде біржолғы ынталан-дыру төлемдері қарастырылған:

- бір жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы беру (жылдық сыйақы);
- мереке күндеріне – 8 Наурызға (әйелдер үшін), Наурыз мейрамына, Мұнай-газ кешенінің қызметкерлері күніне, «Тәуелсіздік күні» мейрамына орайластырылған біржолғы сыйлықақылар.

## Әлеуметтік жобалар

### Жастармен жұмыс

#### Қазақстандық мамандарды даярлау

Компания келісім шарттық міндеттемелер аясында қазақстандық мамандарды дайындау бөлігінде әлеуметтік жобаларға айтарлықтай қаражатты бөледі.

Бес жылдан беру Компанияда негізінен дуалды оқыту бойынша жоба іске асырылып келеді. Жобаға С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті (АМГУ); АРЕС Petrotechnic (АРЕС) жоғарғы колледжі; Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университеті (УММТУ); С. Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғарғы колледжі (АПЖК); Мақат технологиялық мұнай және газ колледжі (МТМГК) қатысады.

2015 жыл мен 2019 жылды қоса алғандағы кезеңде 117 студент дуалды оқудан өтті. 2020 жылы 41 студент оқуын аяқтады, 53 студент 2020–2021 оқу жылындағы оқуын жалғастырып келеді. Дуалды оқыту бойынша жобаны іске асыру кезеңінің ішінде тестілеу нәтижелері бойынша 52 адам «Ембімұнайгаз» АҚ-на жұмысқа тұрғызылды. Басқа компанияларға жұмысқа орналасқандар саны – 48 адамды құрады. Жалпы дуалды оқыту түлектерінің 85%-ы жұмыспен қамтылды.

#### Оқу орындарымен ынтымақтастық

Компания, сондай-ақ, Қазақстан мен таяу шетелдің жоғары және орта кәсіби оқу орындарымен қазақстандық мұнай-газ саласының мамандарын даярлау мәселелері жөнінде тығыз ынтымақтастық орнатқан. Жер қойнауын пайдалануға келісімшарттық міндеттемелер шегінде «Ем-

бімұнайгаз» АҚ өз қаражаттары есебінен 146 студенттің оқу ақысын төледі.

#### Жас мамандарды оқыту іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу

ЕМГ-да 33 жасқа дейінгі шақта 560 жас маман (соның ішінде АУП бойынша – 51, ПСП бойынша – 509 қызметкер).

2020 жылы 10 жас маман «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ұйымдастырған рекреациялық бағдарламаға қатысты. Бағдарлама «Bonas Macfarlane Education Kazakhstan» білім беру орталығымен бірлесіп әзірленген және қызметкерлерге сауығуға және ағылшын тілін практика жүзінде білуін жақсартуға мүмкіндік береді.

Бір ПСП жас маманы Eni (Италия) Корпоративтік университетінде MASTER MANAGEMENT of HEALTH SAFETY, ENVIRONMENT and QUALITY SYSTEMS (Денсаулықты, қоршаған ортаны және сапа жүйелерін қорғауды басқару шебері) бағдарламасы бойынша қашықтан оқудан өтіп жатыр.

### Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

Компания өз қызметкерлеріне әлеуметтік қорғаныстың жоғары дәрежесін қамтамасыз етеді. 2017 жылы қабылданған ұжымдық шарт аясында әкімшілік пен кәсіподақ ұйымының арасында, Компанияның барлық қызметкерлеріне тұрақты бәсекеге қабілетті еңбекақыдан және ауырған жағдайда төленетін ерікті медициналық сақтандырудан, қызметкерлерге және олардың отбасыларына

медициналық қызмет көрсетуден басқа әртүрлі қосымша әлеуметтік және басқа да төлем түрлерін көздейді.

Жыл сайын Компания зейнеткерлерін қолдауға қаражат бөлінеді.

Компания үшін басым міндеттердің бірі – біздің қызметкерлеріміздің еңбек етуі және демалуы үшін қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайларын жасау. Оны іске асыру аясында соңғы 5 жылдың ішінде бірқатар өндірістік және әлеуметтік объектілер салынды және қолданысқа енгізілді.

Көп көңіл әрбір қызметкердің елеулі проблемаларын шешуге бөлінеді, бұл:

- еңбек демалысында сауығып кетуге материалдық көмек;
- жүктілікке және босануға байланысты төлемдер;
- баланың 1,5 жасқа толғанша балаға күтім жасау бойынша демалыста болған қызметкерлерге ай сайынғы төленетін төлемдер;
- жерлеу рәсімін ұйымдастыруға қызметкердің қайтыс болуына байланысты бір жолғы төлем;
- өндірісте жазатайым оқиға нәтижесінде қайтыс болған қызметкер отбасына бір жолғы төлем;
- қызметкерлер балаларының демалысын төлеу;
- қызметкердің шипажайлық-курорттық емдеуге шығындарды өтейді;
- еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақы;

- мәдени-көпшілік және спорт шараларын ұйымдастыру;
- қызметкерлердің тамақтануын ұйымдастыру және т. б.

Компания сонымен қатар ауырып қалған жағдайда ерікті медициналық сақтандыруға әлеуметтік кепілдік береді. Емдеуге және медициналық операциялар төлеміне, егер емдеуге шығатын шығындар сақтандыру бағдарламасымен белгіленген лимитті асыратын болса, қызметкерлерге ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес материалдық көмек қарастырылған.

Салауатты өмір салтын ұстанатын қызметкерлерді қолдау үшін Компания Атырау қ. бассейндер мен тренажер залдарына баруға абонементтер бөледі, барлық мұнай-газ өндіру басқармаларының вахталық ауылдарының базасында спортпен шұғылдануға жағдай жасалды, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ және Компанияның өзінде спорттық жарыстарға қатысу ұйымдастырылады.

2020 жылы Ұжымдық шарт талаптары бойынша материалдық көмек 1,635 млрд теңгені құрады. Атап айтқанда, шипажайлық-курорттық емдеуден 462,9 млн теңге жалпы сомаға 1 987 адам өтті, қызметкерлердің 645 балаларының демалысына 150,3 млн теңге бөлінді. Сондай-ақ карантиндік режимге байланысты балалар жолдамаларына қарастырылған сомаға қызметкерлердің балаларына арнап планшеттер мен ноутбуктарды сатып алуға рұқсат етілді. Осы мақсатта қызметкерлердің 1 829 баласына 468,9 млн теңге бөлінді.

#### 2020 жыл ішіндегі аналық/әкелік бойынша демалыстар туралы ақпарат

КӨРСЕТКІШ	МӘНІ (АД.)	СОНЫҢ ІШІНДЕ	
		ЕРЛЕР	ӘЙЕЛДЕР
2020 жылы бала күтуге байланысты демалуға құқығы бар қызметкерлер саны	38	1	37
2020 жылы бала күтуге байланысты демалыс алған қызметкерлердің саны	38	1	37
Бала күтуге байланысты демалыс аяқталған соң есепті кезеңнің ішінде (2020 жылы) жұмысына оралған қызметкерлер саны	26	–	26
Бала күтуге байланысты демалыс аяқталған соң есепті кезеңнің ішінде 2020 жылы жұмысына оралуға тиіс болған қызметкерлер саны	26	–	26
Бала күтуге байланысты демалыс аяқталған соң алдыңғы кезеңнің ішінде (2019 жылы) жұмысына оралған қызметкерлер саны	28	1	27
Бала күтуге байланысты демалыс аяқталған соң алдыңғы кезеңнің ішінде жұмысына оралған, жұмысына оралған соң 12 айдан кейін жұмысын үзбеген қызметкерлер саны	19	1	18
Жұмысқа оралу коэффициенті	1	–	1
Жұмыстарын сақтап қалу коэффициенті	0.68	1	0.67





## Әлеуметтік саясат

«Nur Otan» партиясының бастауыш партия ұйымдарының бастамасы бойынша «Жайықмұнайгаз» және «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында мұнайшылар Атырау облысы Исатай және Қызылқоға аудандарының әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетті. 2020 жылы Компания Атырау облысы әкімдігіне мүмкіндіктері шектеулі 7 мың балаға сыйлық алуға 70 млн теңге бөлді. Сонымен қатар, 274 медицина қызметкерлеріне, соның ішінде, төрт қаза болған дәрігердің отбасыларына материалдық көмекке 60 млн теңге бөлді. Ембіліктер қызметкерлер жинаған 1,1 млн теңге қаржыға мамандандырылған балалар үйінің, «Шаңырақ» облыстық отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйінің, Атырау балаларды оңалту орталығының, Психологиялық дамуы кешеуілдеген балаларға арналған Бөбек-жай-бақшасының, «Қазақ соқырлар қоғамы» ҚБ-ның балаларына жаңажылдық сыйлықтар алынып, таратылды.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75-жылдығына орай ЕМГ басшылары компания зейнеткерлерін Әлеуметтік қолдау бағдарламасының аясындағы төлемдерді: Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлерге – 200 мың теңгеден 500 мың теңгеге дейін, тыл еңбеккерлеріне – 30 мың теңгеден 50 мың теңгеге дейін, интернационалист-жауынгерлерге – 50 АЕК дейін көбейту туралы шешім қабылдады. Компанияда әрбір жауынгер-мұнайшы туралы естелік құнттап сақталады және арамызда жүрген ардагерлерге, тыл еңбеккерлеріне және интернационалист-жауынгерлерге қамқорлық көрсетіледі. Ағымдағы сәтте ЕМГ әлеуметтік қолдауына екі ҰОС ардагері, 90 тыл еңбеккері, 15 жауынгер-интернационалист, Чернобыль/Семей зардабын залалсыздандыруға қатысушылар – 16 адам ие болып отыр. Мерекелік және мерейтойлық күндерге орай төлемдерден басқа Компания қамқорлыққа алған адамдарын сақтандырумен қамтамасыз етіп, емдеу және дәрілік препараттарды сатып алу шығындарын өтеп отыр.

2019 жылдан бастап Қызылқоға ауданындағы Мұқыр ауылында 424 орындық орта мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр. Жобаны жалпы қаржыландыру сомасы 256,25 млн теңгені құрады, оның ішінде 2020 жылы 129,8 млн теңге жұмсалды. Құрылыс 2021 жылы аяқталады деп болжанып отыр.



## Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат

«Ембімұнайгаз» АҚ Ұлттық мұнай-газ Компаниясы болып табылады және де көмірсутектерді барлау мен шығарудан, оларды тасымалдау мен қайта өңдеуден бастап мамандандырылған сервистік қызметтерді көрсетуге дейін толық өндірістік циклды жүзеге асырады. Компания өндірістік қызметтің барлық кезеңдерінде қауіпсіз жұмыс ортасын құру және сақтау, экологияға кері әсерді барынша азайту үшін қызметкерлердің және қоғамның алдындағы өз жауапкершілігін толық көлемде түсінеді. Оған қоса, ЕМГ кен орындарының басым бөлігі игерудің соңғы кезеңінде тұр. Компания мұнай өндіруді сонау 1899 жылдан бастап жүргізіп келеді. Мұндай жағдайларда қоршаған ортаны және еңбекті қорғау мәселелері ерекше мәнге ие болады.

Өндірістік циклдың барлық кезеңдерінде Компания өндірістік қауіпсіздіктің ең жоғарғы стандарттарын сақтауға ұмтылады және еңбекті қорғауды басқару, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жүйесін өндірісті басқарудың негізгі элементі ретінде үздіксіз жетілдіруге бағытталған.

Компания өндірісте жазатайым жағдайларды, апаттарды және мұнайдың төгілуін толықтай болдырмауға, қоршаған ортаға кері әсерді барынша азайтуға тырысады.

«Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша стратегиясына келесі негізгі бағыттар жатады:

### 1. Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

#### Мақсаттары:

- Жұмыс уақытын жоғалтумен байланысты оқиғалар санын азайту (LTI).
- Өндірісте оқыс оқиғалар мен жазатайым оқиғаларды болдырмау.
- Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін жаңғырту.

### 2. Қоршаған ортаны қорғау

#### Мақсаттары:

- Атмосфераға бөлінетін шығарындыларды азайту.
- Ағынсулар шығарындыларының сапасын арттыру.
- Өндіріс қалдықтарын басқару.
- Төгілген мұнайды жою және мұнаймен ластанған жерлерді тазалау.

### 3. Денсаулықты сақтау

#### Мақсаттары:

- Өндірістік факторлардың персоналдың денсаулығына әсерін азайту.
- Дәрігерге дейінгі сапалы және шұғыл медициналық көмекті көрсету.



## Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік

Өндірістік қауіпсіздік Компания басшылығы үшін басымдылықтарының бірі болып табылады. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік қызметі жоғары қауіпке байланысты, және «Ембімұнайгаз» АҚ персонал үшін оқиғалар мен басқа қатерлер өміріне қауіпті қатерлерді азайтуда белсенді жұмыс жүргізеді.

2019 жылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және еңбекті қорғау аясындағы іс-шаралар бойынша шығындар сомасы 1,3 млрд теңгені құрады.

Жыл сайын еңбекті қорғау саласында жұмыстарды ынталандыру мақсатында жұмыстарды жақсы дәрежеде ұйымдастыруға, цехтар және негізгі және қосалқы өндіріс учаскелері арасында өндіріс эстетикасын арттыруға байқау-конкурс өткізіледі.

Тоқсан сайын өндірістік – құрылымдық бөлімшелерде еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыруда шеберлерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Шеберлер күні» өткізіледі, онда қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша мамандандырылған ұйымдардың, бөлімдердің мамандарын дәріс оқушысы ретінде шақырта отырып, лекциялар және семинарлар ұйымдастырылады.

2020 жылы қауіпсіздікті және еңбекті қорғауды жақсарту жұмыстарын ынталандыру мақсатында өндіріспен байла-

нысты қызметкерлердің арасында құрылымдық бөлімшелердің 74 қызметкері ақшалай қаржымен марапатталды.

2020 жылы «ЕМГ» АҚ барлық ПСП бойынша жұмыс орындары еңбек жағдайлары бойынша аттестацияланды. Барлығы 1 347 жұмыс орны аттестаттаудан өткізілді.

Міндетті медициналық тексеру және қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезіндегі жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру жүргізіледі.

Қызметкерлерге ауысымалды проф. және медициналық тексерулерден өту үшін емханалар, алғашқы медициналық көмек көрсету, науқастарды эвакуациялау және дәрілік құралдармен қамтамасыз ету, термометрлеуді жүргізу және ЖРВИ белгілерін анықтау мақсатында тексеру қызметі ұсынылады.

2020 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерін ПТР әдісімен биологиялық материалдан COVID-19 вирусының РНК табу үшін диагностикалық зерттеу жүргізу мақсатында «Мырза-Хан» ЖШС-мен шарт жасалды.

Мұнай-газ-су біліністерінің, ашық газ және мұнай фонтандарының пайда болуының алдын алу және олардың жою бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу қызметтері сатып алынады. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шегінде жұмыстар жүргізіледі. 2020 жылдың ішінде 14 770 шаршы метр ағаш конструкциялары оттан қорғайтын сіңіргіш затпен өңделді.

2020 жылдың ішінде Компанияның өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде бір жазатайым оқиға тіркелді. Тергеу жүргізілді, келешекте осы сияқты жағдайларды болдырмау үшін себептері анықталды.

## Қоршаған ортаны қорғау

Өндірістік циклдың әр кезеңінде – көмірсутектерді барлаудан бастап өндіруге дейін, оларды тасымалдаудан және қайта өңдеуден бастап мамандандырылған сервистік қызметтерді көрсетуге дейін – ЕМГ қоршаған ортаға зиянды әсерді барынша азайтуға, экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыруға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға ұмтылады. Компания экологиялық құрамдас бөліктеріне (ауа, су, топырақ және т. б.) мониторинг жүргізу бойынша тұрақты жұмыстар жүргізеді.

Қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қызмет процесінде оның ластануын алдын алу қоршаған табиғат ортасының құрамдас бөліктеріне болжамды әсерді анықтауға, ықтималды әсерді азайтуға әкелетін табиғатты қорғау шараларын әзірлеуге әкеледі.

### Атмосфералық ауаға әсер

«Ембімұнайгаз» АҚ негізгі өндірістік қызметі мұнай өндіру, кен орындарында көмірсутек шикізатын жинау және тауарлы өнімге дейін дайындау болып табылады. «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік қызметі міндетті түрде атмосфераға тікелей парниктік әсері бар шығарындылармен: көміртек диоксидімен ( $\text{CO}_2$ ), метанмен ( $\text{CH}_4$ ) және азот шала тотығымен ( $\text{N}_2\text{O}$ ) байланысты.

Өндірістік үдеріс шегінде ластағыш заттар шығарындыларының негізгі көздері мұнайды қыздыру пештері, қазандықтар, факелдік қондырғылар, дизель электр станциялары, жылжымалы пісіру агрегаттары болып табылады.

Компания атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын, соның ішінде сынамаларды алуды үнемі бақылайды.

Парниктің газдар шығарындыларына (шығарындыларды есептеуге арналған параметрлерге) мониторинг жүргізу мақсатымен кәсіпорында қызмет қарқындылығының өзгерістері туралы ақпарат, қондыру (үдеріс) параметрлері жинақталады және шығарындылар көлемінің көбеюіне жол бермеу бойынша қажетті шараларды уақтылы қабылдау және оларды азайту шараларын орындау үшін парниктік газдар шығарындыларының тиісті деңгейіне бақылау жүргізіледі.

Ілеспе мұнай газды кәдеге жарату және тауар газын дайындау бойынша бірқатар бағдарламаларды іске асыру соңғы 6-7 жылдың ішінде атмосфераға ластағыш заттарды шығару көлемін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берді.


2020 жылы атмосфераға шығарылған ластағыш заттардың көлемі рұқсат етілген шамасы 5,8 мың тонна бола тұра, 3,3 мың тоннаны құрады. Есепті жылы ластағыш заттардың 35% газды жандыру кезінде факелдерде түзілген, тағы 43% ұйымдастырылмаған көздерден шыққан.

2020 жылдың ішінде ластағыш заттардың үлестік жалпы шығарындысы бір мың тонна шығарылған КСШ шаққанда 1,26 тонна ЛЗ құрайды. ЛЗ көлемі 2019 жылғы 3 394 тоннадан 2020 жылғы 3 273 тоннаға дейін азайды. Ағымдағы кезеңнің ішінде былтырғы жылдың дәл осы кезеңімен салыстырғанда шығарындылардың азаюы қышқыл және табиғи газдарды күкірттен тазалауға арналған LO-CAT жүйесінің іске қосылуына, сондай-ақ газды тұтынушыларға жеткізу көлемінің жоғарылауымен байланысты болды.


Атмосфераға шығарылатын ластағыш заттардың жол берілетін және нақты көлемдері, тонна

КӨРСЕТКІШ	2018	2019	2020
ЛЗ эмиссияларына рұқсат бойынша	5 295	5 051	5 780
Нақты, соның ішінде:	6 553	3 394	3 273
Азот оксиді	214	198	184
Күкірт диоксиді	3 800	494	634
Көміртек оксиді	816	848	620
Газ тәрізді және сұйық ұшпа органикалық қосылыстар	1 526	1 613	1 620
Күкіртсутек	12	2	2
Қатты түйіршіктер	29	53	67
Басқа	156	188	146

2020 жылдың ішіндегі дереккөздер бойынша  
ЛЗ шығарындыларының құрылымы



Атмосфераға ластағыш заттардың  
үлестік шығарындылары



Парниктік газдар шығарындыларының көлемі,  
CO<sup>2</sup>-баламасындағы тонна

КӨРСЕТКІШ	2018	2019	2020
CO <sup>2</sup> -баламасындағы ПГ жалпы шығарындылары	290 697,4	302 915,04	239 607,65

## Ілеспе газды кәдеге жарату

Жалпы алғанда, 2020 жылы 216 млн м<sup>3</sup> ілеспе газ кәдеге жаратылды. Бұл ретте осы көлемнің 11%-ы факелдерде жандырылды. 55%-ы шеттегі ұйымдарға тауар газы түрінде жеткізілді. 32%-ын Компанияның өзі тұтынды.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның мақсаты кен орындары факелдерінде ілеспе мұнай газдың жануын азайту және кейіннен 100% болдырмау болып табылатын ілеспе мұнай газды кәдеге жарату бойынша бірқатар бағдарламалар іске асырылды.


Бағдарламаларды іске асыру көптеген экологиялық проблемаларды шешуге мүмкіндік береді: атмосфераға шығарындыларды азайту, газ тәрізді шығарындылардың парниктік әсерге үлесін азайту, ілеспе газды нормадан тыс жандыру үшін айыппұлдарды салдырмаудың арқасында экологиялық тәуекелдерді азайту.

2017 жылдың маусымында Компания ірі жобаны – қуаттылығы жылына 150 млн м<sup>3</sup> құрайтын Прорва кен орындары тобының газын кешенді қайта өңдеу қондырғысын іске қосты. Ілеспе мұнай газды дайындаудың технологиялық сызбасы газды күкіртсутектен аминдік тазарту, төмен температуралы конденсация және түйіршіктелген күкірт алуды орнату сияқты технологиялық үдерістерге негізделеді. Бұл жобаның бірегейлігі, Қазақстанда алғаш рет зиянсыз элементар күкірт шығару үшін LO-CAT патенттелген технологиясының қолданылатындығында. Бұл технология экологиялық зиянсыз, құрамында уытты химикаттары жоқ, зиянды жанама қалдықтарды шығармайды және күкіртсутекті алып тастаудың жоғары тиімділігін қамтамасыз етеді.

Одан бұрын ілеспе мұнай газды дайындау қондырғылары Компанияның – Атырау облысының Исатай және Мақат аудандарындағы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ (С. Балғымбаев кен орны) және «Доссормұнайгаз» МГӨБ (Шығыс Мақат кен орны) өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде іске қосылған болатын. Экологияға кері әсерін барынша азайтумен қатар аталған қондырғылар облыстың үш ауданының тұрғындарын жеңілдігі бар бағамен табиғи газбен қамтамасыз етіп отыр.




Ілеспе мұнай газды кәдеге жаратудың проценттік қатынастағы деңгейі (%)



2020 жылы С. Балғымбаев ІГД өнімділік қуатын «Аэрогаз» ЖШҚ технологиясы бойынша арттыру аясында жұмыстар жүргізілді. Эжекция және сепарация блогын орнату бойынша барлық жұмыстар аяқталған соң резервтік компрессорды қосу арқылы тауар газы жылына 40 млн м³/жыл дейін арттыру күтілуде. Газ тұтынуды өз қажеттіліктеріне бөлу аяқталған соң бүкіл газ көлемі «ҚазТрансГаз» АҚ-на Исатай ауданы тұрғындарының қажеттіліктеріне өткізіледі. Қазіргі сәтте халықтың қысқы мезгілде тауар газы тұтынуын ескере отырып, Аққыстау ауылының тауар газына қажеттілігі тек 30% өтеліп отыр. Қосымша тауар газы Тұщықұдық, Х. Ерғалиев, Тұманды, Исатай, Зинеден ауылдарына беріледі.

Жандырылған ілеспе газ көлемдері, млн м³



ІГД өнімділігін арттыру бойынша жобасын іске асырудың екінші кезеңінде ІМГ тасымалдау және одан кейін 60 млн м³/жыл көлеміндегі тауар газын дайындау үшін С. Балғымбаев ІГД-да қосымша компрессорларды (2 бірл.) орната отырып, ЮВН к/о бастап ЮЗК к/о дейін газ құбырын салу жоспарланып отыр.

## Қалдықтарды кәдеге жарату

Компанияда өндіріс және тұтыну қалдықтарының пайда болу көздерін түгендеу жүргізіледі, әрбір қалдық түрі үшін төлқұжаттар жасалады, қалдықтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар әзірленеді.

Одан басқа, Компания тарихи ластанған аумақтарды тазалауға және мазутталған топырақты, мұнай шламын қайта өңдеуге бағытталған жобаларды іске асыруға қаражат бөледі. 2020 жылы ластанған жерлердің жыл басындағы ауданы 78 га құрады. Есепті жылдың ішінде пандемия себебінен тазарту жүргізілген жоқ, себебі Атырау облысының аумағында қатаң карантин енгізілді. Соған байланысты осы жұмыс кейінге қалдырылды және оны 2021 жылы қайта бастау жоспарланып отыр. 2022 жылға қарай тау-кен телімі шегіндегі мұнай өнімдерімен тарихи мазутталған жерді тазалауды толық аяқтау жоспарланды.

Мұнай операцияларын жүргізу кезінде Компания апатты төгілуді алдын алу, ауыздықтау және жою бойынша іс-шараларды орындайды. Өндірістік объектілер учаскелерінде апаттарды жою жоспарлары орналастырылады. 2020 жылдың қорытындылары бойынша мұнай эмульсиясының төгілуінің 2 жағдайы тіркелді. Төгілген мұнай эмульсиясының көлемі 10 м³ құрайды. Құбыржолдардың жалпы ұзындығы – 5 км. Апатты төгілген жерлерде жою жұмыстары жүргізілді. Ластанған жерлер толық тазартылды және бастапқы күйге келтірілді.

Қосалқы өндіріс қалдықтарын (пайдаланылған шамдар, майлар, шүберектер және т. б.) және қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату мамандандырылған кәсіпорындарға тапсыру арқылы жүзеге асырылады.

Кәдеге жаратылған және зиянсыздандырылған қалдықтар (оған қоса шеттегі ұйымдардың кәдеге жаратқан және зиянсыздандырған қалдықтары) сомасының айналыстағы қалдықтар мөлшеріне қатынасы 2019 жылы 0,18 т/т тең болды. 2020 жылы бұл көрсеткіш дәл сол деңгейде қалды.

2020 жылы Компания объектілерінде 6,5 мың тонна қалдық түзілді, соның ішінде 3,8 мың тонна қауіпті қалдық, 2,8 мың тонна коммуналдық қалдықтар. Атап айтқанда, ұңғымаларды жерасты жөндеу процестерінен, ұңғымаларды күрделі жөндеуден, резервуарларды тазалаудан, және ұңғымалардың саға маңы аймақтарын тазалаудан кері жуу қалдықтары және мұнай шламы пайда болады. 2020 жылы өңірдегі карантиннің себептерінен резервуарлар барлық объектілерде жүргізілген жоқ, сондықтан қалдықтардың түзілу деңгейі төмендеді.

## ҚАЛДЫҚТАРДАН ТАЗАРТУ ӘДІСТЕРІ


## ҚАУІПТІ ТҮЗІЛГЕН ҚАЛДЫҚТАР, ТОННА

2020 жылдың басында кәсіпорында болуы	12,276
Есепті жылдың ішінде түзілді	3,766
Кәсіпорын қалдықтарын орналастыру объектілерінде орналастырылды және көмілді	3,681
Мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға берілді	85
2020 жылдың соңында кәсіпорында болуы	15,957

## «Ембімұнайгаз» АҚ мазутталған жерлерді тазалау жоспары


КӨРСЕТКІШ	2018 (НАҚТЫ)	2019 (НАҚТЫ)	2020 (НАҚТЫ)	2021 (ЖОСПАР)	2022 (ЖОСПАР)
тонна	99,477	124,742	–	280,588	90,532
га	24	35	–	62	16

## Объектілерде түзілген қалдықтардың көлемі, тонналар



■ Қауіпті ■ Қауіпті емес

## Жалпы су тұтыну, мың м³



Компанияның басқару аппаратында «Жасыл кеңсе» жобасы іске қосылды. Бұл жобаның мәні кеңсе ресурстарына, атап айтқанда, қолданылған қағазды ұқыпты қарау және оларды үнемдеу, сондай-ақ Компания қызметкерлерінің макулатураны бөлек жинау мәдениетін дамыту болып табылады. Кейіннен бұл жоба «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде іске қосылатын болады.

## Су ресурстарын қорғау

2020 жылы су ресурстарын қорғауды дамыту аясындағы бірқатар жобалар коронавирустық инфекция пандемиясының және қызмет жүргізу өңіріндегі карантиндік шаралардың себебінен 2021 жылға ауыстырылды. Алайда күнделікті операциялық қызметтің аясында ЕМГ су ресурстарын ұқыпты және ұтымды басқаруға ұмтылады.

2020 жылдың ішінде ЕМГ су тұтыну көлемі 412,8 мың м³ құрады. Соның ішінде 294 мың м³ техникалық қажеттіліктерге және 58,7 мың м³ тұрмыстық қажеттіліктерге жұмсалды.

2020 жылы тасталған су көлемі 28,2 мың м³ құрады. Компания ластанған суларды табиғи жерүсті су алаптарына төкпейді.

2018 жылы «Су ресурстарын оңтайлы пайдалану» стратегиялық жобасы әзірленді. Бұл жобаны әзірлеудің мақсаты «Ембімұнайгаз» АҚ-да су ресурстарын кешенді жоспарлауға басқаруға, оңтайлы пайдалануға, сондай-ақ қоршаған ортаға кері әсерді азайтуға мүмкіндік беретін су ресурстарын тиімді пайдалану жүйесін құру болып табылады.



Біз адам өмірі мен денсаулығы үшін және біздің өндірістік қызметіміз үшін судың аса зор құндылығын түсінеміз және елдің су ресурстарына ұқыпты және ұтымды қараудың маңыздылығын сөзсіз қабылдаймыз.



Біз Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауға ғана емес, сондай-ақ, халықаралық стандарттар мен үздік тәжірибелерге сай болуға, сондай-ақ өңіріндегі барлық мүдделі тараптардың пікірін ескеруге ұмтыламыз.



Біз басқару шешімдерін қабылдау және операцияларды басқару кезінде тұщы суды сақтау және оны пайдалану тиімділігі мәселелерін ескереміз.



Біз судың тікелей немесе делдалдар арқылы сатып алынғанына қарамастан, судың бастапқы көздерінің жағдайын түсінеміз және бағалаймыз.



Біз өндірістік мақсаттар үшін сапалы ауыз суды пайдаланбаймыз.



Біз суды жинау мен тартуды 100 % аспаптық есепке алуға ұмтыламыз.



Біз суды мүмкіндігінше қайта пайдалану және суды тазарту сапасын жақсарту үшін су айналым жүйелері мен үнемдеу технологияларын енгізу есебінен таза су алуды барынша қысқартуға және көлемдерін төмендетуге ұмтыламыз.



Біз су ресурстарын басқару жүйесін үздіксіз жетілдіру үшін озық тәжірибені зерделеу мақсатында халықаралық бастамаларды қолдап және салалық қауымдастықтарға қатыса отырып, әлеуетті арттырамыз.

## Биоалуандық

«Embi Muna Gas» АҚ келісімшарттық аумағы шөл аймақта орналасқан және бұрғылау топырақтарының ішкі аймағының Каспий маңы провинциясы шекарасына кіреді. Шөл аймақтың топырақ түзу жағдайлары күрт континенталдық климатпен, аптап құрғақ жаз мезгілімен және суық қыс мезгілімен, жаз мезгілінде күндіз жоғары және түнде төмен температуралармен, құрғақшылықпен, атмосфералық жауын-шашындардың аз болуымен, қарқынды буланумен және жаз мезгілінде күн жарығының мол болуымен сипатталады.

Өндірістік қызмет барысында қоршаған ортаны қорғау және биоалуантүрлілікке әсерді азайту үнемі «Embi Muna Gas» АҚ назарында тұрады. Қоршаған табиғи орта компоненттеріне әсерді бағалау жүргізіледі және соған сәйкес болуы мүмкін әсерді мейлінше азайтатын табиғатты қорғау шаралары жоспары әзірленеді.

Жануарлар әлеміне кері антропогендік әсерді мейлінше азайту бойынша негізгі іс-шараларға мыналар жатады:

- персоналға жануарларға аңшылыққа шығуға, бауырымен жорғалаушыларды мақсатсыз жоюға жол берілмейтіндігі туралы нұсқау беру;
- технологияны қатаң сақтау;
- жабайы аңдарды тамақтандыруға және шақыруға тыйым салу;
- браконьерлікке және кез келген аңшылық түрлеріне тыйым салу;
- деградацияланған жерлерді қалпына келтіру бойынша жұмыстар.

Компания сондай-ақ өндірістік объектілер орналасқан аймақта қоршаған ортаның күйіне атмосфералық ауаның, жерасты (топырақ) және ағын сулардың күйін бақылаудан, топырақтарды, өсімдіктер және жануарлар әлемін мониторингтеуден құралатын жүйелі негізде экологиялық мониторинг жүргізеді. Бұл жұмысты қаржыландыру сомасы 2020 жылы 58,18 млн теңгені құрады.



## Энергиялық тиімділік

Компания басшылығы энергия менеджменті саласындағы саясатты анықтады және бекітті, тиісті мақсаттарын белгіледі, энергетикалық нәтижелілікті арттыру бойынша іс-шараларды әзірледі. «Ембімұнайгаз» АҚ ISO 50 001 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленген энергоменеджмент жүйесі қолданылады.

2019 жылы ISO 50 001:2011 халықаралық стандарты бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ қайта сертифицикатталды және 2019–2021 жылдарға энергоменеджмент бойынша сертификат алынды.

2019 жылы отын-энергетикалық ресурстарды пайдаланудың нақты жай-күйін бағалау, шығындардың пайда болуының негізгі себептерін анықтау, сондай-ақ энергия үнем-

деудің анықталған шығыстарын азайтуға бағытталған ұсынымдарды әзірлеу үшін Компанияның қолданыстағы объектілерін кешенді энергетикалық тексеруден құралған «Ембімұнайгаз» АҚ кезенді энергоаудит жүргізілді.


«Электр энергетикасын және энергия үнемдеуді дамыту институты» АҚ жүргізілген энергоаудиттің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі туралы оң қорытынды берді. Алынған ақпаратты ескере отырып, «Ембімұнайгаз» АҚ Компаниядағы энергиялық тиімділікті әрі қарай арттыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу үстінде.

2020 жылы мұнай өндірудің энергиялық сыйымдылығы 1,33 ГДж/т.м.б., энергиялық тиімділіктің негізгі көрсеткіші – 0,043 т.ш.о./т.м.б. құрады.

### Энергия ресурстарын тұтыну

ЭНЕРГИЯ ТҮРІ	ӨЛШ. БІРЛ.	ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ, ФИЗ. БІРЛ.			ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ, ТОННА ШАРТТЫ ОТЫН (Т.Ш.О.)			ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ, ГДЖ		
		2018	2019	2020	2018	2019	2020	2018	2019	2020
Отын газы	мың текше м	3,416	2,865	2,891	3,996	3,352	3,382	133,280	111,779	112,794
Шикі мұнай	тонна	10,659	5,751	7,806	15,242	8,224	7,806	454,282	245,103	232,645
Электр энергиясы (сатып алу)	МВт/сағ	154	159	158	18,953	19,525	19,421	554,710	571,470	568,407
Мотор отыны	т.ш.о.	5,359	4,817	3,745	7,792	6,997	5,434	228,539	205,191	159,304
ІМГ және тауар газын тұтыну көлемі (ГКДҚ)	мың текше м	99,042	92,580	69,669	113,899	106,467	80,119	3,864,630	3,612,455	2,718,466
<b>Жиыны</b>					<b>159,882</b>	<b>144,564</b>	<b>116,161</b>	<b>5,235,441</b>	<b>4,745,998</b>	<b>3,791,616</b>

### Энергия сыйымдылығы динамикасы



## Инновациялар

Компания ғылыми-зерттеу, зерттеу және қоршаған ортаны қорғау саласында басқа әзірлемелерді жүргізеді. Зиянды өнеркәсіптік заттарды және автокөлік тасталымдарын кәдеге жарату және залалсыздандыру әдістерін зерттеу өткізіледі, ластаушы заттарға мониторинг жүргізу және бақылау жүйелерін автоматтандырылған өндірісті әзірлеу жүргізіледі, бұл Компанияның өндірістік нысандарының үлкен ұзақтығы күшінде айрықша өзекті, өндіріс қалдықтарын орналастыруды реттеу және нормаландыру және басқа шаралар өткізіледі.

Компания сонымен қатар кәсіпорын қызметкерлері мен өңір халқы арасында экологиялық ағарту бойынша жұмыстарды жүргізеді және ҚОҚ саласында мамандар біліктілігін арттыруда жұмыс істейді.

# ҚОСЫМША.

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

## «EmbiMunayGas» акционерлік қоғамы

### Қаржылық есептілік

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін, тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен бірге

#### МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

Қаржылық есептілік

Жиынтық кіріс туралы есеп 84

Қаржылық жағдай туралы есеп 85

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп 87

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп 89

Қаржылық есептілікке ескертпелер 90-120



«Эрнст энд Янг» ЖШС  
Әл-Фараби д-пы, 77/7  
«Есентай Тауэр» ғимараты  
Алматы қ., 050060  
Қазақстан Республикасы  
Тел.: +7 727 258 59 60  
Факс: +7 727 258 59 61  
www.ey.com/kz

ООО «Эрнст энд Янг»  
пр. Аль-Фараби, д. 77/7  
здание «Есентай Тауэр»  
г. Алматы, 050060  
Республика Казахстан  
Тел.: +7 727 258 59 60  
Факс: +7 727 258 59 61  
www.ey.com/kz

Ernst & Young LLP  
Al-Farabi ave., 77/7  
Esentai Tower  
Almaty, 050060  
Republic of Kazakhstan  
Tel.: +7 727 258 59 60  
Fax: +7 727 258 59 61  
www.ey.com/kz

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Басшылығына және Директорлар кеңесіне

### Пікір

Біз «Ембімұнайгаз» АҚ-ның (бұдан әрі «Компания») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған жеке қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

### Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бұхгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) сәйкес Компанияға қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.





### **Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің жекелеген қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі**

Басшылық жекелеген қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ жекелеген қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Компанияны таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Компанияның қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

### **Аудитордың жекелеген қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы жекелеген қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;



- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде жекелеген қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- жекелеген қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ жекелеген қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз Қадағалау кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Адилъ Сыздықов  
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23  
желтоқсандағы № МФ-0000172 біліктілік  
күәлігі

050060, Қазақстан, Алматы қ.  
Әл-Фараби даңғылы, 77/7

2021 жылғы 26 ақпан



Рустамжан Саттаров  
Бас директоры  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің

Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде  
берген сериясы МФЮ-2 № 0000003  
болатын Қазақстан Республикасының  
аумағында аудиторлық қызметпен  
айналысуға арналған мемлекеттік  
лицензия

## ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен

	ЕСКЕРТ.	31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН	
		2020 ЖЫЛҒЫ	2019 ЖЫЛ
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	4	<b>244.707.325</b>	450.944.713
Сатудың өзіндік құны	5	<b>(123.982.115)</b>	(150.630.785)
<b>Жалпы пайда</b>		<b>120.725.210</b>	300.313.928
Өткізу шығыстары	6	<b>(71.479.811)</b>	(154.561.625)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	7	<b>(8.467.540)</b>	14.412.821
Геологиялық барлау шығыстары және құрғақ ұңғымаларды есептен шығару		<b>(1.158.120)</b>	(23.245.088)
Өтелуге жататын ҚҚС-тың құнсыздануы		-	(2.943.871)
<b>Операциялық пайда</b>		<b>39.619.739</b>	133.976.165
Қаржылық кіріс		<b>1.427.806</b>	1.453.496
Қаржылық шығындар		<b>(3.656.569)</b>	(3.471.137)
Бағамдық айырма, нетто		<b>8.915.368</b>	(1.101.952)
Негізгі құралдар мен барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы	9, 10	<b>(60.659.149)</b>	-
Басқа да кірістер		<b>745.089</b>	1.624.024
Басқа да шығыстар		<b>(1.031.260)</b>	(734.859)
<b>Салық салынғанға дейінгі (залал)/пайда</b>		<b>(14.638.976)</b>	131.745.737
Табыс салығы бойынша шығыстар	8	<b>(3.003.463)</b>	(30.344.706)
<b>Бір жылғы (залал)/пайда</b>		<b>(17.642.439)</b>	101.401.031
<b>Басқа да жиынтық зиян</b>			
<i>Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын басқа да жиынтық зиян сомалары (салықтарды шегере отырып)</i>			
Белгіленген төлемдері бар зейнетақы бағдарламалары бойынша қайта бағалаудан болған зиян	16	<b>(785.666)</b>	(2.254.491)
<b>Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта сыныптауға жататын басқа да жиынтық зиян</b>		<b>(785.666)</b>	(2.254.491)
<b>Салықтар шегерілген жылғы жиынтық (залалдың)/кірістің жиыны</b>		<b>(18.428.105)</b>	99.146.540

Қаржы директоры – қаржы бақылаушысы

Н.Ә.Тәжімағамбетова

Бас бухгалтер

Н.Ж. Махамбетов

90-120 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен			
31 ЖЕЛТОҚСАНҒА			
	ЕСКЕРТ.	2020 ЖЫЛ	2019 ЖЫЛ
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	9	173.685.026	204.238.506
Барлау және бағалау бойынша активтер	10	1.031.379	16.387.613
Материалдық емес активтер		2.106.305	2.348.126
Басқа да қаржы активтері	11	42.765.614	38.554.106
Мерзімі ұзартылған салық бойынша актив	8	18.446.303	16.866.489
Өтелуге жататын ҚҚС	12	2.577.409	11.033.076
Айналымнан тыс активтер үшін төленген аванстар		787.446	2.895.249
Айналымнан тыс активтер жиыны		241.399.482	292.323.165
Айналымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар	13	8.661.258	9.374.880
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		5.957.762	1.646.447
Салықтар бойынша алдын ала төлем және өтелуге ҚҚС	12	14.135.807	22.856.112
Төленген аванстар және болашақ кезеңдердің шығыстары		3.281.500	2.383.693
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	11	23.597.861	42.413.883
Ақша қаражаты мен оның баламалары	11	57.561.949	39.188.958
Айналымдағы активтер жиыны		113.196.137	117.863.973
Активтердің жиыны		354.595.619	410.187.138
Капитал			
Жарғылық капитал	14	162.399.820	162.399.820
Басқа резервтер		(4.798.207)	(4.012.541)
Бөлінбеген пайда		121.147.507	138.789.946
Капитал жиыны		278.749.120	297.177.225
Міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Тарихи міндеттемелер	15	6.918.873	6.127.850
Резервтер	16	37.700.451	31.702.151
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер		651.580	–
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		45.270.904	37.830.001

90-120 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен

	ЕСКЕРТ.	31 ЖЕЛТОҚСАНҒА	
		2020 ЖЫЛ	2019 ЖЫЛ
Ағымдағы міндеттемелер			
Тарихи міндеттемелер	15	637.379	887.581
Резервтер	16	9.732.099	13.788.193
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және төленуге жататын ренталық салық		3.185.920	26.053.400
Үстеме пайдаға салынатын табыс салығы бойынша міндеттемелер		–	7.499.604
Сауда және басқа да кредиторлық берешек		17.020.197	26.951.134
Ағымдағы міндеттемелер жиыны		30.575.595	75.179.912
Міндеттемелер жиыны		75.846.499	113.009.913
Міндеттемелер мен капитал жиыны		354.595.619	410.187.138

Қаржы директоры – қаржы бақылаушысы

Н.Ә.Тәжімағамбетова

Бас бухгалтер

Н.Ж. Махамбетов

90-120 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен			
31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН			
ЕСКЕРТ.	2020 ЖЫЛҒЫ	2020 ЖЫЛҒЫ	
<b>Операциялық қызмет</b>			
Салық салынғанға дейінгі (залал)/пайда	(14.638.976)	131.745.737	
<b>Салық салынғанға дейінгі пайданы таза ақша ағындарымен салыстыруға арналған түзетулер</b>			
Амортизация және құнсыздану	9, 10	82.556.652	27.245.663
Негізгі құралдардың және барлау активтерінің шығуынан болатын залал		612.983	984.628
Бағамдық айырмадан іске асырылмаған кіріс, нетто		(6.389.010)	(1.335.948)
Резервтердегі өзгеріс		(4.030.011)	(20.094.965)
КНЗ бойынша шығыстарды (қалпына келтіру) / есептеу		(50.380)	74.037
Қаржылық шығындар		3.656.569	3.471.137
Қаржылық кіріс		(1.427.806)	(1.453.496)
Басқа да ақшалай емес шығыстар/(кірістер), нетто		439.777	(2.211.221)
		60.729.798	138.425.572
<b>Айналым капиталына түзетулер</b>			
Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс		713.622	1.569.233
Салықтар бойынша алдын ала төлемдегі және өтелуге ҚҚС-тегі өзгеріс		17.175.973	(17.989.843)
Төленген аванстар мен келешек кезеңдердің шығыстарындағы өзгеріс		(897.807)	382.600
Сауда-дебиторлық берешектегі өзгеріс		18.866.402	(11.649.067)
Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі өзгерістер		(5.508.694)	(1.954.531)
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың және төленуге жататын ренталық салықтың өзгеруі		(22.867.480)	2.766.320
		68.211.814	111.550.284
Алынған сыйақы		1.427.806	1.453.308
Төленген табыс салығы		(16.394.196)	(26.855.034)
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағымдары</b>		53.245.424	86.148.558
<b>Инвестициялық қызмет</b>			
Негізгі құралдарды сатып алу		(36.387.594)	(39.784.005)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(243.856)	(468.548)
Мерзімді депозиттерді орналастыру		(430.261)	(953.191)

90-120 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(жалғасы)

Мың теңгемен

	ЕСКЕРТ.	31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН	
		2020 ЖЫЛҒЫ	2020 ЖЫЛҒЫ
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(37.061.711)	(41.205.744)
<b>Қаржылық қызмет</b>			
Бас компанияға төленген дивидендтер	14	-	(117.401.771)
Тарихи міндеттемелерді төлеу		(782.536)	(1.279.059)
<b>Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары</b>		<b>(782.536)</b>	<b>(118.680.830)</b>
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі</b>		<b>15.401.177</b>	<b>(73.738.016)</b>
1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары		<b>39.188.958</b>	111.445.891
Бағамдық айырма, нетто		<b>2.971.814</b>	1.481.083
<b>31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	11	<b>57.561.949</b>	39.188.958

Қаржы директоры – қаржы бақылаушысы

Н.Ә.Тәжімағамбетова

Бас бухгалтер

Н.Ж. Махамбетов

90-120 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

	ЕСКЕРТ.	АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ	БӨЛІНБЕГЕН ПАЙДА	Мың теңгемен ИТОГО
<b>2019 жылғы 1 қаңтарға</b>		162.399.820	153.032.636	315.432.456
Бір жылғы пайда		-	101.401.031	101.401.031
Басқа да жиынтық залал	16	-	(2.254.491)	(2.254.491)
<b>Жиынтық кіріс жиыны</b>		-	99.146.540	99.146.540
Дивидендтер		-	(117.401.771)	(117.401.771)
<b>2019 жылғы 31 желтоқсанға</b>		162.399.820	134.777.405	297.177.225
Бір жылғы залал		-	(17.642.439)	(17.642.439)
Басқа да жиынтық залал	16	-	(785.666)	(785.666)
<b>Жиынтық залал жиыны</b>		-	(18.428.105)	(18.428.105)
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға</b>		<b>162.399.820</b>	<b>116.349.300</b>	<b>278.749.120</b>

Қаржы директоры – қаржы бақылаушысы

Н.Ә.Тәжімағамбетова

Бас бухгалтер

Н.Ж. Махамбетов

90-120 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

## 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

«EmbiMunayGas» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасында 2012 жылғы 27 ақпанда «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҚМГ БӨ» немесе «Бас компания») Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы шешімімен құрылды.

Компания көмірсутекті шикізатты барлаумен, әзірлеумен, өндірумен, қайта өңдеумен және экспортымен айналысады. Компанияның мұнай-газ қызметі Батыс Қазақстанның Атырау облысында орналасқан мұнай-газ активтерінде жүзеге асырылады. Компания мұнай кен-орындарын әзірлеуді жер қойнауын пайдалану жөніндегі келесі келісімшарттар бойынша жүзеге асырады: № 37 келісімшарты (Кенбай кен орны), № 61 келісімшарты (Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орны), № 211 келісімшарты (23 кен орны), № 413 келісімшарты (15 кен орны), № 327 келісімшарты (Тайсоған блогы бойынша кен орны), № 992 келісімшарты (Батыс Новобогат кен орны), № 406 келісімшарты (Лиман кен орны), № 3577 келісімшарты (Каратон-Саркамыс кен орны). 2015 жылғы 25 ақпанда «EmbiMunayGas» АҚ мен Энергетика министрлігі арасында келесі келісімшарттарды ұзарту үшін қосымша келісімдерге қол қойылды: 2041 жылға дейін № 37 келісімшарт, 2048 жылға дейін № 61 келісімшарт, 2037 жылға дейін № 211 келісімшарт, 2043 жылға дейін № 413 келісімшарт.

ҚМГ БӨ Компанияның жалғыз акционері болып табылады. ҚМГ БӨ-нің негізгі акционері Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібінде мемлекеттік мүдделерді білдіретін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚМГ ҰК») болып табылады. ҚМГ ҰК 90%-ға «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-Ауқат Қоры» АҚ-ға (бұдан әрі мәтін бойынша – «Самұрық-Қазына») тиесілі, әрі ол өз кезегінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі мәтін бойынша – «Үкімет») толығымен тиесілі.

Компанияның 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілігін шығару үшін 2021 жылғы 26 ақпанда Қаржы директоры – қаржы бақылаушысы мен Бас бухгалтер бекітті.

## 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есеп саясатының негізгі ережелері төменде келтірілген. Бұл есеп саясаты, егер өзгесі көрсетілмесе, көрсетілген кезеңдердің барлығы үшін бірізді етіп қолданылды.

### Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді. Қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы қаржылық есептіліктің ескертпелерінде сипатталғанды қоспағанда, бастапқы құн бойынша есепке алу қағидатына сүйене отырып әзірленді. Осы қаржылық есептілік теңгемен берілген және егер өзгесі көрсетілмесе, барлық мәндері мыңға дейін дөңгелектенген.

Қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау елеулі есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікір қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану қаржылық есептілік үшін елеулі болып табылатын салалар 3-ескертпеде ашылған.

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы қаржылық есептілікті жасау кезінде қабылданған есеп саясаты, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген, жаңадан қабылданған стандарттардың жаңа редакцияларын қоспағанда, алдыңғы есепті жылы қолданылған есеп саясатына сәйкес келеді. Компания шығарылған, бірақ күшіне енген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.



2020 жылы Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеген стандарттарға бірқатар түзетулер алғаш рет қолданылды:

- «Бизнесті айқындау» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер;
- 7 ХҚЕС-ке (IFRS), 9 ХҚЕС-ке (IFRS) және 39 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – «Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау»;
- «Маңыздылықты айқындау» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер;
- 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «COVID-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша иеліктен шығару».

### Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Компанияның қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр:

- «Сақтандыру шарттары» 17 ХҚЕС (IFRS);
- «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу» 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер;
- «Концептуалдық негіздерге сілтемелер» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер;
- «Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдаланғанға дейінгі түсімдер» 16 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер;
- «Ауыртпалық түсіретін шарттар – шартты орындау шығындары» 37 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер;
- «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» 1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолданатын еншілес ұйым;
- «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – қаржылық міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған жағдайда «10% тестісін» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы;
- «Ауыл шаруашылығы» 41 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер – әділ құнды бағалау кезіндегі салық салу.

### Шетел валюталарын қайта есептеу

Қаржылық есептілік Компанияның функционалдық валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен («теңге») көрсетілген. Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операцияның жасалу күніне қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалдық валютаның бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы есепке қосылады.

### Валюталарды айырбастау бағамдары

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанына Қазақстандық теңгенің АҚШ долларына ресми бағамы тиісінше 420,91 және 381,18 теңгені құрады. Сомалардың теңгеге, АҚШ долларына немесе өзге де тұрақты валютаға кез келген қайта есептеулері теңгемен мұндай сомалар айырбасталды, келешекте көрсетілген айырбастау бағамдары бойынша немесе өзге де айырбастау бағамдары бойынша тұрақты валютаға айырбасталуы мүмкін немесе айырбасталады деген пайымдау ретінде талқыланауы тиіс.

### COVID-19 (коронавирус) пандемиясының ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай

COVID-19 (коронавирус) пандемиясының ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай

Коронавирус пандемиясының (COVID-19) таяу арадағы жылдам дамуына орай көптеген елдер, Қазақстан Республикасын қоса алғанда, карантин шараларын енгізді, бұл нарыққа қатысушылардың іскерлік белсенділігінің деңгейі мен ауқымына айтарлықтай әсерін тигізді. Пандемияның өзі, сол сияқты оның салдарын барынша азайту шаралары Компанияның 2020 жылғы қызметіне әсер етті.

«Төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы мен Қазақстан Республикасының бас санитарлық дәрігерінің қаулысын орындау шеңберінде Компания үзіліссіз өндіріс және қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында вахталық әдіспен жұмыс істейтін кен орын персоналын барынша ұзақ жұмыс кезеңіне аударды. Өндірістік процестік тартылмаған қызметкерлер жалақының 70% төлемімен қызметкер мен жұмыс берушіге байланысты емес себептермен демалысқа жіберілді. Қызметкерлердің мәжбүрлі демалысы үшін шығыстар 2020 жылы 3.733.043 мың теңге болды.

### Мұнай экспорттерлары-одағына қатысушы-елдердің (ОПЕК) келісімі

Мұнай экспорттаушылары одағына қатысушы елдердің (ОПЕК) 2020 жылғы 1 мамырдағы келісімінің шеңберінде Қазақстан Республикасы өндірілетін мұнай көлемін қысқарту міндеттемесін өзіне алды. Осыған орай, Компания 2020 жылы өндірілетін мұнай көлемін бұрын жоспарланған көлемнен 91 мың тоннаға азайтты.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе

## 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

### Шетел валюталарын қайта есептеу (жалғасы)

### Мұнай-газ кен орындарын барлау және әзірлеу шығыстары (жалғасы)

#### Барлауға арналған лицензияны сатып алу шығындары

Барлауға арналған лицензияларды сатып алу шығындары материалдық емес активтерге капиталданады және барлаудың болжамды мерзімінің ішінде тікжелілік әдіс бойынша амортизацияланады. Әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын растау мәніне қарастырылады. Егер объекті бойынша болашақта жұмыстар жоспарланбаған жағдайда, лицензияларды сатып алу шығындарының қалған сальдосы есептен шығарылады. Экономикалық негізделген пайдалы қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде амортизация тоқтатылады және қалған шығындар барлау шығындарымен бірігеді және қорлар басқа да материалдық емес активтердің құрамында расталғанға дейін кен орындар бөлігінде дәлелденген активтер ретінде танылады. Әзірлеу ішкі бекітілген және тиісті бақылаушы органдардан барлық лицензиялар мен рұқсаттар алынған сәтке дейін тиісті шығыстар негізгі құралдарға (мұнай-газ активтеріне) ауыстырылады.

#### Барлау шығындары

Геологиялық және геофизикалық шығыстар мұндай шығындар болған сәтте есептен шығарылады. Барлау ұңғымаларына тікелей жататын шығындар ұңғыманың бұрғылануы аяқталмайынша және мұндай бұрғылаудың нәтижелері бағаланбайынша барлау және бағалау активтерінің құрамында капиталданады. Мұндай шығындар жалақыны, материалдарды, жанармай мен электр энергиясын, бұрғылау станоктарының құны мен мердігерлерге төлемдерді қамтиды. Егер көмірсутектер табылмаса, барлау шығыстары кеуіп кеткен ұңғыма бойынша шығыстар ретінде есептен шығарылады. Егер коммерциялық әзірленуі жеткілікті болатын басқа да ұңғымаларды (барлау немесе құрылымдық-ізвестіру ұңғымалары) қосуы мүмкін бағалауға жататын көмірсутектер табылған жағдайда, мұндай шығыстар актив ретінде ескерілуін жалғастырады.

Осы сияқты барлық шығындар кемінде жылына бір рет әзірлеуді жалғастыру немесе табылғаннан пайда алудың қандай да бір тәсілі туралы ниетті растау үшін техникалық, коммерциялық және басқару тексеруіне жатады. Егер бұл бұдан былай орын алмаса, шығындар есептен шығарылады.

Мұнай мен газдың қорлары дәлелденгенде және әзірлеуді жалғастыруға шешім қабылданғанда, тиісті шығындар негізгі құралдардың (мұнай-газ активтері) құрамына аударылады.

#### Әзірлеу шығындары

